



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН БОЛЬШЕВИГІ

№ 3

МАРТ

1947

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ

Ауыл шаруашылығын соғыстан кейін өркендетудің жауынгерлік программасы


Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) Партиясы Орталық Комитетінің февраль пленумы біздің большевиктер партиясының және бүкіл совет халқының өміріндегі тарихи ірі уақиға болып отыр. БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қаулысы социалистік жер шаруашылығын өркендетудің, колхоз құрылысын нығайтудың, жеңіл өнеркәсіп үшін өте мол шикізат қорын жасаудың, мемлекеттік азық-түлік және шикізат резервін жасаудың, еліміздің барлық еңбекшілерінің әл-ауқат күйін көтерудің жауынгерлік күрес программасы болып табылады.

Бұл программаның орындалуы барлық партия ұйымдарынан, совет және жер орындарынан, колхозшылар мен колхозшы әйелдерден, МТС және совхоз жұмысшыларынан, ауыл шаруашылығында істеуші барлық мамандар мен қызметкерлерден зор күш салуды, қызу күрес жүргізуді талап етеді. Бейбітшілік құрылысы жылдарында большевиктер партиясы және совет мемлекеті Сталин жолдастың басшылығымен ауыл шаруашылығын артта қалған бытыраңқы ұсақ жеке шаруа түрінен, алдыңғы қатарлы, механикаланған және барып тұрған ірі коллективті шаруашылыққа айналдыруда күрделі жұмыстар істеді. Колхоз құрылысының жеңісі большевиктер партиясының деревнядағы зор салтанаты болып табылды. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісі еліміздің ауыл шаруашылығын капиталистік елдердің ешуақытта қолдары жетпейтін дәрежеге жетуге мүмкіндік берді.

Колхоз құрылысының жеңіп шығуы, бейбіт құрылысы жылдарындағы ауыл шаруашылығымыздың қаулап өркендеуінің негізгі қайнар бұлағы болды. Совет Одағының егіс көлемі 1940 жылы, революциядан бұрынғы кезбен салыстырғанда 30 миллион гектардан артық болып кеңейді. Егін, жыйнаудың жалпы өнімі 1940 жылы 7 миллиард пұттан асты, мақта өндіру 1913 жылға қарағанда үш жарым еседен асты, қант қызылшасы—екі есе, түбітті және қылышты жүн үш еседен артығырақ, күйбағар төрт жарым еседен артығырақ болып көбейді. Мал өсіру шаруашылығы колхоздар мен совхоздарда өркендей өсіп, оның өнімі есулі түрде молайды.

Колхоз құрылысының өрлеуінің негізінде колхозшылардың материалдық әл-ауқаты негізінен жақсартылды. Колхоздардың ақшалай табысы мен колхозшылардың еңбек күнінің бағасы жоғарылап өсті. Еңбек күнге заттай ақы төлеудің бірғана астық түрін алатын болсақ, басқа продуктыларды және ақшадай табысты қоспағанда еңбекке жарайтын колхозшының еңбеккүні 1936 жылғымен салыстырғанда бір жарым есе өсті, мындаған колхоздарымыз 1940 жылдың өзінде-ақ миллионерлер болып есептелді. Колхозшылар дәулеттене және мәдениеттене бастады.

Ауыл шаруашылығын коллективтендіру еліміздің ауыл шаруашылығында жаңа техниканы пайдалануға кең жол ашты. Сталиндік бес-



жылдықтар ішінде социалистік ауыл шаруашылығының өндірістік-техникалық қуатты базасы құрылды. 1940 жылы ССРОның ауыл шаруашылығында 530 мың трактор, 182 мың комбайн, 228 мың жүк автомашинасы және басқа көптеген ауыл шаруашылық машиналары мен құралдары жұмыс істеді. 1940 жылы колхоздардың көктем егісінің 75 проценті, пар жыртудың 80 проценті, зябь жыртудың 70 проценті машина-трактор станцияларының тракторларымен істелді. Дәнді егіс көлемінің жартысы комбайнмен орылды.

Колхоз құрылысы республикамыздың ауыл шаруашылығының өркендеуінің қайнар бұлағы болды. Тіпті осы жақын уақыттың ішінде — 1926 жылы қазақ халқының төрттен үші көшпенділік және жартылай көшпенділік тұрмыста еді. Қазір Қазақстанда 6.700 колхоз, 250 совхоз, 361 машина-трактор станциялары бар. Тіпті жуық арада 1920 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығында жер күту жұмысына 317 жер ағаш пен соха, 270 мың ағаш мала, 30 мыңдай темір мала пайдаланып келінді. Қазір Қазақстанның колхоздары мен совхоздарының жерінде 24 мыңнан астам трактор, 12 мың комбайн және басқа қыйын және оңай тетікті ауыл шаруашылық машиналары жұмыс істейді. Сталиндік бесжылдықтардың ішінде Қазақстан Совет Одағының шығысындағы қуатты егін шаруашылықты және мал шаруашылықты базасына айналып, астықты, мақтаны, қант қызылшасын, ет пен майды, жүнді, ауыл шаруашылығы продукциясының және басқа да көптеген түрлерін үдете беріп отыр.

Партия мен совет мемлекетінің басшылығы арқасында колхоздарымыз жылдан жылға өздерінің өндірістік және ұйымдастыру-шаруашылық қуатын нығайта түсіп, социализм сынының қандай ауырына болса да төтеп бере алатын зор күшке айналды. Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында колхоздарымыз бен совхоздарымыз мемлекет алдында, совет халқы алдында өзінің Советтік Армиясының алдында өз міндеттемелерін аброймен орындап шықты.

«Біздің колхоздарымыз бен совхоздарымыз соғыстың алдындағы дәуірде күш жыйнап қуаттанып алды да, олар соғыс уақытында өздерінің міндеттерін табыспен орындап шықты» — деді Андреев жолдас, БК(б)П Орталық Комитетінің пленумында.

Елімізге неміс басқыншыларының әкеп таққан соғысы социалистік ауыл шаруашылығымыздың өркендеу жолына кедергілік жасады. Ауыл шаруашылығының алдында үлкен қыйыншылықтар тұрды. Колхоздарымыздың, МТСар мен совхоздарымыздың кадрларының, тракторларының, ат және автомашиналарының көптеген бөлегі армия қатарына алынды. Өнеркәсіптеріміз өздерінің жұмыстарын майданның мұқтаждары қамтамасыз етуге бейімдеп қайта құрып, ауыл шаруашылығына арнап тракторлар шығаруды тоқтатты, ауыл шаруашылық машиналарын, запас бөлшектерді, тыңайтқыш заттар мен жанар майларды беруді недәуір қысқартты. Осының барлығы егіс көлемін қысқартуға, уақтылы жыртылып, өңделіп отыратын пар мен зяб жырту көлемін азайтуға, шөп егуді қысқартуға әкеліп соқтырды. Бұл, колхоздар мен совхоздарда егіс өнімділігін төмендетуге, мал басының кемуіне және оның өнімінің кемуіне себепші болды.

Бейбітшілік құрылысы дәуіріне өткеннен кейін ауыл шаруашылығының мәселесі партиямыздың алдында тұрған өте маңызы зор міндет болып отырғандығының себебі де осы. Партиямыз бен Совет мемлекеті соғыс зардабын тез жойып және еліміздің халық шаруашылығын тез өркендету үшін зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп отыр.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтың бірінші жылының жоспарын орындауда Қазақстанның колхоздары мен совхоздары да үлкен табыстарға ие болып отыр. Республикамыздың колхоздары мен совхоздары, отан

алдындағы міндеттерін астық пен азық-түлік болмайынша, завод пен фабрикаларды қалпына келтіріп қайта құруға болмайтындығын, ғылым мен техниканы ілгері бастыруға болмайтындығын, социалистік ірі индустрианы өркендетуге болмайтындығын түсіне отырып, өткен жылдың астық тапсыру жоспарын тыңғылықты орындап және мемлекетке 12 миллионға жуық пұт астықты артық тапсырды. Бұл— 1945 жылға қарағанда 20 миллион пұт артық. Республиканың Машина Трактор Станциялары трактор жұмысын және заттай ақы төлеудің жылдық жоспарын артығымен орындады. Дәнді егіс өнімі 1945 жылмен салыстырғанда бір жарым есе көбейді. Республиканың колхоздары мал өсіру жоспарын малдың барлық түрінен орындап шықты және 1945 жылмен салыстырғанда шаруашылықтың барлық дәрежесінде едәуір өскендік бар.

Дегенмен бұл, ауыл шаруашылығын қалпына келтірудегі үлкен жұмыстың бастамасы ғана болып саналады. БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы «Соғыстан кейінгі дәуір де ауыл шаруашылығын өркендетудің шаралары туралы» өзінің қаулысында маңызды мәселе етіп:

«Қысқа мерзім ішінде халқымыз үшін азық-түлік молшылығын, жеңіл өнеркәсіп үшін шикі зат молшылығын туғызуға және керекті мөлшерде азық-түлік пен шикі заттың мемлекеттік қорларын жасауға мүмкіндік беретіндей етіп, ауыл шаруашылығының өркендеуін камтамасыз ету міндетін» қойды.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы осы көрсетілген міндеттерге лайық партия, совет ұйымдарына, ССРО Ауыл шаруашылық Министрлігі мен Совхоздар Министрлігіне, олардың жергілікті орындарына үш жылдың ішінде — 1948 — 1949 жылдарда астық өндірудің жалпы өнімі жөнінен соғысқа дейінгі дәрежесіне жеткізуді, сөйтіп бесжылдықтың аяғында ол дәрежеден анағұрлым асып түсуді міндеттеді. Қазақстанның колхоздары мен совхоздары астық өндіруді осы жылдардың ішінде 1941 жылдың дәрежесіне жеткізуге тиісті. 1947 жылдың өзінде республиканың егіс көлемі 300 мың гектардан аса ұлғайтылмақ. Республикамыздың солтүстік-шығыс облыстарының алдына әсіресе жауапты міндет болып егіс көлемін көбейту дәнді егістің өнімін арттыру, бірінші кезекте жаздық бидайдың өнімін арттыру мәселесі қойылып отыр. Бұл облыстарға республикамыздың барлық дәнді егісінің 68 проценттейі, жаздық егістің 74 проценттейі аударылып отыр. Көлемі кең көптен жатып тыңайған мұндай құнарлы жерлер егіс көлемін едәуір дәрежеде көбейтуге және дәнді егістің, әсіресе егін шаруашылығының ең негізгі егіс түрі болып отырған жаздық бидай егісінің өнімін күшейте арттыруға мүмкіндік береді.

Егіс көлемін кеңейтіп, жаздық бидайдың өнімін арттырумен қатар Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Шығыс Қазақстан облысының тау бөктеріндегі аудандарының, Семей облысының Ұржар және Мәкәншы аудандарының, колхоздары мен совхоздарынан күздік егістің өнімділігін тезден арттыруға жетілулері керек болып отыр. Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының партия, совет ұйымдарының алдында тары егісінің өнімін арттыру міндеті тұр, ол үшін Шығанақ Берсиевтің және оның үлгілі ісін өрістетушілердің әдістерімен практикаларын пайдалану керек. Сол сияқты дән бұршақты егістердің де, жүгері мен күріштің де өнімділігі шындап арттырылуға тиіс.

Дәнді егістің өнімін арттырып, оның түсімін молайту мәселесін шешу ісі, егін шаруашылығын тезден мәдениеттендіріп және алдыңғы қатарлы агро-техникалық ғылымның табыстарын кеңінен пайдалануды талап етеді. Мұның үшін бесжылдықтың ішінде барлық колхоздар мен совхоздарда дұрыс ауыспалы егісті енгізу жұмысы аяқта-

лып, оған шөп өсімдігін егуді, шөп аралас бұршақты және дәнді көпжылдық өсімдіктерді егу қолданылуы хажет. Селекция және тұқым шаруашылығы жұмысын жақсартып, 1949 жылдан қалдырмай барлық облыстарда сортты және өнімді мол беретін күздік және жаздық дәнді егістердің жаппай аудандастырылған түріне көшу жұмысының аяқталуы хажет. Мұның үшін жерді дұрыс күту жүйесіне өту хажет, яғни қияқты плугпен жерді мәдениетті түрде жыртып шөп-шаламын сыпыра айдап, парды уақтылы жыртып және күтіп, жергілікті өзіндік тыңайтқыштарды толығына пайдаланып, колхоздарға және совхоздарға минералды тыңайтқыштарды кеңінен енгізіп, жазық далалы және тоғайлы-далаң аудандардағы колхоздарда тез өсетін ағаштардан бұталардан, бүлдірген шөптерден тақталап егу паналарын қалпына келтіріп және оларды көбейту керек.

Дәнді егіс шаруашылығын өркендету мен қатар мәдениетті және майлы егістерді — мақтаны, қант қызылшасын, күнбағарды тағы басқаларды өндіруді көбейту міндеті қойылып отыр. БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы Қазақстанда мақта шығаратын бірғана облыс — Оңтүстік Қазақстан облысы 1946 жылы мақтадан өте қанағаттанғысыз өнім берді деп көрсетті. Бул, мақта егу мерзіміндегі, жер күтудегі, және жер суарудағы агротехникалық шаралардың талаптарын бұрмалағандықтың, арық-атыздарды дұрыс пайдаланбағандықтың, механикаларды теріс пайдаланғандықтың, мақтаны дұрыстап жоталай суарудың орнына көлдете жая суарудың салдарынан болып отыр. Мақта егісінің көлемін 1950 жылға дейін 80 мың гектарға жеткізу, ал, колхоздардың егіс көлемін 1947 жылдың өзінде 2 мың гектарға көбейту мақта өндірудегі кемшіліктерді біржолата жойып, және оны 1947 жылы тез молайтуды қамтамасыз ету — Оңтүстік Қазақстан облысының партия және совет ұйымдарының алдындағы шұғыл міндеті болып отыр. Қазақстанда ірге жайып отырған мәдени егістердің ішіндегі салмақты егістің бірі қант қызылшасының өнімін арттыруда да үлкен жұмыстар істелуі керек болып отыр. Темекі мен махорканың өнімін арттыру, бау бақша мен жүзімдіктерді жақсартуға да, майлы егістің, картоп пен оwoщты көбейтуге де мықтап көңіл бөлінуі тиіс.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы мал басын өсіру жұмысына да үлкен міндеттер қойды. Ендігі міндет сыйырдың, қой мен ешкінің басын 1948 жылдың аяғына, шошқаның басын 1949 жылдың аяғына соғысқа дейінгі дәрежесіне жеткізіп қана қоймай және оны асыра түсіру, сөйтіп бесжылдықтың аяғына өнім малының барлық түрін соғысқа дейінгі дәрежесінен едәуір арттыра түсіру, колхоздардағы жылқы малының басын 1946 жылғымен салыстырғанда 58 процент өсіру, малдан етпен жүн алу, төл алу өнімін арттыру, сүт пен жүн шығарудың жалпы өнімі жөнінен 1948 жылы, еттен 1949 жылы соғысқа дейінгі дәрежеге жетіп, бесжылдықтың аяғына бұл дәрежеден едәуір арттыра түсіру болып отыр. Мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру мал азығының мықты базасын жасауға, аналық малдарды қысыр қалдырмауға, малды қолдан ұрықтандыруды кең қолданып және колхоздар мен совхоздарда жоғары өнім беретін асыл тұқымды малдар асырауды кең түрде қолдану үшін мал тұқымын асылдандыру жұмысын мықтап жақсартуға негізделуі тиіс.

БК(б)П Орталық Комитеті пленумының бұл нұсқауларының Қазақстан мал өсірушілері үшін өте-мөте маңызы күшті.

Соғыс жылдарында Қазақстанның колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығын өркендету жұмысында БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы атап көрсеткен бір қатар табыстарға ие болды. Республика шаруашылығының барлық категориясы бойынша жалпы мал

басының артуы 1941 жылдың 1 январымен салыстырғанда 1947 жылдың 1 январына дейін 2605,5 мың бас болып есептеледі. Осы уақыттың ішінде колхоздардағы ортақтастырылған малдың саны 3561,7 мың бас болып көбейді. Бұл табыстарды мұнан да гөрі көбейтуге болатын еді. Республиканың колхоздары мен совхоздарында малдың өлімі, шығынға түсуі күшті, төлді шығынсыз алудың сапасы төмен, мемлекетке тапсырылатын малдарды жаю, жем-шөпке қою жұмысының ұйымдастырылуы нашар.

Партия ұйымдарының, совет орындарының республиканың ауыл шаруашылық Министрлігі мен Совхоздар Министрлігінің және олардың төменгі орындарының міндеті — мал шаруашылығын өркендетудегі елеулі кемшіліктерді тез жойып және мал басын, бұдан былайда өркендету, сөйтіп республикамыздың мал шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспарын орындау және асыра орындау болып саналады.

Ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы қойған міндеттерін іске асыру — колхоздардың, МТСстардың және совхоздардың өндірістік базасын мықтап нығайтуды талап етеді.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ауыл шаруашылығын техникамен байыта құралдандырудың өте айқын программасын қабылдады. Бір ғана 1947 жылдың өзінде ауыл шаруашылығы үшін 34 мың қуатты трактор, 546 миллион сомның ауыл шаруашылық машинасын шығаруға ұйғарылып отыр. Ауыл шаруашылығы үшін трактор 1948 жылы бұданда көп берілмек.

Бірақ ауыл шаруашылығына жаңа тракторлармен ауыл шаруашылығының жаңа машиналарын беру, МТСстар мен совхоздардағы қазіргі бар машиналардың бүтін сақталуына, жұмыс істейтін жағдайда болуына көңіл бөліп отыруды еш уақытта бәсеңдетпеуге тиіс. Ауыл шаруашылығында жаңа техника менен қатар ескі техниканы да кеңінен пайдалану керек. Бұл жөнінде МТСстармен совхоздарға өнеркәсіп орындары үлкен көмек көрсетулері тиіс. 1946 жылы республикамыздың кәсіп орындары ауыл шаруашылығына арнап 18 миллион сомның запас бөлшектерін, ремонт жабдықтарын және аспаптарды жасап шығарды. Бірақ кәсіп орындарының бәрі бірдей дерлік мемлекеттік маңызы бар бұл жұмысқа тегіс кірісіп отырғандары жоқ. Партияның облыстық, қалалық және аудандық комитеттері өнеркәсіп орындарының ауыл шаруашылығына мұнан былайда көмектесулерін ұйымдастыруға міндетті.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы қойған міндеттерді орындауда МТСстардың алатын орны өте зор.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ССРО ауыл шаруашылық министрлігінен және оның төменгі орындарынан, партия, совет ұйымдарынан, МТС директорларынан, МТС жұмысындағы тракторлар мен комбайндардың жұмыс өнімділігінің төмен дәрежелілігі, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының уақтылы ремонтталмауы, ремонтталса оның сапасыз болуы көптеген МТС директорлары мен агрономдарының және трактористерінің трактор жұмысын дер кезінде, жоғары сапада өткізуге жауапсыз қарайтындықтары, сөйтіп колхоз егісінің өнімділігі де осыған байланысты өскендігі сыяқты елеулі кемшіліктерді тез жоюды талап етті.

Бұл жөнінде республика МТСстарына көп жұмыстар істеуге тура келеді. Трактордың жұмыс өнімі орта есеппен алғанда 1940 жылы 367 гектар болса, ал 1946 жылы 275 гектар болғандығын көрсетсекте жеткілікті. Осымен бірге Қарағанды және басқа облыстардың көптеген МТСстарының тәжірибелері, тракторлардың жұмыс өнімін тезден және тегіс жоғарылатуға бұрын пайдаланылмай жүрген көптеген мүмкіндіктердің бар екендігін дәлелдейді.

МТС жұмыстарын ұйымдастырудағы ірі кемшіліктер олардың егіс өнімділігін көтеруге, жер қыртысын жақсылап күтуге, егінді уақтылы егіп және орып алуға көңіл қойымаушылықтарында. МТС жұмысын жұмсақ айдалған гектарларға қарап бағалайтын осы күнгі қолданылып жүрген шаралар және МТС қызметкерлерін мақтаудың қазіргі әдістері іс жүзінде көптеген МТС-тардың жеңіл жұмыстарды орындауға ғана ұмтылып жер жыртудың ауыр жұмысын зиянға қалдыруға әкеп соқтырды. Сондықтанда БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы МТС жұмысын тек, жерді жұмсақ жыртқан тракторлардың жоспарларының орындалуына қарай бағалау әдісін теріс әдіс деп тасты. Өйткені осы әдістің салдарынан көптеген МТС-тар мен трактор бригадалары трактор жұмысының сапасын төмендетіп және агротехниканың жай талаптарының өзінде бұзып жүр. БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы Машина Трактор Станцияларының алдына — өздерінің қарамағындағы колхоздарда егін шығымдылығын барынша жоғарылатуды, машина-трактор парктарын пайдалануды бұдан былай жақсартуды, трактор жұмысының сапасын жоғарылатуды және ол жұмыстарды агротехникалық мерзімдердің ішінде орындап шығуды негізгі міндет етіп қойды. Осыған сәйкес МТС-тардың басшы қызметкерлері мен мамандарына сыйлық берудің осы күнгі әдісі де өзгереді. Трактордың негізгі жұмысының уақтылы орындалуына қарап сыйлық беру тәртібі белгіленді. Олар: пар жырту және күту, комбайнмен ору, зяб жырту, заттай төленетін ақыны тапсырудың жоспарын орындау және асыра орындау тағы сол сыяқтылар. Осының нәтижесінде трактористер болып және трактор бригадасының бүкіл құрамы болып жұмысқа ынталануы күшейетініс. Трактористер, трактор бригадаларының бригадирлары, олардың жәрдемшілері, үйренушілері — май құюшылары, өздерінің трактор бригадасы колхоздың өздері істеп жүрген учаскелерінде егін өнімділігінің белгіленген жоспарын орындаса ең кемі үш килограммға дейін еңбеккүн алатындықтарының кәсілдігі күшейеді.

Машина-трактор станциялары өз жұмыстарын тез уақыттың ішінде жақсартып және колхоздарда ауыл шаруашылық егісінің өнімділігін жоғарылатуды қамтамасыз етуге тиіс және ете алады да.

БК(б)П Орталық Комитеті пленумы Совхоздардың алдына да келелі міндеттер қойды. Совхоздар жұмысындағы ірі кемшіліктер олардың шамадан тыс маманданып және шаруашылықты біржақты бағытқа салғандықтарынан, астық совхоздарында мал шаруашылығының нашар өркендетілуінен, ал, мал совхоздарында егін шаруашылығы салаларының жеткіліксіз өркендетілуінен болып отыр.

Совхоздардың жұмысындағы ірі кемшіліктер шаруашылықтың біржақты дамытылуы экономика жағынан тиімсіз екендігінен, егіс жұмыстары кезінде еңбек және күш-көлік қорының маусымды жұмысқа шамадан тыс қауырт пайдаланылуынан және жылдың басқа уақытында едәуір дәрежеде кем пайдаланылуынан болып отыр. Совхоздардың бұлай шамадан тыс маманданулары тез уақыттың ішінде жойылуға тиіс. Совхоздар министрлігі, партия және совет орындары негізгі салалармен қатар, совхоздардың жаратылыс және экономикалық жағдайларын неғұрлым толық пайдалануға мүмкіндік туғызатын басқа салаларында өркендетуді қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылық өндірісінің шектен тыс маусымдылығын жоюға және еңбек өнімділігін едәуір арттыруға міндетті. Сол сыяқты совхоздардың жұмысшы және маман кадрларының тұрақтамаушылығын жою үшін де тиісті жағдайлар жасалып отыр. Совхоздардың қызметкерлеріне меншікті үй және басқа құрылыстар салу үшін жер учаскелері бөлініп отыр, бір семьяға 5 мың сомнан 15 мың сомға дейін екі процентті өсімімен қарыз беріліп мемлекеттік үлкен жәрдем көрсетіліп отыр.

Совхоздардың тұрақты жұмысшы, маман және қызметші кадрларын құру, совхоздар жұмысын жақсартудың маңызды міндеті болып табылады. Егіс көлемін кеңейтіп және ауыл шаруашылық егісінің өнімділігін молайтуда, мал шаруашылығын өркендетуде, кадр дайындауда, совхоздар өндірісін механикаландырудың дәрежесін жоғарылатуда БК(б)П Орталық Комитеті пленумының белгілеген шаралары совхоздардың тезден үлгілі және жоғары өнімді шаруашылыққа айналуына керекті жағдайлар жасайды.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қойған міндеттерін орындау БК(б)П Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі ашқан колхоздарда ауыл шаруашылық артелі Уставын қолдану жөніндегі кемшіліктер мен бұрмалаушылықтарды, яғни еңбеккүнді дұрыс жұмсамауды, колхоздардың қоғамдық жерлерін үлесіп әкетуді, колхоз меншігін талан-таражға салуды, ауыл шаруашылық артелі істерін басқарудың демократиялық негіздерін бұзушылықты тезден жоюды талап етеді. Сол сыяқты колхозшылардың еңбегін ұйымдастыруда және олардың еңбегіне ақы төлеуде еңбек өнімділігін арттыру және қоғамдық шаруашылықты нығайта беру ісіне кедергі болатын кемшіліктерді тез жоюды талап етеді. Еңбекке ақы төлеудегі теңгермешіліктің болуын партия әрдайым теріс деп тапқан болатын. Бірақ еңбек күн жазуда, табыс бөлуде бригадалар мен звенолардың жұмыс нәтижелеріне қарамайтын теңгермешілік көптеген колхоздарымыздан кең орын алып келеді, жұмысты жақсы істейтін, адал ниетті колхозшылар колхозшылардың арасындағы сұғанақ, арампейіл элементтермен салыстырғанда қолайсыз жағдайда қалатындығы жиі кездесіп отырады.

Еңбек өнімділігін жоғарылату Сталиндік жаңа бесжылдықтың міндеттерін жедел орындаудың маңызды шарты болып табылады. Еңбек өнімділігін жоғарылату дұрыс белгіленген жұмыс нормаларына едәуір себепші болуға тиіс. Біздің мемлекеттік жоспарларымыз орта-прогрессивтік нормаға емес, өндірісте қолданылып отырған орта-арифметикалық нормаға негізделуі тиіс. Колхоздарда осы кезге дейін қолданылып жүрген жұмыс нормалары ескірген, төмен нормалар, еңбек күнді талан-таражға түсіретін, еңбек күнді жұмсауды тиісті тәртіпке салмайтын нормалар. Колхоздардың қазіргі жақсы тәжірибелеріне сүйене отырып, еңбекке ақы төлеудің, жұмысты жақсы істейтін колхозшыларды ынталандырудың неғұрлым дұрыс әдістерін белгілеп, сол әдістерді қолдану керек. Алдыңғы қатардағылардың тәжірибесін үйреніп, солардың қатарына теңелудің бұл жөніндегі маңызы өте зор. Артта қалған адамға және өндіріске теңелу принципі біздің социалистік қоғамға жат нәрсе. Ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп және өркендетуді шапшаңдату үшін, соғыстан кейінгі дәуірдің қиындықтарын тез жою керек, алдыңғы қатардағы колхоздарға, МТСтарға, жақсы бригадалар мен звеноларға теңелуіміз керек. Артта қалған және орта колхоздарды, совхоздарды және МТСтарды алдыңғы қатардағылардың қатарына түпкілікті қосуымыз керек.

Партияның колхоз құрылысындағы басты міндеті ауыл шаруашылық артелдерін бұдан былай да ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайтып және колхоздардың қоғамдық меншігін көбейте беру болып табылады. Өндірістің қоғамдық құрал-жабдықтарын — жұмыс және өнім беретін малдарды, тұқымдық, жемдік және қамсыздандыру фондаларын ауыл шаруашылық саймандарын сақтап және көбейтуді, ауыл шаруашылық өндірісінің көмекші салаларын өркендетуді, шаруашылық құрылыстарын мүліктендіріп және артелдердің бөлінбейтін фондаларын көбейтуді қамтамасыз ету үшін партия, совет орындарының табанды түрде, күрделі жұмыстар істеулері керек. Колхоз-

дардың жерді пайдаланудағы несіздігін жою, еңбекке ақы төлеу мен еңбеккүн бөлудегі теңгермелікті жою, егіс жұмысында және басқа жұмыстарда жекелей және ұсақ топталарға бөліне күндік жұмыс істеуді кең қолдану, маңызы күшті жұмыстардағы еңбекке көбірек ақы төленіп, екінші кезеңді жұмыстары еңбекке ақы төлеуді кемітуді қамтамасыз ететін істелген жұмыспен және еңбеккүнге есептелетін еңбектің нормасын қайта қарау, колхоздарда егін өнімділігіне қарай бригаданың, звеноның жыйнаған астығын есептей отырып табыс бөлу және колхозшылардың еңбегіне қосымша ақы төлеу туралы заңды толық орындау — партияның колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан бұдан былайда нығайту жайындағы міндеттерін тез және дұрыс орындауды қамтамасыз етеді.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ауыл шаруашылығы мамандарын дайындап және колхоздарды қамтамасыз етудің маңызды шараларын белгіледі. Колхоздар агрономиялық көмекті күн сайын керек етеді. Колхоздарға мұндай көмек көрсету үшін БК(б)П Орталық Комитеті МТСтардың агрономиялық учаскелеріне, ауыл шаруашылығының аудандық бөлімдеріне сол сыяқты ірі колхоздарға ведомстволардан, мекемелерден, оқу орындарынан көптеген агрономдар жіберуді керек деп тапты. Колхоздарда, совхоздарда және МТСтарда тікелей істеп жүрген агрономдардың, зотехниктердің мал дәрігерлерінің, инженерлердің, механиктердің және басқа мамандардың өздерінің материалдық дәрежесін көтеруге ынталары күшейді. Әсіресе колхоз кадрларын — колхоз председателдерін, бригадирларды, ферма бастықтары мен есепшілерді дайындау және қайта дайындау жұмысын жақсартуға көңіл көбірек бөлініп отыр. Облыстарда, өлкелерде және республикаларда мемлекеттік біржылдық және екі жылдық мектептер құрылады, олардың жанында үлгілі оқу — тәжірибе шаруашылығы болады. Бұл мектеп толық дайындалған басшы қызметкерлер шығарады. Сол сыяқты көпшілік мамандықтың кадрларын дайындау жүйесі де талқыланып шешіліп отыр.

БК(б)П Орталық Комитеті пленумы қойған міндеттерді орындауда ауыл шаруашылық ғылымы үлкен орын алады. Партия мен совет үкметі және Сталин жолдастың өзі болып елімізде ғылымның өркендеуіне аса көңіл бөлуде. Өзінің 1946 жылы 9 февральда, сайлаушылар алдында сөйлеген тарихи сөзінде Сталин жолдас Совет ғалымдарының әрі үлкен, әрі қыйын және құрметті міндеттерін аз сөз, терең мағымен былай деп айтып берді: «Шет елдердегі ғылымның табыстарын қуып жетіп қана қоймай оны, тез уақыттың ішінде басып озуымыз керек» — деді. Сталиннің бұл сөзі академияларда, институттарда, лабораторияларда, колхоз бен совхоз даласында істеп жүрген совет ғалымдары үшін еліміздің үлкен зерттеу және ғылыми-ұйымдастыру жұмысының күрес туы және программасы болды.

Советтік ауыл шаруашылық ғылыми агробиология, генетика, селекция және агрохимия жөнінен ірі табыстарға жетті. Академик Т. Ю. Лысенконың, ғылымның тағы басқа көптеген алдыңғы қатарлы қайраткерлерінің ғылыми жұмыстары отанымыздан шет жерлерге де кең түрде мәлім болды. Академик Вильямстың теория жөнінен шешіліп, практика жөнінен іске асырылған шөпті баптау егіс системасы, советтік агрономиялық ғылымның ірі табысы болып танылуға толық праволы. Қазақстанның ауыл шаруашылық ғылымының қызметкерлері де ірі табыстарға ие болды. Ауыл шаруашылық егісінің көптеген жаңа сорттары шығарылды, бір қатар техникалық егістерді өңдеудің агротехникалық жайы ашылып іске енгізілді. Сталиндік сыйлықтың лауреаты Бильмонттың басқаруымен ғылыми қызметкерлердің коллективі қойдың «Қазақстанская тонкорунная» деген түрін шығарды.

Қазір республикамыздың ауыл шаруашылық ғылымы қызметкерлерінің алдында БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы қаулысына байланысты, жана міндеттер тұр. Ғылми-зерттеу мекемелері ауыл шаруашылығының жеке алаптарына бейімдей дәнді, майлы, техникалық, өмшө егістері мен көп жылдық өсімдік егістердің жоғары және тұрақты өнімділігін қамтамасыз етудің шараларын шешулері тиіс, жердің құнарлығын жоғарылатуды қалпына келтіру шараларын шешулері тиіс. Құрғақшылыққа, аязға, егін індеттеріне және егін жауларына қарсы ауыл шаруашылық егісінің жоғары өнімді тұрақты сорттарын шығару шараларын шешулері тиіс, жер шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендетудің, малдың тұнымын жақсартып, оның өнімділігін жоғарылатудың, ауыл шаруашылығының экономикасында және ұйымдастыру жұмысында ғылми-зерттеу жұмысын күшейтіп, әсіресе колхоздардың қоғамдық шаруашылығын барынша өркендетудің, совхоздар мен МТС-тардың экономикасын нығайтудың шараларын шешулері тиіс.

Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауыл Шаруашылық Ғылым Академиясының — (БАШҒАның) Қазақ филиалының ғылми-зерттеу жұмысының республикамыздың Министрлер Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің жақында бекіткен бесжылдық жоспары жоғарыда көрсетілген міндеттерге негізінен жауап беруге тиіс. Алдарында тұрған міндеттерді табысты түрде орындауға бар күштерін жұмсап, еліміздің ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп және өркендетудің Сталиндік жоспарын орындауда алдыңғы қатарлы құрметті орынды алу Ленин атындағы БАШҒАның Қазақ филиалы ғылми қызметкерлерінің міндеті.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жұмысының зор программасын белгіледі. Орталық Комитеттің пленумы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жөніндегі 1940 жылғы қабылдаған саясат өзін түгелінен және толық ақтады деп біледі. Онда колхоздардың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының өзінен беретін міндетті тапсырмасы егіндік жердің немесе колхоз жерінің әрбір гектарынан есептелетін болып белгіленген болатын.

Қазір колхоздарда болып отырған анық жағдайларды есептей отырып Сталин жолдас бір әкімшілік ауданның барлық колхоздары үшін мемлекетке міндетті түрде астық тапсырудың бірыңғай нормасының орнына колхоздардың группасына қарай бірнеше норма жасауды міндеттеді, бұл, колхоздардың өздеріне бекітілген жерлерді қалай пайдалануларын есептей отырып олардың міндетті тапсырмаларының мөлшерін керек болған жағдайларда тәртіптеп отыруға мүмкіндік береді.

Дәнді, майлы, техникалық егістердің, екіле шөппен картоп тұқымдылығының өнімділігін дұрыс белгілеудің және егіс көлемін есепке алудың саяси және халық-шаруашылықты зор маңызы бар екендігін еске алып БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ССРО мемлекеттік жоспарлау Комиссиясының жанынан егіс өнімділігін белгілейтін Мемлекеттік инспекция құрылсын деп нұсқау берді.

Партия, совет ұйымдарының 1947 жылғы маңызды міндеті, міндетті тапсырма жөніндегі заңның мүлтіксіз орындалуын және 1947 жылы астық дайындаудың мемлекеттік жоспары әрбір колхозда және совхозда заң бойынша тағайындалған мерзімде орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Ауыл шаруашылығын өркендету міндеттерін табыспен орындай шығу үшін ең алдымен ауыл шаруашылық Министрліктерінің және оның төменгі орындарының сондай-ақ партия, совет орындарының ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартуларын талап етеді. Большевиктер партиясы және Сталин жолдстың өзі болып ұйымдастыру жұмысына және ауыл шаруашылығын, колхоздарды дұрыс басқаруға әрдайым зор көңіл бөліп келді және бөліп отыр. Партия колхоздарымыздың

өркендеуін күннен күнге ілгерілетіп, колхоздармен өзінің байланысын күшейтіп, төніп келген қауыптардан оларды сақтандырып отырды, оларға дер кезінде көмектесіп отырды. Қолхоз құрылысы туралы партияның қолқорлығы Сталин жолдастың колхоз құрылысы үстем болып отырғанда партия ауыл шаруашылығын өркендетудің процесіне араласудың жеке акталарымен қанағаттанып қоя алмайды. Енді ол колхоздарға басшылық етуді өз қолына алуға, ғылым мен техниканың негізінде өз шаруашылықтарын ілгері бастыру үшін колхозшыларға көмек көрсетудің және жұмыс істеудің жауапкерлігін өз мойнына алуға тиіс деген нұсқауынан туып отыр. Сталиндік бұл нұсқау ауыл шаруашылық Министрлігінің және оның төменгі орындарының, жұмыс негіздеріне алынбаған. Министрліктің жедел басшылығының нашарлығы, мәселе шешудегі кейіншектігі, инициативаларының жетімсіздігі, өз нұсқауларының орындалуын тексермеушілігі, колхоз бен совхоз өндірісіне ауыл шаруашылық ғылымының табыстарын енгізу ісіне көптеген жағдайларда немқұрайды қараушылығы — міне осының барлығы колхоздардың, машина-трактор станцияларының және совхоздардың жұмыстарына үлкен кесірлік келтіріп отырды. Министрліктерді қайта құрып олардың жұмыс құрылысын өзгерту ауыл шаруашылығына басшылық ету жұмысындағы кемшіліктерді тез жоюға жағдай жасауға тиіс.

Партия, совет ұйымдарының көптеген басшылары сол сыяқты Қазақстан ауыл шаруашылық министрлігі ауыл шаруашылығына басшылықты оның жеке салаларына қарай жүргізу керек деген партия нұсқауын нашар орындап келеді. Республиканың көптеген облыстарында зиянды практика әлі тоқтатылмай келеді, ауыл шаруашылығында әрбір ауданға, колхозға, МТСқа және совхозға олардың өз ыңғайларына қарай басшылық етудің орнына олардың жұмысы орта мәліметтермен есептелді. Бұл ауыл шаруашылығын жоспарлауда үлкен қателіктерге соқтырады. Жоспар жасауда және басқада жұмыстарымызда орталарға емес, алдыңғы қатардағыларға теңелуге тиіспіз деген Сталин жолдастың белгілі нұсқауы орындалмай келеді. Ауыл шаруашылығының жоспары аудандар мен облыстар үшін «орта өнімділікке», мал шаруашылығы үшін «орта көрсеткішке», трактор және басқалар үшін «орта жұмыс мөлшеріне» қарай жасалды. Мұндай «орта есеппен» жоспарлаудың жойылатын мезгілі жетті. Мұндай ірі кемшілікті жою МТСтардың, колхоздармен совхоздардың жұмыстарын шындап жақсартуға жол ашады.

БК(б)П Орталық Комитеті пленумы партия ұйымдарынан деревняда партиялық-саяси жұмыстарды күшейтуді талап етті және МТС директорларының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасарлық қызмет орнын елгізді. Деревняда партия ұйымдарының саны асып және коммунистердің саны көбейгендігіне қарамастан ұйымдастыру басшылығының және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттерден өте артта қалып отыр.

Селендік, аудандық комитет дегеніміз — колхоз жұртшылығымен, селендік интеллигенциямен бірге өмір жасасып, бірге жұмыс істесіп отырған шапшаң, іскер орын. Партияның аудандық комитетінен адамдарды зерттеп білу, олармен араласып жұмыс істеу, большевиктік ұйымдастырушы, партия насихатшысы, үгітшісі болып жұртшылық алдында сөздер сөйлеу талап етіледі. Партияның аудандық комитеттері колхоздардағы, МТСтардағы және совхоздардағы бастауын партия ұйымдарына өздерінің басшылықтарын күшейтулері тиіс. Партияның аудандық комитеттерінің секретерьялары болмаса басқа қызметкерлері колхоздарға, МТСтарға және совхоздарға келе тұрып бастауың партия ұйымдарын сырт айналып коммунистерді жыйнап олармен жұмыс істеудің орнына жеке коммунистермен кей жағдайларда бастауың пар-

тия ұйымдарының секретарьларымен де әңгіме жасамау сыяқты практикаларға төзуге болмайды. Партияның мұндай аудандық комитеттері жұмыстағы кемшіліктердің негізін жете тексере алмайды, күнделікті әкімшілік-шаруашылық жұмыстарға араласып кетіп, колхоздарға, МТС-тарға және совхоздарға басшылық етудегі кемшіліктерді жоя алмайды.

Партияның селендік, аудандық комитеттерінің алдында тұрған жауапты жаңа міндеттер деревняда жүргізілетін партия жұмысының түрлерін толық меңгеріп, партия басшылығындағы кемшіліктерге сын көзімен қарауды талап етеді. Аудандық партия комитеттері жұмыстарының бастысы — адамдар мен біргелесе жұмыс істеу, колхозшылар жұртшылығын, совхоздар мен МТС жұмысшыларын бүкіл селендік интеллигенцияны БК(б)П Орталық Комитеті пленумы қойған міндеттерді орындауға аттандыру болып табылады. Барлық аудандық мекемелердің, ұйымдардың, барлық колхоздардың, совхоздар мен МТС-тардың жұмыстарын ұйымдастырып, рухтандырып және бағыт бере отырып, партияның селендік-аудандық комитеттері өз жұмыстарындағы ең басты нәрсе — бастауын партия ұйымын, коммунисті, МТС пен совхоз жұмысшысын бір минутта естерінен шығармаулары тиіс, өйткені БК(б)П Орталық Комитеті пленумы қойған міндеттердің орындалуы осыларға байланысты.

Жалпы колхозшылар жұртшылығы, МТС пен совхоздардың жұмысшылары, деревняның бүкіл еңбекшілері қазір барып тұрған саяси өрлеу жағдайында жұмыс істеп отыр. Бұл өрлеудің негізі — ауыл шаруашылығын соғыстан кейінгі дәуірде өркендетудің шаралары туралы БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қаулысы, партияның және Сталин жолдастың нұсқауы болып табылады. Ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлыларының саны өсіп отыр, олардың қатары көбеюде. Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 30 жылдық мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс кенінен өріс алып отыр. Оны бұданда гөрі жоғарылата түсуіміз керек. Оны дұрыс ұйымдастырушылық түрге түсіріп, ықпалды етуіміз керек, оның тәжірибесімен табыстарын тарата отыруымыз керек, міне әрбір коммунистің, әрбір партия ұйымының, әрбір аудандық және облыстық комитеттің негізгі міндеті осы.

Қазақ ССРы Жоғарғы Советін сайлау кезінде жұртшылықтың қолы жеткен саяси жұмыстардың тәжірибесі БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қойған міндеттерін орындауға бағытталып толығынан пайдалануға тиіс.

Республикамыздың барлық ұйымдарының, барлық партияда бар және партияда жоқ большевиктердің БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қаулысын орындау жолындағы күрестерінің маңызды кезеңі үстіміздегі жылдың көктем егісіне уақтылы дайындалып және оны өткізу болып табылады. Көктем егісі, егістің жоғары өнімді болуының негізін салып және БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қаулысын орындау жолындағы бірінші адым болуға тиіс. Партия ұйымдары қазір көктем егісін тезірек орындап және табысты түрде өткізуден бөтен маңызды және жауапты міндет жоқ екендігін барлық колхозшыларға, колхозшы әйелдерге және МТС пен совхоз жұмысшыларына кенінен түсіндірулері тиіс.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің жақында болып өткен XVII Пленумы БК(б)П Орталық Комитетінің февраль пленумының қаулысын және республика партия ұйымының көктемгі егісті өткізудегі, мал қыстатуды аяқтату жұмысындағы және колхоздар мен совхоздардағы ауыл шаруашылық малдарын төлдетудегі міндетін талқылады. Республиканың ауыл шаруашылығына басшылық жұмысындағы ірі кемшіліктерді қатаң сынап және оның негіздерін аша отырып ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы көктем егісіне дайындықтың және оны ойдағы-

дай өткізу шараларының толық программасын жасады, мал қыстатуды аяқтатудың және мал төлдету жұмысының жуық уақытта жүргізілетін міндеттерін белгілеп, бұл міндеттердің іске асырылуының жолдарын белгіледі. ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ССРО Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылғы 19 сентябрьдегі «Қолхоздарда ауыл шаруашылық артелінің Уставын бұзуды жоюдың шаралары туралы» қаулысын орындауда республиканың көптеген партия, совет ұйымдарының жұмыстарының қанағаттанғысыз екендігін атап көрсетіп және сонымен қатар «Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендетуде БК(б)П Орталық Комитетінің февраль пленумының қаулысы көрсеткен міндеттерді табысты етіп орындаудың маңызды шарты партия, совет және ауыл шаруашылық орындарының колхоздарға, МТС-тарға және совхоздарға басшылықты бірожола жақсарту және деревняда саяси жұмыстарды барынша күшейту болып табылады» деп көрсетті.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің XVII пленумының қаулысы республика партия ұйымының жуық арадағы істейтін міндеттері туралы айқын, нақтылы шараларын көрсетіп және оны БК(б)П Орталық Комитетінің февраль пленумының қаулысына лайық республика ауыл шаруашылығын тезден өркендетуге құралдандырып отыр. Партия, совет және шаруашылық ұйымдарының және оның басшыларының қазіргі міндеттері, БК(б)П Орталық Комитетінің пленумының қаулысын терең үйрену, оның қарарларының негізінде республиканың өнеркәсіптері мен ауыл шаруашылығындағы қалың еңбекшілер жұртшылығын мобилизациялау және БК(б)П Орталық Комитетінің февраль Пленумы қойған міндеттерді іске асыру үшін большевиктердің бойына біткен барлық табандылықпен, күш-қуатпен күрес жүргізу болып табылады.

Республиканың барлық ұйымдарының, барлық партияда бар және партияда жоқ большевиктерінің БК(б)П Орталық Комитетінің пленумының қаулысын орындау жолындағы күрестерінің маңызды кезеңі осы жылдың көктемгі егісіне дер кезінде дайындалып және оны өткізу болып табылады. Көктем егісі егіннен мол өнім алудың негізін салып және БК(б)П Орталық Комитетінің пленумының қаулысын орындаудың бірінші адымы болуға тиіс. Партия ұйымдары барлық колхозшыларға, колхозшы әйелдерге және МТС пен совхоздар жұмысшыларына көктем егісін тез аяқтап және табысты түрде өткізуден артық қазір ешқандай бөтен маңызды және жауапты міндет жоқ екендігін кең түрде түсіндіруге міндетті.

БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қаулысы социалистік ауыл шаруашылығының будан былай да қуатты түрде өркендеп және нығайуының өрістетілген программасы болып табылады. Улы Сталиннің басшылығымен партия, совет ұйымдары, ауыл шаруашылығының мамандары мен ұйымдастырушылары, колхоздар мен колхозшы әйелдер, МТС пен совхоз жұмысшылары Улы Отанымыздың бұдан былай да гүлденуінің программасы болып отырған БК(б)П Орталық Комитеті пленумының белгілеген программасының орындалуын қамтамасыз етеді.

Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы

БК(б)П Орталық Комитеті пленумының АНДРЕЕВ жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысы

Колхоз құрылысы жеңуінің және партиямыз бен мемлекетіміздің бейбіт құрылысы жылдарында жүргізген зор жұмысының нәтижесінде, елімізді индустрияландыру негізінде, біздің ауыл шаруашылығымыз артта қалған ауыл шаруашылығынан қазіргі замандағы техникамен жарақтанған алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығына айналды.

Сталиндік бесжылдықтар ішінде астық мәселесі сыяқты күрделі мәселелер шешілді, яғни, 1940 жылы астықтың жалпы түсімі 7 миллиард пұттан асты, ал, товарлы астық 1913 жылдағыдан екі еседен артық өндірілді. Техникалық егістер: мақта, зығыр, қант қызылшасын, майлы егістер, шай, цитрус, темекі, сол сыяқты, картоп пен овощь егу орасан өркендеді, осының нәтижесінде біздің жеңіл өнеркәсібіміз меншікті шикі зат базасына ие болды. Мұнымен қабат колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығы мықтап өркендеп отырды. Шөп егудің өркендетілуі және астық өндірудің ұлғайтылуы арқасында мал шаруашылығын өркендету үшін берік мал азығы базасы жасалды.

Ауыл шаруашылығының өркендеуі колхоздардың қоғамдық байлығы артуын, колхозшылардың әл-ауқат күйі жақсаруын қамтамасыз етті.

Мемлекет астықты, етті, майды және басқа ауыл шаруашылық азықтарын еліміздің азық-түлік және шикі зат мұхтаждарын өтеуді, шикі зат қорларын жасауды қамтамасыз етерлік мөлшерде дайындап отырды.

Деревняда жеңген және нығайған колхоз құрылысының арқасында біздің ауыл шаруашылығымыз соғыс кезінде өзінің міндеттерін ойдағыдай атқарды. Соғыстың ауыр жылдарында біздің армиямыз азық-түлік жөнінде тапшылық көрген жоқ, халқымыз азық-түлікпен, ал, өнеркәсіп шикі затпен жабдықталып отырды, мұның бәрі колхоз құрылысы күштілігінің, өмірге бейімділігінің, колхозшы шаруалардың отаншылдығының нәтижесі болды.

Әрине, бізді неміс басқыншылар душар еткен соғыс социалистік ауыл шаруашылығымыздың өркендеуін біраз уақытқа бөгеді. Отан соғысы кезінде ауыл шаруашылығына үлкен қыйындықтар туды. Колхоздардан, МТС-тар мен совхоздардан кадрлардың, тракторлардың, аттардың, автотракторлардың едәуірі армияға алынды. Өнеркәсіп соғыс мұхтаждарын өтеуге көшірілгендігі себепті, ауыл шаруашылығы үшін трактор өндіруді тоқтатуға тиіс болды және ауыл шаруашылық машиналарын, ол машиналардың запас бөлшектерін, жер тыңайтқыштарды, жанар майды өндіру ісін едәуір ықшамдауға тиісті болды. Соғыс кезінде жеріміздің бір бөлегі басқыншылыққа ұшырап, неміс басқыншылардың тонауына түсті.

Соғыс жылдарында егіс көлемі кеміді, дер кезінде жыртылатын және күтілетін пардың көлемі азайды, зябь жырту кеміді, шөп егу де көп кеміді. Осының бәрі колхоздар мен совхоздарда егін шығымдылығы-

ғының кемуіне, мал басының азаюына, малдың өнімділігі кемуіне әсерін тигізбей қалған жоқ.

Колхозшы шаруалар соғыстан кейін ауыл шаруашылығын ойдағыдай қалпына келтіруде. 1946 жылы ССР Одағының европалық жағының едәуір жерін қатты қуаңшылық шарпығандығына қарамастан, бұл қуаңшылық өзінің көлемі жағынан 1921 жылдағыдан асып түскендігіне қарамастан, астықтың жалпы түсімі мен товарлы өнім шынында 1945 жылдағыдан біраз кем бола тұрса да, 1921 жылғы дәрежесінен әлдеқайда артық болды, мұның өзі машина-трактор станциялары бар, колхоз құрылысы жеңген өндірісті социалистік жолмен ұйымдастырудың арқасы.

Соғыс аяқталғаннан кейін өткен уақыттың ішінде Үкмет пен партия ауыл шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде бірқатар үлкен шаралар істеді.

Азат етілген аудандардың колхоздарына тракторлармен, ауыл шаруашылық машиналарымен, автомашиналармен, МТСтарға керекті құрал-жабдықпен, колхоздарға керекті атпен, өнім малымен мемлекеттік жәрдем көрсету ісі ұйымдастырылды. Туқыммен, мал азығымен үлкен жәрдем көрсетілді. Ауыл шаруашылық азықтарын тапсыру жөнінде жеңілдіктер белгіленді. Қоғамдық үй құрылыстарын, колхозшылардың жеке үйлерін қалпына келтіру жөнінде үлкен жұмыс істелді. Барлық МТСтар негізінен қалпына келтірілді. Осы шаралардың арқасында, азат етілген аудандардың колхоздары мен шаруалар шаруашылығында 1946 жылы егіс көлемінің соғыстан бұрынғы дәрежесінің төрттен үш бөлегін қалпына келтіруге және колхоздар мен колхозшылардың мал шаруашылығының жартысынан артығын қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

Сталинград пен Харьковта трактор заводтары қалпына келтіріліп, жұмыс істеуде, жаңадан Алтай және Владимиров трактор заводтары салынды, Липецкі трактор заводы салынып болуға таяу, Челябині заводында қайтадан трактор шығарыла бастады. Басқыншылық кезінде бүлікшілікке ұшыраған ауыл шаруашылық машиналарын жасау заводтары қалпына келтірілуде, бұрын соғыс заказдарын орындаумен шұғылданған көп заводтар ауыл шаруашылық машиналарын жасауға көшірілді. Өнеркәсібіміз үстіміздегі жылдың өзінде-ақ ауыл шаруашылығы үшін тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жасап шығаруды едәуір арттыруға тиіс.

Колхоздар мен совхоздарда сортты егіс, шөп егу қалпына келтірілуде, бұзылған ауыспалы егіс қалпына келтіріліп, жаңа ауыспалы егіс қолданылуда. Қолданылған шаралардың нәтижесінде мақтаның егіс көлемін қалпына келтіру, шығымдылығын арттыру ісінде едәуір табыстарға қол жетті.

ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қабылдаған қаулысына сәйкес, колхоздарда ауыл шаруашылық артелі Уставын қолдану жөнінде ашылған кемшіліктер мен бұрмалаушылықтарды жоюда үлкен жұмыс жүргізілуде.

Қазір, бейбіт құрылысқа кіріскеннен кейін, партиямыз бен мемлекетіміздің алдына мынадай өте шұғыл міндет қайтадан қойылып отыр, ол — қысқа мерзім ішінде халқымыз үшін азық-түлік молшылығын, жеңіл өнеркәсіп үшін шикі зат молшылығын туғызуға және керекті мөлшерде мемлекеттік азық-түлік пен шикі зат қорларын жыйнауға мүмкіндік беретіндей етіп, ауыл шаруашылығының өркендеуін қамтамасыз ету міндеті.

Бұл міндетті нәтижелі етіп, өте қысқа мерзім ішінде орындау үшін мыналарды істеу керек:

1. Партия және совет орындары, ССР Одағы Ауыл шаруашылық

Министрлігі, ССР Одағы Совхоздар Министрлігі және олардың жергілікті орындары ауыл шаруашылығына басшылығын жақсартатын болсын. Ауыл шаруашылығына басшылық ету ісі төменнен жоғарыға дейін, ауыл шаруашылығы алдында тұрған зор міндеттерге лайық неғұрлым жоғары дәрежеге көтерілуі тиіс.

Ауыл шаруашылығына басшылық ету ісінде тиісті жеделділіктің болмауы, ауыл шаруашылық жұмыстарына әзірлеуде, ол жұмыстарды жүргізуде кешеуілдеу сыяқты елеулі кемшіліктерді, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тардың, аудандардың жұмысына баға бергенде алдыңғылар мен арттағыларды көріп, арттағыларды алдыңғылардың дәрежесіне дейін жеткізуге мүмкіндік беретін жеке-жеке саралап қарау әдісінің орнына орта мөлшер бойынша баға беру сыяқты теріс әдісті жою керек. Колхоздарда қажырлы ұйымдастыру жұмысын үздіксіз жүргізудің, кадрларды тәрбиелеудің орнына әкімшілік істеу сыяқты кемшіліктерге, колхоз председателдерінің жиі ауыса беруіне, колхоздың ішкі демократиясын бұзушылыққа төзуге болмайды.

Партия, совет және ауыл шаруашылық орындары басшыларынан ауыл шаруашылығына үздіксіз және шебер басшылық ету талап етіледі, ұйымдастыру жағынан қамтамасыз етпей, жергілікті орындарда жоспардың орындалуын күнбе-күн тексермей тұрып тапсырма беру сыяқты басшылық етудің бюрократтық, кеңсешілдік әдістерін жою талап етіледі.

Халық шаруашылығы жоспарымен бірге, Үкмет бекітетін ауыл шаруашылығы жөніндегі жылдық жоспарлар тиісті жылдың 1 январынан кешіктірілмей облыстарға, өлкелер мен республикаларға жеткізілетін болсын.

2. БК(б)П Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советі ашқан Ауыл шаруашылық артелі Уставын бұзушылықтар, яғни, еңбек күнді дұрыс жұмсамау, колхоздардың қоғамдық жерлерін үлесіп ақету, колхоз меншігін талан-таражға салу, ауыл шаруашылық артелі істерін басқарудың демократиялық негіздерін бұзу ақырына дейін жойылатын болсын.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ауыл шаруашылық артелі Уставын мұндай бұзушылықтар мен бұрмалаушылықтар ауыл шаруашылығын өркендету және колхоздарды бұдан былай да нығайту ісіне кедергі болады, мұның өзі жергілікті партия және совет ұйымдарының колхоздарға қанағаттанғысыз басшылық етуінің ал, кейде тіпті тікелей теріс басшылық етуінің салдары деп санайды.

3. Қолхозшылардың еңбегін ұйымдастыруда және олардың еңбегіне ақы төлеуде колхоздарда еңбек өнімділігін арттырудың және қоғамдық шаруашылықты нығайта беру ісіне кедергі болатын кемшіліктер жойылатын болсын.

Ол кемшіліктер мынадай:

Еңбек күн жазуда, табыс бөлуде бригадалар мен звенолардың жұмыс нәтижелеріне қарамайтын теңгермешілік бар, осының салдарынан, жұмысты жақсы істейтін, адал ниетті колхозшылар колхозшылардың арасындағы сұғанак, арампейіл элементтермен салыстырғанда қолайсыз жағдайда болады.

Қолхоздарда қолданылып жүрген жұмыс нормалары ескірген, төмен нормалар, осының салдарынан, еңбек күн талан-таражға түседі, еңбек күнді жұмсауда тиісті тәртіп жоқ.

Қолхоздардың қазіргі жақсы тәжірибесіне сүйіше отырып, еңбекке ақы төлеудің, жұмысты жақсы істейтін колхозшыларды ынталандырудың неғұрлым дұрыс әдістерін белгілеп, ол әдістерді қолдану керек.

4. Машина-трактор станцияларының жұмысы мықтап жақсартыл-

сын, өйткені, колхоздардың егін даласында егіннің мол шығу, аз шығу тағдыры едәуір дәрежеде соларға байланысты. МТСтардың жұмысындағы: трактор мен комбайндардың істейтін жұмысының аздығы, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жөндеудің нашарлығы, ол машиналарды жөндеудің кешеуілдеуі, трактор жұмыстарының уақытында жүргізіліп, сапалы істелуіне, олай болса, колхоздардың егін даласында егін шығымдылығын арттыруға көп МТС директорларының, агрономдарының, тракторшыларының жауапсыз карауы сыяқты үлкен кемшіліктерді жоюды БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі мен оның жергілікті орындарынан, партия, совет орындарынан, МТС директорларынан талап етеді.

МТСтардың жұмысына баға бергенде ауыл шаруашылық жұмыстарының өте маңызды түрлерінің жоспарын орындауына қарай баға берудің орнына, тек жұмсақ жер жыртуда трактор жұмыстарының жоспарын орындауына қарай баға беру теріс деп саналсын. Бұл мынаған әкеліп соғады: МТСтардың бірқатары трактор жұмыстарының жоспарын әртүрлі жеңіл жұмыстарды атқарып — тырмалау және басқа жұмыстарды атқарып орындауға тырысады. Әрбір трактордың гектар есебімен жұмсақ жер жырту мөлшерін көтеріңкі көрсетудің қызығына түсін кетіп, МТСтар мен трактор бригадаларының көп қызметкерлері агротехниканың тіпті ең жеңіл талаптарын бұзып, трактор жұмыстарының сапасы төмен болуына жол беріп жүр.

МТСтардың жұмысына тек гектар есебімен жұмсақ жер жырту жоспарын орындауына қарай баға берудің қазір қолданылып жүрген тәртібі жойылсын және ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі МТСтардың жұмысына олардың трактор жұмыстарының негізгі түрлерін орындауына баға берудің жаңа тәртібін қолдануға міндеттендірілсін.

ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі мен оның жергілікті орындары, партия және совет ұйымдары МТСтардағы қазіргі бар тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын тиісті тәртіпке келтіруге, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, трактор жұмыстарының сапасын арттыруға, МТСтар үшін тракторшы, комбайншы, бригадир кадрлар даярлау ісін жақсартуға міндеттендірілсін.

5. Ауыл шаруашылығына керекті кадрларды мол даярлау, олардың білімін көтеру ісі ұйымдастырылсын, сөйтіп МТСтарда, колхоздар мен совхоздарда тәжірибелі, әзірлігі бар кадрлардың тапшылығы ең қысқа мерзім ішінде жойылатын болсын; ауыл шаруашылық мамандарының көпшілігі өндірісте болмай кеңсе жұмысында болатыны сыяқты ауыл шаруашылық мамандарын теріс пайдалану жойылсын, өйткені соның салдарынан колхоздар өз шаруашылығын ұйымдастыруда және егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендетудің алдыңғы қатарлы әдістерін қолдануда дер кезінде керекті жәрдем ала алмай жүр.

6. Ауыл шаруашылығы жаңа тракторлармен, ауыл шаруашылық машиналарымен, автомашиналармен жабдыкталсын, ауыл шаруашылығы жер тыңайтқыштармен, жанар маймен қамтамасыз етілсін. БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы жергілікті партия және совет орындарынан, өнеркәсіптің басшыларынан тракторларды, ауыл шаруашылық машиналарын, олардың запас бөлшектерін, жер тыңайтқыштар мен жанар майды өндіру жоспарларын толық және асыра орындау жөнінде жігерлі жұмыс істеуді талап етеді. Ауыл шаруашылығы заказдарын уақытында орындауды жете бағаламау, сапасыз өнім шығару, өнер кәсіп пен заводтардың кейбір қызметкерлерінің ескі машина

шығарудан жазбау және тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының неғұрлым өнімді жаңа түрлерін тезірек қолдануға олардың кертартпалық істеуі сыяқты елеулі кемшіліктерді жою керек.

Жоғарыда айтылған міндеттерді негізге алып, БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы қаулы етеді:

I. АСТЫҚ ӨНДІРУДІ МОЛАЙТУ ЖӨНІНДЕ

Партия, совет ұйымдарына, ССР Одағы Ауыл шаруашылығы Министрлігіне, ССР Одағы Совхоздар Министрлігіне және олардың жергілікті орындарына мыналар міндеттелсін:

1. Үш жыл ішінде—1947, 1948 және 1949 жылдарда астық өндірудің жалпы түсімі соғыстан бұрынғы дәрежесіне жеткізілсін, сөйтіп, бесжылдықтың аяғында ол дәрежеден едәуір асып түсетін етілсін.

Егіс көлемін ұлғайтумен қатар, дәнді егістердің өнімділігін арттыру негізгі міндет болып саналсын. Бұл үшін: күздік бидайға, ал, шығыс аудандарда жаздық бидайға парды дер кезінде жыртып, баптау ісін толық қамтамасыз ету керек, жаздық егісті зябь жыртылған жерге егіп, колхоздар мен совхоздардың егіс жерін тайыз жыртыуды жою керек, сөйтіп, бесжылдықтың аяғына дейін колхоздар мен совхоздардың бәрінде дұрыс ауыспалы егісті толық қалпына келтіріп қолдану керек.

2. Үкмет қабылдаған жоспарға сәйкес, 1946 жылмен салыстырғанда дәнді егістердің көлемі 1947 жылы 6,3 миллион гектар, оның ішінде, колхоздарда 5,7 миллион гектар, ал, 1947 жылғыдан 1948 жылы 6,1 миллион гектар, оның ішінде, колхоздарда 5 миллион гектар ұлғайтылсын.

Бесжылдық жоспарда 1950 жылы астықтың жалпы түсімін 127 миллион тоннаға жеткізу жөнінде қойылған міндеттің сөзсіз орындалуы және асыра орындалуы қамтамасыз етілсін.

3. Новосібір, Ростов, Куйбышев, Челябині, Тамбов, Ульянов, Курскі, Воронеж облыстары сыяқты негізгі астықты аудандардың партия, совет және ауыл шаруашылық орындары астық өндіруді қалпына келтіру, өркендету ісімен, қанағаттанғысыз шұғылданып келе жатқаны, әсіресе, Саратов, Сталинград, Пенза, Курган облыстарында және Краснояр өлкесінде дәнді егістердің көлемін және өнімін қалпына келтіру баяу жүргізіліп келе жатқаны атап көрсетілсін.

4. Негізгі азық-түлік егісі болып табылатын бидайды өндіру молайтылсын:

а) Күздік бидай жөнінде — Украина ССРнда, Краснодар, Ставрополь өлкелерінде, Ростов, Қырым, Воронеж, Курскі облыстары мен Молдаван ССРнда 1949 жылы күздік бидай өндіру соғыстан бұрынғы қалпына жеткізілсін, бұл аудандардың колхоздарында күздік бидай егісінің өнімі едәуір арттырылып, көлемі 1947 жылдың күзінде 1946 жылы жыйналған егін өнімі көлемінен 1.500 мың гектар арттырылып, жалпы мөлшері 7,2 миллион гектарға, оның ішінде, Украина ССРнда 4,4 миллион гектарға, ал, 1948 жылы 8,3 миллион гектарға оның ішінде Украина ССРнда 4,8 миллион гектарға жеткізілсін.

Күздік бидай егетін басқа аудандарда, әсіресе, Поволжье, Өзбек, Тәжік ССРлары, Қазақ ССРның оңтүстік облыстары, Қырғыз және Азербайжан ССР аудандарында күздік бидайдың өнімі едәуір арттырылуы, жалпы түсімі молайтылуы қамтамасыз етілсін;

б) Жаздық бидай жөнінде — ССР Одағы Министрлер Советінің қаулысына сәйкес, шығыс аудандардың колхоздарында (Сібірде, Орал-

да және Қазақ ССРның солтүстік-шығыс облыстарында) егіс көлемі 1.324.000 гектар арттырылып оның жалпы көлемі 1947 жылы 7,9 миллион гектарға, 1948 жылы 9,4 миллион гектарға, 1949 жылы 11,4 миллион гектарға жеткізіліп, өнімі арттырылуы қамтамасыз етілсін. Жаздық бидай ең алдымен тыңнан және тыңайған жерден жыртылған, аударылған жерлерге, күзде, қайта жыртылған таза парға және зябьке орналастырылатын болсын.

Поволжьеде (Куйбышев, Саратов, Сталинград және Ульянов облыстарында) жаздық бидайдың, әсіресе, бидайдың қатты сортының егіс көлемін едәуір ұлғайту шарасы қолданылсын, бұл облыстардың колхоздарында жаздық бидай егісінің көлемі 300.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1947 жылы 2,4 миллион гектарға, 1948 жылы 3.000.000 гектарға жеткізілсін, бидай егуге тың және көптен тыңайған жерлер пайдаланылсын, Еділ бойындағы қуаңшылық болатын аудандарда жаздық бидай таза, жақсы бапталған парға егілетін болсын.

Қара топрақты емес облыстардың колхоздарында жаздық бидай егісінің көлемі 200.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1947 жылы, 1,6 миллион гектарға, 1948 жылы 1,8 миллион гектарға жеткізілсін.

Жаздық бидай егетін басқа аудандарда да оның өнімін арттыру, жалпы түсімін молайту қамтамасыз етілсін.

Украина ССРнда жаздық бидай өндіру ісі өте-мөте артта қалып отырғаны атап көрсетілсін. Украина ССРның колхоздары мен совхоздарында жаздық бидай сыяқты аса маңызды азық-түлік егісі жылдан-жылға шетке қағылып, аса құнарлы қара топрақты жерлер құндылығы бұдан төмен жемдік егістерге, әсіресе, арпа егісіне пайдаланылып келе жатқаны мүлдем төзгісіз жағдай деп танылсын. Украинаның колхоздарында жаздық бидай егісінің көлемі 1946 жылғыға қарағанда 1947 жылы 182.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 750.000 гектарға жеткізілсін, мұнан кейінгі жылдарда жаздық бидай егісінің көлемін ылғый арттыра беру қамтамасыз етілсін.

5. Қара топрақты емес аудандарда, орталық қара топрақты облыстарда, Украинаның солтүстік облыстарында, Еділдің оң жағалауындағы аудандарда күздік қара бидай өндіруді молайту шаралары қолданылсын.

ССР Одағы Министрлер Советіне күздік қара бидай егісінің көлемін ұлғайту, оның өнімін арттыру жөнінде республикаларға, өлкелер мен облыстарға тапсырмалар белгілеу жүктелсін.

6. Дәнді бұршақты егістер өндіру әсіресе, Пенза, Сталинград, Ульянов, Рязань облыстарында, Татар, Башкүрт, Мордва АССРларында, Украина ССРнда қанағаттанғысыз күйде екені атап көрсетіліп, ССР Одағының колхоздарында дәнді бұршақты егіс көлемі 300.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1947 жылы 1,3 миллион гектарға, 1948 жылы 1,6 миллион гектарға жеткізілсін және бұл егістердің өнімі едәуір арттырылсын. Украина ССРнда, ССР Одағының Орталық және шығыс аудандарында бұршақ егісінің көлемін тезірек қалпына келтіруге ерекше назар аударылсын. Фасоль егісінің көлемі ұлғайтылып, өнімі арттырылсын. Орталық қара топырақты облыстарда, Поволжье аудандарында және Украина ССРның орманды-далалы аудандарында чечевица егісінің, әсіресе, оның ірі дәнді сортын егудің көлемін ұлғайту қамтамасыз етілсін.

7. ССР Одағында колхоздарда жүгері егісінің көлемі 1947 жылы 280.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 2.260.000 гектарға, 1948 жылы 2.700.000 гектарға жеткізілсін, жүгерінің өнімі едәуір арттырылсын. Таяу жыл ішінде жүгері егуді, оның қатар аралығын баптауды және оны жыйнауды механизациялау күшейтілсін. Жүгерінің өнімін арттыру мақсатында екі-үш жыл ішінде оған гибрид тұқымын себу

мөлшері едәуір ұлғайтылсын, сөйтіп, кейінгі жылдарда гибрид тұқымын жаппай себуге көшу көзделсін. ССР Одағы ауыл шаруашылығы Министрлігіне тұқым өсіруші колхоздар мен совхоздарда жүгерінің гибрид тұқымын өндіруді ұйымдастыру міндеттелсін. Колхоздардан тағы басқа шаруашылықтардан жүгерінің өсірілген гибрид тұқымының бірінші генерациясы элит тұқымымен бірдей дәрежеде қабылданып болсын.

8. ССР Одағының колхоздарында гречиха егісінің көлемі 1947 жылы 420.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1,5 миллион гектарға, 1948 жылы 1,7 миллион гектарға жеткізілсін, оның өнімін едәуір арттыру қамтамасыз етілсін.

9. Колхоздардың, совхоздар мен ауыл шаруашылығы ғылымының тары егісінің өнімін арттыру жолындағы 1939 және 1940 жылдардағы күресінің тәжірибесін пайдалана отырып, тары егісінің өнімі едәуір арттырылсын. ССР Одағы ауыл шаруашылығы Министрлігі мен ССР Одағы Совхоздар Министрлігіне В. И. Ленин атындағы Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылық Ғылымдары Академиясын қатыстыра отырып, 1939 және 1940 жылдардың үлгісімен 1947 жылы колхоздар мен совхоздарда 1.000.000 гектар тары егісінен орта мөлшермен гектарынан 15 центнерден өнім алуды ұйымдастыру міндеттелсін.

10. ССР Одағының колхоздарында күріш егісінің көлемі 15.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1947 жылы 150.000 гектарға, 1948 жылы 160.000 гектарға жеткізіліп, күріштің өнімі арттырылсын. Күріш егетін аудандарда ауыспалы егісті тезірек меңгеру, күріш егісін суаруды дұрыс жүргізу қамтамасыз етілсін.

11. Таза парды ерте мерзімде жырту, оны жазда кемінде үш рет, ал, оңтүстікте 4 рет баптау қамтамасыз етілсін. Ерте жыртылатын таза пар оңтүстікте және Солтүстік Кавказда 20 майдан кешікпей, қалған аудандарда 10 июньнен кешікпей жыртылатын болсын. Ал, 1947 жылы ерекше жағдай ретінде, колхоздар мен совхоздарда көлік күшінің тапшылығы ескеріліп, пар жыртуды оңтүстікте және Солтүстік Кавказда 10 июньге дейін аяқтауға, қалған аудандарда 20 июньнен кешікпей аяқтауға рұхсат етілсін.

12. Барлық облыстарда, өлкелер мен республикаларда 1949 жылдан кешікпей күздік және жаздық дәнді егістердің жаппай аудандастырылған, өнімді неғұрлым мол беретін сорттарын егуге көшу аяқталсын, ескірген және өнімді аз беретін сорттардың орнына жаңа, өнімді неғұрлым мол беретін аудандастырылған сорттарды тез молайту шаралары қолданылсын.

ССР Одағы Ауыл шаруашылығы Министрлігінде, оның Жоғарғы сорт басқармасында және Министрліктің жаындағы дәнді егістердің сортын сынайтын Мемлекеттік комиссияда өнімді мол беретін және жергілікті жағдайға сай келетін тұқым сорттарын шығару жөнінде селекция жұмысы әлі күнге дейін ауыл шаруашылығы қойып отырған талаптан кейін қалып келе жатқаны атап көрсетілсін. Өнімді мол беретін ескі сорттар, әсіресе, жаздық бидай сорттары көп аудандарда жойылып кеткен, ал, өнімді неғұрлым мол беретін жаңа сорттарды ауыл шаруашылық өндірісіне қолдану өте-мөте баяу жүргізіліп келеді. Сібірдің колхоздарында әлі күнге дейін күздік бидайдың қысқа төзімді сорттары жоқ.

Селекция-тұқым өсіру жұмысы жақсартылсын, ауыл шаруашылық орындарының, селекциялық тәжірибе мекемелері мен селекцияшылардың алдына таяудағы 2 — 3 жыл ішінде дәнді, дәнді-бұршақты, майлы егістердің және шөп егістерінің өнімді мол беретін, жергілікті жағдайға қолайлы сорттарын қолдану міндеті қойылсын.

Сібір мен Зауралья аудандарындағы колхоздар мен совхоздарда ерте

пісетін сорттарды да сол сыяқты неғұрлым кеш пісетін сорттарды да егу, сөйтіп, егістің ең жауапты кезеңдерінде — егіс кезінде және егінді жыйнау кезінде жұмыстың қауырт болуын біраз бәсеңдету, астықтан неғұрлым мол өнім алуды қамтамасыз ету хажет деп табылсын. Осы аймақтағы селекция мекемелері жаздық бидайдың неғұрлым ерте пісетін мол өнімді сорттарын шығару жұмысын күшейтетін болсын.

13. 1947 жылдан бастап, аса маңызды дәнді егіс жөнінен егіс көлемін жоспарлау тәртібі қайтадан қолданылатын болсын. Онда колхоздарға дәнді егістің әрбір түрінен жоспар жеткізу көзделіп отыратын болсын.

14. Негізгі дәнді егісті аудандарды, әсіресе, колхоз үйлеріне бөлгенде жыртылатын жер көлемі көп келетін аудандарды (Сібірді, Солтүстік Қазақстанды, Поволжьеңі) тракторлармен, комбайндармен, ауыл шаруашылығының басқа да машиналарымен, автомобильдермен бірінші кезекте қамтамасыз ету хажет деп табылсын. Таяу жылдар ішінде ауыл шаруашылығын механизациялауды күшейту үшін өздігінен жүретін комбайндар, тракторға тіркелетін дискалы луцильниктер, дискалы ауыр тырмалар, жүгері себетін шаршы ұялы сеялқалар, астық кептіретін көшпелі машиналар, астық тазартатын күрделі машиналар кеңінен қолданылсын.

II. ТЕХНИКАЛЫҚ ЕГІСТЕР ӨНДІРУДІ МОЛАЙТУ ЖӨНІНДЕ

Партия, совет ұйымдарына, ССР Одағы ауыл шаруашылығы Министрлігіне, ССР Одағы Совхоздар Министрлігіне, олардың жергілікті орындарына 1947 жылғы мемлекеттік жоспарға және бесжылдық жоспардың тапсырмаларына сәйкес үш жыл ішінде — 1947, 1948 және 1949 жылдар ішінде техникалық егістерді: мақта, шашақты зығыр, қант қызылшасын өндіруді соғыстан бұрынғы дәрежесіне жеткізу және одан асыру міндеттелсін.

Техникалық егістердің өнімділігін арттыру үшін олар таңдаулы жерлерге орналастырылсын, зябь жыртылған жерге егілетін болсын, егіс алдында жерді жақсы баптау, тұқымды дер кезінде себу және қатар аралығын дер кезінде баптау, минерал тынайтқыштарды қолдануды күшейту, суармалы жерлерді толық пайдалану қамтамасыз етілсін.

Мақта жөнінде

1. 1946 жылы мақта егетін негізгі аудандарда Өзбек, Тәжік, Азербайжан ССРларында мақтаның өнімі арттырылғаны және жалпы түсімі молайтылғаны атап көрсетілсін.

Алайда, мақта өндіруде мақта шаруашылығын өркендете беруге бөгет болатын елеулі кемшіліктер әлі де болса бар. Бірсыпра аудандарда, әсіресе, Өзбек ССРнда суармалы жерді дұрыс пайдаланбау салдарынан суармалы жердің едәуір бөлегі ауыл шаруашылығына қолданудан шығып қалып отыр. Су жүйелерін теріс пайдалану, механизмдерді толық пайдаланбау, өсімдікті баптау, суару тағы басқа ауыл шаруашылық жұмыстарының мерзімі сапасы жөнінен агротехникалық талаптарды бұзу орын теуіп келеді, шөп егу баяу өрістетіліп келеді, ауыспалы егісті қолдану, меңгеру қанағаттанғысыз болып келеді.

Бірсыпра облыстар мен аудандарда колхоздар мен совхоздар мақтадан өнімді аз алып, мақта дайындаудың мемлекеттік жоспарларын орындамай келеді.

1946 жылы әсіресе, Хорезм, Оңтүстік Қазақстан облыстарында

және Өзбек, Түркмен ССРларының басқа да бірсыпыра аудандарында мақтаның өнімі өте-мөте қатағаттанғысыз болды.

2. Мақта шаруашылығын тезірек қалпына келтіріп, бұрынғыдан да өркендету мақсатында мақта егісінің көлемі 1947 жылы 165,6 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1947 жылы 1.467.000 гектарға, 1948 жылы 1.530.000 гектарға жеткізілсін.

Бесжылдық жоспарда 1950 жылы мақтаның жалпы түсімі 3,1 миллион тоннаға жеткізілсін деген тапсырманың орындалуы, асыра орындалуы қамтамасыз етілсін.

3. Мақта егетін республикалардың бәрінде суармалы жерлерді дұрыс және толық пайдалану, оларды сор басуына, олардың батнактануына жол бермеу қамтамасыз етілсін, 1947 — 1948 жылдарда әсіресе, Өзбек, Тәжік, Түркмен, Қырғыз, Қазақ ССРларында пайдаланудан қалған суармалы жерлерді қалпына келтіру қамтамасыз етілсін.

4. Жер суаратын және жер құрғататын орындардың техникалық жағы жақсартылсын. Жер суаратын суды дұрыс пайдалануды бақылау күшейтілсін, егінді, жерді суару нормасын бұзуға жол берілмесін. Колхоздар мен совхоздарда суды пайдалану тәртіпке келтірілсін, суару техникасы жақсартылсын, барлық жерде егінді бораздамен дұрыс суару қолданылсын, мақта өсімдігін жайып суару жойылсын.

5. 1950 жылы мақта жөніндегі негізгі жұмыстарды механизациялау дәрежесі мынадай мөлшерге жеткізілсін: жер жырту және тұқым себу 90 процентке дейін, ұзына боймен культивациялау 90 процентке дейін, көлденең культивациялау 40 процентке дейін, мақта жыйнау 30 процентке және қауашақты тазарту 60 процентке дейін механизациялансын.

6. Мақта егетін республикалардың колхоздары мен совхоздарына 1947 жылы 565.000 тонна минерал тыңайтқышын жеткізу қамтамасыз етілсін.

Қант қызылшасы жөнінде

7. Қант қызылшасының өнімі, оны мемлекетке тапсыру мөлшері әсіресе негізгі қызылша егетін аудандарда — Украина ССРда, Курскі, Воронеж, Тамбов облыстарында едәуір төмендеп кеткені атап көрсетілсін.

Қант қызылшасын өндіруді тезірек қалпына келтіре және бұрынғыдан молайта беру мақсатында 1947 жылы қант қызылшасы егісінің көлемі 120.000 гектар, оның ішінде Украина ССРда 93.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1947 жылы ССР Одағында 1.058.000 гектарға, 1948 жылы 1.319.000 гектарға жеткізілсін.

8. 1949 жылы қызылша егетін колхоздардың бәрінде дұрыс ауыспалы егісті қалпына келтіру және қолдану, онда бұршақты және дәнді көп жылдық шөптердің аралас егісін қолдану аяқталсын, 1947 — 1948 жылдардан бастап қант қызылшасы алдын ала және дер кезінде апызы сыдыра жыртылған, осыдан кейін терең жыртылған зябьке ғана егілетін болсын. Қант қызылшасы ерте кезде, қысқа мерзімде, 6 — 7 күннен әрі кетпейтін уақыт ішінде егіліп, оны егу ерте егілетін дәнді егісті, жаппай егумен қабат басталатын болсын.

9. Қант қызылшасының зиянды жәндіктеріне қарсы күрес ұйымдастырылсын, етікшіге (долгоносикке) қарсы күреске тауықтар көбірек пайдаланылсын, ауыл шаруашылығының зиянды жәндіктеріне қарсы күрес жабдықтары, у-химикаттар, дәрі бүріккіштер және дәрі сепкіштер дер кезінде әзірленіп, колхоздарға, совхоздар мен МТСтарға жеткізілетін болсын, сонымен қатар, колхоздарда ауыл шаруашылығының зиянды жәндіктеріне қарсы күрестің оңай құралдарын жасап шығару қамтамасыз етілсін.

10. 1947 жылы қант қызылшасы үшін 397.000 тонна минерал тыңайтқышын жеткізу қамтамасыз етілсін.

11. 1949 жылы қант қызылшасын механизациялау дәрежесі мынадай мөлшерге жеткізілсін: зябті терен жырту 100 процент, егіс алдында культивациялау 85 процент, тұқым себу 90 процент, қатар аралығын баптау 75 процент, қызылша қазғышпен қазу 80 процент механизацияланып, қызылша комбайндарын пайдалану қамтамасыз етілсін.

12. Қант қызылшасын жыйнауға және оны дайындау пункттеріне тасуға дер кезінде әзірлеу қамтамасыз етілсін, қызылша қазғыштар жөнделсін, тиісті ауыл шаруашылық саймандары жасап шығырылсын, сонымен қатар, колхоздардың, МТСтар мен қант заводтарының көлік және автомобиль транспорты әзірленіп, олар толық пайдаланылсын. Мұның өзі қызылша өнімінің ысырабына қарсы күресудің және колхоздардың мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындауының аса маңызды шарттарының бірі болып табылатыны естен шығарылмасын.

Қызылша егетін аудандарда транспорт жұмысын жақсарту мақсатында кара жолдар мен тас жолдар жөнделіп, олар жақсы күйде ұсталсын. 1947 — 1950 жылдарда қант қызылшасы негүрлым көп тасылатын аудандарда тас жолдар, тар табанды темір жолдар салынсын.

Шашақты зығыр және конопля жөнінде

13. Киров, Кострома, Ярославль, Калуга, Новосібір, Иванов облыстары мен Удмурт АССРнда зығырдың, Пенза, Брянскі, Курскі облыстары мен Мордва АССРнда коноплені егіс көлемі көп қысқартылып, өнімі және мемлекетке тапсырылған өнімі мөлшері кеміп кеткені атап көрсетілсін. Белоруссия мен Украина ССРларында зығыр және конопле егу жұмысын қалпына келтіру баяу жүргізіліп келеді.

Бұл облыстар мен республикаларда зығыр және конопле шаруашылықтарына партия, совет, ауыл шаруашылық орындары тарапынан жете көңіл бөлінбей келеді. Осының салдарынан зығыр мен конопле егудің агротехикасы өте нашар болып отыр. Егіс көп кешігіп, оның үстіне нашар әзірленген жерге егіледі. Өнімді жыйнау дер кезінде жүргізілмейді, көп ысырапқа жол беріледі. Зығыр мен коноплені алғашқы егудің жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Зығырды талқу, бастыру жұмыстарының кешігуі зығыр тұқымының едәуір ысырап болуына, ал зығыр сабағын суға кешігіп салу, осындай салынған зығырдың күйін нашар бақылау, зығырдың артық жатып қалуына жол беру зығыр торқасының ысырабы көп болуына және сапасы төмендеп кетуіне әкеліп соғады.

14. Зығыр мен конопле өндіруді тезірек қалпына келтіру және ендігі жерде молайта беру мақсатында: шашақты зығырдың егіс көлемі 1947 жылы ССР Одағында 366.000 гектар, оның ішінде колхоздарда 223.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1947 жылы 1.300.000 гектарға, оның ішінде колхоздарда 1.014.000 гектарға, 1948 жылы 1.580.000 гектарға, оның ішінде колхоздарда 1.240.000 гектарға жеткізілсін.

Бесжылдық жоспарда 1950 жылы дән торқасының жалпы түсімін 800.000 тоннаға жеткізу жөнінде бесжылдық жоспарда белгіленген тапсырманың сөзсіз толық және асыра орындалуы қамтамасыз етілсін.

15. Орталық орыс коноплесі мен оңтүстік коноплесінің егіс көлемі 1947 жылы ССР Одағында 108.000 гектар, оның ішінде колхоздарда 67.000 гектар ұлғайтылып, жалпы көлемі 1947 жылы 337.000 гектарға, 1948 жылы 506.000 гектарға жеткізілсін.

16. Зығыр өнімін арттыру мақсатында көп жылдық шөп егістері-

нің — жоңышқа мен тимофеевканың көлемі ұлғайтылсын, зығыр егетін негізгі аудандардың колхоздарында 1950 жылы зығыр егісі негізінде көп жылдық шөп егістерінің орнына егілуі қамтамасыз етілсін. 1948 жылдан бастап зығыр мен конопле егістері түгелінен зябь жыртылған жерге орналастырылатын болсын. Үш жыл ішінде колхоздарда зығыр мен конопле тұқымын түгелінен қатарлы сеялкамен себуге көшу, ал, оның өнімін жыйнауды, бастыруды өнім жыйнау машиналарымен, молотилкалармен жүргізу қамтамасыз етілсін.

17. Шашақты зығыр мен конопленің тұқымын өсіретін колхоздар мен станциялардың саны көбейтілсін. Оларға тұқым өндіру жөніндегі тапсырма таяудағы екі-үш жыл ішінде зығыр мен конопле егістерін түгелінен сортты және жақсартылған жергілікті тұқыммен қамтамасыз етерлік мөлшерде болуы көзделсін. Шашақты зығыр мен конопленің жаңа сорттарын, торқа жөнінен болсын, тұқым жөнінен болсын өнімді мол беретін сорттарын шығару жөнінен селекция жұмысы жақсартылсын.

Каучук өсімдіктері жөнінде

18. Таза каучук өндіруге тұрақты шикі зат базасын тезірек жасау мақсатында каучук беретін көк сағыз, гваюла және тау сағыз егістерінің көлемін едәуір ұлғайту, олардың өнімін мықтап арттыру хажет деп табылсын. 1947 жылы көк сағыз егу жоспары сөзсіз орындалуы қамтамасыз етілсін. 1947 — 1948 жылдары көк сағыз егісі Белорус, Украина ССРларында, Чуваш, Башқұрт АССРларында, Курскі, Владимир, Орел, Тула, Горький және Рязань облыстарында көбінесе және ең алдымен осы егісті егу жөнінен тәжірибесі бар колхоздарға орналастырылсын, егістің шектен тыс бөлшектеніп кетуіне жол берілмесін.

19. Көк сағыз өсірудің алдыңғы қатарлы агротехникасы кеңінен қолданылсын. Ол зябь терең жыртылған жерге органикалық және минерал тыңайтқыштарды қолдана отырып егілетін болсын, егіс мұқият күтілсін, тұқым себу және баптау жұмыстары белгіленген мерзімде дәлме-дәл жүргізілсін. Көк сағыздың сортты және жақсарған тұқымдарын өндіру ісімен шұғылданатын тұқым өсіруші колхоздар мен совхоздар белгіленсін.

20. ССР Одағы ауыл шаруашылық Министрлігіне В. И. Ленин атындағы Бүкіл Одақтық Ауыл шаруашылық Ғылымдары Академиясын қатыстыра отырып, көк сағызды қолдан өндірудің әдістерін табуды тездету, сонымен қатар, оны өндіріске қолдану, сол сыяқты Украина ССРның жері суарылмайтын далалы аудандарында тау сағыз өсірудің әдістерін табу міндеттелсін.

Темекі мен махорка жөнінде

21. Краснодар өлкесінде, Украина ССРнда, Қырым облысында темекінің, Саратов, Тамбов, Рязань облыстары мен Мордва АССРнда махорканың өнімі едәуір кеміп кеткені атап көрсетілсін. Темекі мен махорканың өнімі төмен болуы жергілікті партия, совет орындарының осы егістерді өндіруге жеткіліксіз көңіл бөлуінен, агротехниканың бұзылуынан, өнімді жыйнауда ысыранка жол берілуінен, сол сыяқты парник және кептіру шаруашылығының күйі қанағаттанғысыздығынан болып отыр.

Темекі егісінің көлемі 15,3 мың гектар, махорка егісінің көлемі 32,1 мың гектар ұлғайтылып, 1947 жылы темекінің жалпы көлемі 98,2 мың гектарға, оның ішінде колхоздарда 83,8 мың гектарға, махорканың жалпы көлемі 129,000 гектарға, оның ішінде колхоздарда 116,5 мың гектарға, 1948 жылы темекі 101,4 мың гектарға, оның ішінде кол-

хоздарда 87.000 гектарға, махорка 141.000 гектарға, оның ішінде колхоздарда 123.000 гектарға жеткізілсін.

22. Темекі егетін колхоздардың бәрінде ерте мерзімде темекі мен махорканың көшетін отырғызуға толық жетерлік мөлшерде парник шаруашылығын ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

1947 — 1948 жылдары колхоздардағы темекі және махорка күрғататын кептіргіштердің бәрі қалпына келтірілсін, сонымен қатар жанадан кептіргіш орындар салу ісі өрістетіліп, әрбір темекі егетін колхозда өзінің керегін толық қамтамасыз ететін кептіргіш орындар болатын етілсін. Темекі мен махорка егуге жақсы тыңайтылған, арам шөптен таза, зябь жыртылған жерлер бөлінсін. Темекі мен махорканы егу, күту жұмысы агротехникалық ең жақсы мерзімдерде жүргізіліп, егу жиілігі жөніндегі норма толық сақталсын. Ал, бұл егістердің өнімін жыйнау суық түскенге дейін аяқталып, өнімнің, әсіресе, жыйнау және кептіру кезінде ысырап болуына жол берілмесін.

Жібек шаруашылығы жөнінде

23. 1948 жылы жібек пілләлерінің жалпы түсімі кемінде соғысқа дейінгі мөлшерге жеткізілуі қамтамасыз етілсін.

Соңғы жылдарда, әсіресе Өзбек, Қазақ, Түркмен және Қырғыз ССРларында тұт ағаштарының мықтап азайтылуына, кесілуіне, малға жегізілуіне және қуратылуына енді төзіп отыруға болмайды деп есептелсін. Жібек күртының азық қорын неғұрлым тез қалпына келтіру және молайту жібек шаруашылығын өркендетудің негізгі шарты болып табылатыны ескеріліп, тұт ағаштарының көлемі едәуір кеңейтілсін, тұт ағаштарының күтімі жақсартылсын, тұт ағаштары егісінің сиректігі жойылып, тұт ағашының мол өнімді сорттары кеңінен қолданылсын.

Орта Азия мен Закавказье аудандарындағы жібек шаруашылығын онан әрі өркендетумен бірге, РСФСРда, Украин және Молдаван ССРларында жібек шаруашылығын күшейту және тұт ағашының жапырағымен, сол сыяқты сменнің жапырағымен қоректенетін жібек күрттары үшін азық қорын жасау шаралары қолданылсын.

Жанадан піллә жібітетін, піллә кептіретін орындар және гренаж заводтарын салу жұмыстары күшейтілсін.

Цитрус егістері мен шай жөнінде

24. Субтропикалық аудандардың ауыл шаруашылық, партия және совет орындары алдына цитрус жемістер мен көк шай жапырақтарының өнімділігін едәуір арттыру міндеті қойылсын. 1948 жылы сортты көк шай жапырағының түсімі соғысқа дейінгі мөлшерден арттырылсын.

1947 жылы цитрус егістерінің көлемі 20,8 мың гектарға, шай егісінің көлемі 55,6 мың гектарға дейін ұлғайтылып, 1949 жылы цитрус егістердің көлемі 27,5 мың гектарға, шай егісінің көлемі 60 мың гектарға жеткізілетін болсын.

Цитрус егістердің көлемі ылғый апельсин және лимон ағаштарын егу есебімен ұлғайтылсын.

Басқа субтропик жеміс егістерінің (маслина, инжер, анар, хұрма) өсірілуі қамтамасыз етілсін.

25. 1947 — 1948 жылдарда шай егісінің сиректігі жойылсын, 1949 жылы өнімі аз цитрус ағаштарына мол өнімді цитрус ағаштарының тұқымын егу аяқталсын; өсімдіктің жақсы күтілуі қамтамасыз етілсін, агротехниканың нашарлатылуына жол берілмесін.

26. Цитрус егістерді салқынырақ субтропик аудандарға тарату мақсатымен, апельсин мен лимонның суыққа төзімді, ерте пісетін және

мол өнімді сорттарын өсіруді көздейтін селекция жұмысы ұйымдастырылсын, бұл жұмысқа ғылыми-зерттеу мекемелерінен басқа тәжірибелі колхозшылар, бау-бақшашылар және агрономдар қатыстырылсын.

Цитрус және шай егістеріндегі зиянды жәндіктерді қыру, ол егістердегі кеселдерді жою жөнінде тиісті шаралар қолданылып, ондай зиянды жәндіктер мен кеселдердің ошақтары таяудағы 2 — 3 жыл ішінде жойылатын болсын.

1947 жылы шай және цитрус егістеріне керекті минерал тыңайтқыштар және у-химикаттар жеткізілуі қамтамасыз етіліп, сидераттар мен жергілікті органикалық тыңайтқыштар кеңінен пайдаланылсын.

1947 жылы Грузин ССР-на цитрус егістері мен шай егісі үшін 84.000 тонна минерал тыңайтқыштар, оның ішінде 45.000 тонна азотты тыңайтқыш бөлінсін.

Жеміс және жүзім шаруашылығы жөнінде

27. 1947 жылы колхоздарда жаңадан 16.700 гектар жеміс бауы, 6.700 гектар жидек, 11.400 гектар жүзім, 1948 жылы 25.000 гектар жеміс бауы, 10.000 гектар жидек, 16.000 гектар жүзім егілуі қамтамасыз етілсін, мұнымен бірге қазіргі жеміс бауларының, жидек және жүзім бауларының өнімділігі арттырылсын.

28. Колхоздардың және мемлекеттің қазіргі питомниктері нығайтылып, жаңа питомниктер жасалсын, сөйтіп жаңа жеміс бауларын, жүзім және жидек бауларын егуге керекті көшет материал жеткізу, бұл бауларды жөндеу, сол сыяқты колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің үй іргесіндегі учаскелеріне жеміс ағаштарын, жүзім бұталарын егу толық қамтамасыз етілсін.

29. Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігіне арналы бау-бақша машиналарын (бау-бақша соқаларын, тырмаларын, культиваторларын, плантаж соқаларын), жеміс баулары мен жүзім бауларындағы зиянды жәндіктерді қыратын, өсімдіктің кеселдерін жоятын аппараттар, сол сыяқты бау-бақшада қолданылатын ұсақ саймандар жасауды 1948 жылы қалпына келтіру міндет етілсін.

Соя мен майкене жөнінде

30. Соя мен майкене егістерін қалпына келтіру өте шабан екені атап көрсетілсін. Әсіресе Краснодар өлкесі мен Украина ССР-да соя мен майкененің егіс көлемін және шығымдылығының қалпына келтірілуі өте шабан.

1947 жылы сояның егіс көлемі 52.000 гектар, оның ішінде колхоздарда 29.000 гектар ұлғайтылып, 274.000 гектарға жеткізілсін, сөйтіп, сояның егіс көлемі 1948 жылы соғысқа дейінгі мөлшерінде қалпына келтірілетін болсын; 1947 жылы майкене егісінің көлемі колхоздарда 48.000 гектар ұлғайтылып, 112,5 мың гектарға, 1948 жылы 150.000 гектарға жеткізілетін болсын.

31. Соя мен майкенеден тұрақты мол өнім алу үшін бұл егістер зябь жыртылған жерге, ал Қызыр Шығыста соя пар жыртылған жерге егілетін болсын. Соя мен майкененің мол өнімді жаңа сорттарын өсіруді көздейтін селекция жұмысы жақсартылсын, майкененің қауашақтары шатынамайтын сорттары кеңінен қолданылсын. Колхоздарда сортты тұқым өндіру ұлғайтылып, 1949 жылы соя мен майкененің егісі түгелінен сортты тұқыммен қамтамасыз етілсін.

Майлы егістер жөнінде

32. Құнбағыстың егіс көлемі 105.000 гектар арттырылып, 1947 жылы 3.100.000 гектарға дейін, 1948 жылы 3.392.000 гектарға дейін

жеткізілсін, шашақты зығырдың егіс көлемі 40.000 гектар арттырылып, 1947 жылы 238.000 гектарға дейін, 1948 жылы 336.000 гектарға дейін жеткізілсін, горчицаның егіс көлемі 1947 жылы 286.000 гектарға, 1948 жылы 300.000 гектарға, рыжиктің егіс көлемі 1947 жылы 223.000 гектарға жеткізілсін.

33. 1947 жылдан бастап майлы егістердің зябь жыртылған жерге салынуы қамтамасыз етілсін, жер қыртысын егіс алдында күтудің және егінді күтудің сапасы жақсартылсын; майлы егістердің (күнбағыстын, күнжіттің, мактың, сафлордың, перилланың, арахистің) кең қатарлы егістерінде егіннің қатар аралығы кемінде үш рет қопсытылып, сонымен қатар арам шөбі оталатын болсын.

34. Майлы егістерді, әсіресе, күнбағысты жыйнау жұмысының кешейдетілуі бұдан былайғы жерде кешіргісіз деп саналсын, өйткені, оның салдарынан егіннің едәуір бөлегі рәсуа болады. ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі, жергілікті партия және совет орындары 1947 жылы, одан кейінгі жылдарда да майлы егістердің дер кезінде жыйнап алынуын қамтамасыз етуге міндеттендірілсін, ал, Ауылшаруашылық машиналарын жасау Министрлігі майлы егістерді жыйнау үшін комбайндарға қосалқы бөлшектер өндіруді керекті мөлшерде ұйымдастыруға міндеттендірілсін.

Картоп пен овощь жөнінде

35. 1947 жылы ССР Одағы көлемінде картоптың егіс көлемі 647.000 гектар арттырылып, 8.318.000 гектарға дейін жеткізілсін, соның ішінде колхоздарда 2.682.000 гектарға жеткізілсін, 1948 жылы 9.108.000 гектарға жеткізілсін, соның ішінде колхоздарда 3.045.000 гектарға жеткізілсін.

36. 1947 жылы ССР Одағында овощь егістерінің көлемі 138.000 гектар арттырылсын, соның ішінде колхоздарда 120.000 гектар, ол овощь егістерінің түсімінің ішінде жуа жөнінде 26.000 гектар, капуста жөнінде 49.000 гектар арттырылсын. Овощь егістерінің көлемі 1947 жылы 1.800.000 гектарға дейін жеткізілсін, соның ішінде колхоздарда 835.000 гектарға дейін жеткізілсін және 1948 жылы 2 миллион гектарға дейін, соның ішінде колхоздарда 900.000 гектарға дейін жеткізілсін.

Қолхоздарда картоп пен овощь егудің соғысқа дейінгі дәрежесіне жетіп, одан асып түскен Молотов, Свердлов, Челябин, Кемерово, Москва облыстарының, Алтай өлкесінің, Удмурт АССРның, Грузин, Армян, Азербайжан ССРларының партия және совет ұйымдарының алдына бұл егістердің көлемін бұдан былай да кеңейте беру, шығымдылығын арттыра беру міндеті қойылсын. Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс аудандарында жазда картоп егудің соғысқа дейінгі дәрежесіне екі жылдың ішінде жету қамтамасыз етілсін.

Рязань, Саратов, Тамбов облыстарының картоп пен овощь өндіруді арттырудың орнына, овощь пен картоптың шығымдылығы мен жалпы түсімін төмендетіп жібергендігі атап көрсетілсін. Москваның, Ленинградтың, Бакудің, Харьковтың, Киевтің, Горькийдің, Сталинградтың төңрегінде, Оралдың, Донбастың, Кузбастың өнеркәсіп орталықтары, Сібір мен Қыйыр Шығыстың қалалары және басқа ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары төңрегінде картоп-овощь және мал шаруашылығы базаларын бұдан былай да нығайту, өркендету шаралары істелсін, сөйтіп, бұл орталықтарды овощьпен, картоппен және едәуір дәрежеде, жергілікті орыннан алынатын сүтпен және етпен жабдықтау толық қамтамасыз етілсін, сол сыяқты қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының халқын қысқы-көктемгі кезде ерте пісетін овощьтармен, тамақ өсімдіктерімен жабдықтау үшін парник-теплица шаруашылығы барынша өркендетілсін. Спирт және крахмал-шіре өнеркәсібі аймақта-

рында, әсресе, Рязань, Брянскі, Орел, Владимир, Горький, Иваново, Ярославль, Тула, Смоленскі, Чернигов, Житомир, Могилев облыстарында картоп өндіру күшейтілсін, сонымен спирт өндіруде астықтың жұмсалуды мейлінше азайтылып, жуырдағы 2—3 жылда картоп шикі затының алатын орыны едәуір ұлғайтылсын.

Консерві заводтарының аймақтарында, әсресе, Астрахань, Қырым облыстарында, Краснодар өлкесінде, Дағыстан АССРнда, Азербайжан, Өзбек, Украин, Молдаван ССРларында овощь өндірілуі ұлғайтылып, консерві заводтары шикі-затпен толық қамтамасыз етілетін болсын.

Картоп пен овощьтардың шығымдылығын арттыру, картоп пен овощьтарды өсіру үшін суарылатын егіс көлемін едәуір арттыру мақсатында: егін суару жұмысын уақытында жүргізу үшін керекті мөлшерде Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігі су бұрку құралдарын жасап шығаруға, Ауыр машина жасау Министрлігі мұнай двигательдерін жасап шығаруға, Машина жасау және аспап жасау Министрлігі су насостарын жасап шығаруға міндеттендірілсін. ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі егін суаратын жаңа құралдардың түр-түрін белгілеп беретін болсын.

III. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕ

1948 жылдың аяғында сыйыр малының, қой мен ешкінің және 1949 жылдың аяғында шошқаның саны соғысқа дейінгісіне жеткізіліп, одан асырылсын. Бесжылдықтың аяғына дейін өнім малының барлық түрлерінің соғысқа дейінгі саны едәуір асырылсын; колхоздарда 1950 жылдың аяғына дейін жылқының саны 1946 жылғымен салыстырғанда 58 процент арттырылсын.

Еттің, сүттің, жүннің өнімі жөнінде, төл өсіру жөнінде малдың өнімділігі арттырылып, сүт пен жүннің жалпы өнімі жөнінде 1948 жылы, ет жөнінде 1949 жылы соғысқа дейінгі дәрежеге жету қамтамасыз етілсін, бесжылдықтың аяғына дейін бұл дәрежеден едәуір асып түсу қамтамасыз етілсін.

Берік мал азығы қоры жасалып мал шаруашылығының өркендетілуі, оның өнімділігінің арттырылуы, төлдейтін малдың қысыр қалмайтын болуы қамтамасыз етілсін, мұнда колхоздар мен совхоздарда өнімді мол беретін мал тұқымдарын көп өсіру үшін малды қолдан ұрықтандыру кеңінен қолданылсын, мал тұқымын асылдандыру жұмысы мейлінше жақсартылсын.

Қазақ ССР партия және совет орындарының 1941 жылдан 1946 жылға дейінгі кезеңде жылқының, сыйыр малының қойдың жалпы санының көбеюін қамтамасыз еткендігі атап көрсетілсін. Нақ сол дәуірдің ішінде Калинин, Москва облыстары мен Чуваш АССРы сыйыр малы мен қойдың санын, Горький, Иваново облыстары мен Якут АССРы сыйыр малының санын көбейтті. Грузин, Азербайжан, Түркмен ССРлары, Архангельскі облысы мен Хабаровскі өлкесі қой мен ешкінің санын көбейтті.

Сонымен қабат, мал шаруашылығын өркендетуге жергілікті партия және совет орындарының басшылығы қанағаттанғысыз болуының нәтижесінде 1941 жылдан 1946 жылға дейінгі кезеңде Башқұрт АССРнда, Алтай, Краснояр өлкелерінде, Новосібір, Саратов, Омскі облыстарында сыйыр малы мен қойдың жалпы саны кеміп кетті. Нақ сол уақыттың ішінде Вологда, Киров, Иркутскі, Чита облыстары, Бурят-Монгол АССРы сыйыр малының санын, Ульянов, Чкалов облыстары мен Татар АССРы қойдың санын кемітіп алды.

Партия және совет ұйымдары, ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі, ССР Одағы Совхоздар Министрлігі және олардың жергі-

лікті орындары 1947 жылдың мемлекеттік жоспары мен бесжылдық жоспарға сәйкес мыналарды істеуге міндеттендірілсін:

Сыйыр малы жөнінде

1. Сыйыр малының саны 1947 жылы 5,2 миллион бас арттырылып, 1948 жылғы 1 январьға дейін 52 миллионға дейін жеткізілсін, соның ішінде колхоздарда 2,6 миллион бас арттырылып, 18,4 миллионға жеткізілсін және 1949 жылы 1 январьға дейін 56,1 миллионға дейін жеткізілсін, соның ішінде колхоздарда 21,2 миллионға дейін жеткізілсін және сыйырдың саны 1948 жылғы 1 январьға дейін 24,7 миллионға дейін жеткізіліп, соның ішінде колхоздарда 4,4 миллионға дейін жеткізілсін және 1949 жылғы 1 январьға дейін 27,2 миллионға жеткізілсін, соның ішінде колхоздарда 6 миллионға дейін жеткізілсін.

2. Көп колхоздарда мемлекет алдындағы міндеттемелерді орындау үшін және колхозшылардың еңбек күніне беру үшін мал шаруашылығы өнімін жеткілікті мөлшерде өндіруді қамтамасыз ете алмайтын сыйыры аз ұсақ фермалардың болуы мал шаруашылығын өркендетудегі үлкен кемшілік деп саналсын. Орта есеппен бір фермаға Тамбов облысында тек 6 сыйыр, Киров облысында 7 сыйыр, Пенза облысында 8 сыйыр келеді. Бірсыра облыстарда, өлкелер мен республикаларда кейбір колхоздардың фермаларында төлдейтін малдың мүлдем болмауы өте-өте кешіргісіз. Киров облысында 586 колхоздың, Рязань облысында 108 колхоздың, Тамбов облысында 53 колхоздың фермаларында сыйыр жоқ.

Партия, совет және ауыл шаруашылық орындары 1947 — 1948 жылдардың ішінде барлық колхоздарда товарлы сүт фермалары ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге, ал, 1950 жылдың аяғында барлық колхоздарда заң бойынша тағайындалған мөлшерде төлдейтін малы бар фермалар болуын қамтамасыз етуге міндеттендірілсін. Сыйырдың кем дегендегі мөлшері жөнінде тапсырманы орындаған колхоздарда, мал санын көбейту жөніндегі жоспардың тапсырмаларын жеткізгенде, мал санын бұдан былай да көбейте беру керектігі ескерілетін болсын.

3. Таяудағы екі-үш жылдың ішінде колхозшылардың арасында сыйырсыздықты, малсыздықты жою маңызды міндеттердің бірі деп саналсын.

Осы мақсатпен 1947 — 1948 жылдардың ішінде сыйырсыз колхозшылардың қашар сатып алуына мемлекет тарапынан қарыз ақша беріліп жәрдем көрсетілуі ұйымдастырылсын.

Жергілікті партия, совет орындары және колхоз басқармалары колхозшылардың өз қарауындағы малды шөппен және қунарлы азықтармен, сол сыяқты, мал жайылымымен қамтамасыз етуіне барынша көмек көрсетуге міндеттендірілсін.

ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі мен оның жергілікті орындары колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығында зоотехникалық және мал дәрігерлік шараларды жүргізгенде колхозшылардың жеке пайдалануындағы мал шаруашылығына зоотехникалық және мал дәрігерлік жәрдем көрсетіп отыруға міндеттендірілсін.

4. 1947 жылдың аяғына дейін колхоз фермаларында әрбір сыйырдан сауылатын сүттің орта мөлшері 1946 жылғымен салыстырғанда 15 процент және 1948 жылдың аяғында 1947 жылғымен салыстырғанда 15 процент артуы қамтамасыз етілсін.

Партия және совет орындары, ССР Одағының Ет-сүт өнеркәсібі Министрлігі, ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі, ССР Одағы Совхоздар Министрлігі және олардың жергілікті орындары барлық облыстарда, өлкелер мен республикаларда, әсересе, товарлы май өндіруді ертеден кәсіп еткен аудандарда, яғни, Сібірде, Архангельскі,

Вологда, Молотов, Киров облыстарында колхоздардың сыйырларының санын неғұрлым тез көбейту, сыйыр малының өнімділігін арттыру, тұрақты мал азығы базасын жасау және сүт заводтарын барынша көбейту негізінде май өндірілуін едәуір ұлғайтуды қамтамасыз етуге міндеттендірілсін.

5. Колхоздарда сүт тапсырмасын маймен орындауға мүмкіндік берілмеуі, оларға сепаратор сатылмауы және мемлекеттік май заводтары жеткілікті болмағандықтан колхоздардың сүтті мемлекеттік қабылдау пункттері мен май заводтарына лажсыздан алыс жерге тасуы, осының нәтижесінде сүттің едәуір бөлегі май айыруға жұмсалмай, көп сүттің рәсуа болуы теріс жағдай деп саналсын. Қазіргі май заводтарының, қабылдау пункттерінің және колхоздардың сүт ыдысымен, құрал жабдықпен, сүттің майлылығын айыратын реактивтермен қамтамасыз етілуі қанағаттанғысыз. Осының бәрінің салдарынан мемлекет сүтті едәуір мөлшерде кем алып отыр, ал, колхоздар көп сүтті рәсуа етіп отыр.

Май өндіруді едәуір ұлғайту мақсатында ССР Одағы Ет-сүт өнеркәсібі Министрлігі колхоздардан, колхозшылар мен шаруалардан, жұмысшылар мен қызметшілерден сүт тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындау есебіне тапсырған майын бөгетсіз қабылдауға міндеттендірілсін.

Сүт заводтарының, сүт дайындау пункттерінің, колхоздарды, совхоздарды, колхозшылар мен шаруаларды сепаратормен, сүт ыдыстарымен, лаборатория жабдығымен қамтамасыз ету үшін 1947 жылы: 150 мың сепаратор, 850 мың сүт бетоны, 242 мың кеспек, 143,5 мың сүт өлшеуіш, 21 мың центрофуг, 500 мың бутирометр шығарылатын болсын. Колхоздар мен сүт өнеркәсібі үшін күкірт қышқылы мен анил спирті керекті мөлшерде бөлініп шығарылсын.

6. Колхоздарда малды семірту, малды бордақылау жұмысының ұйымдастырылуы нашар екендігі, осының салдарынан ет тапсыру міндеттемесінің есебіне көптеген арық малдың өткізілуі, сөйтіп, мемлекетке және колхоздарға үлкен залал келтірілуі зор кемшілік деп саналсын, өйткені, мемлекет сапасы төмен ет алады, ал, колхоздар басы артық малды тапсыруға мәжбүр болады.

Колхоздарда сыйыр малын семіртудің жоспары 1947 жылы — 2 миллион бас мөлшерінде, 1948 жылы 2,2 миллион бас мөлшерінде белгіленсін, сөйтіп, колхоздар бұдан былайғы жерде ет тапсыру есебіне арық малды өткізуін тоқтатып, етті, семіз мал тапсыруын едәуір молдйтатын болсын.

7. Қазақ ССРіда, Қырғыз ССРіда, Солтүстік Кавказ, Еділ бойы, Оңтүстік Орал, Шығыс Сібір аудандарында ет малын өсіру үшін мал азықтандыратын жер мол екендігін ескеріп, ССР Одағы Министрлер Советіне мал жайылымдарын суландыру жөніндегі шараларды кең көлемде жүргізу жолымен жазғы және қысқы мал жайылымдардың неғұрлым толық пайдалану негізінде жоғарыда айтылған аудандарда ет малын көп өсіру туралы мәселені қарап шешу ұсынылсын.

8. Дайындау базасының жеткіліксіздігіне байланысты, колхоздар мен совхоздар малды лажсыздан алысқа айдауға мәжбүр болып отырғандығы себепті, ССР Одағы Ет-сүт өнеркәсібі Министрлігі колхоздар мен совхоздардан мал қабылдау ісін жақсылап ұйымдастыруға, дайындау базаларын кеңейтуге және дайындалған малды жемдеу жұмысын неғұрлым кең көлемде ұйымдастыруға міндеттендірілсін.

Қой өсіру жөнінде

9. Қой мен ешкінің саны 1947 жылы 15,6 миллион көбейтілсін, соның ішінде колхоздарда 6,9 миллион көбейтілсін және 1948 жылғы 1 январьда қой мен ешкінің саны 84,7 миллионға, соның ішінде биязы

жүнді және ұяң жүнді қой мен ешкінің саны 20,1 миллионға жеткізілсін, 1949 жылғы 1 январьға дейін 97,8 миллионға, соның ішінде биязы жүнді және ұяң жүнді қой мен ешкінің саны 27,2 миллионға жеткізілсін; колхоздарда қой мен ешкінің саны 1948 жылғы 1 январьға дейін 46 миллионға, соның ішінде биязы жүнді және ұяң жүнді қой мен ешкінің саны 14,4 миллионға жеткізілсін және 1949 жылғы 1 январьға дейін 53,7 миллионға, соның ішінде биязы жүнді және ұяң жүнді қой мен ешкінің саны 18,9 миллионға жеткізілсін.

10. Бірсыпра облыстарда, өлкелер мен республикаларда, әсіресе Алтай, Краснояр, Новосібір, Омскі, Чкалов, Куйбышев, Саратов облыстарында биязы жүнді қой өсіруге тиісті көңіл бөлінбейтіндігі, соғысқа дейінгі жылдарда кеңінен қолданылған, қойды қолдан ұрықтандыру әдісі өте аз қолданылып кеткендігі, мұның өзі биязы жүнді және ұяң жүнді қойдың саны кемуіне, биязы жүн мен ұяң жүнді дайындау ісінің кемуіне әкеліп соққандығы атап көрсетілсін.

Партия және совет орындары, ССР Одағы Ауыл шаруашылығы Министрлігі, ССР Одағы Совхоздар Министрлігі бесжылдық жоспарға сәйкес, әсіресе, Солтүстік Кавказ аудандарында, Қазақ, Қырғыз ССРларында, Украин ССРида, Батыс Сібірде, Қырым облысында, Еділ бойында биязы жүнді және ұяң жүнді қой өсіруді өркендете беруге, сонымен қатар, елтірілік, тондық теріні, етті-майлы қой өсетін аудандарда бұл қойларды көп өсіретін болуға міндеттендірілсін.

Шошқа өсіру жөнінде

11. Шошқаның саны 1947 жылы 4,8 миллион көбейтілсін және 1948 жылғы 1 январьға дейін 13,4 миллионға дейін жеткізілсін, 1949 жылғы 1 январьға дейін 20,3 миллионға дейін жеткізілсін, соның ішінде колхоздарда 1947 жылы шошқаның саны 2,2 миллион көбейтіліп, 1948 жылғы 1 январьға дейін 4,6 миллионға және 1949 жылғы 1 январьға дейін 6,3 миллионға жеткізілсін.

12. Шошқаның әртүрлі тұқымын будандастырудан туатын шошқаның семіргіш келетіндігі еске алынып, колхоздар мен совхоздарға әр тұқымды будандастыру әдісін кеңінен қолдану ұсынылсын.

Шошқа өсіруге колхоздарда азық қорын қамтамасыз ету үшін әдейілеп жүгері, бақша егістері, қант қызылшасы, картоп егілетін болсын, шөп сүрленетін болсын, люцерна мен жоңырышқа ұнтақталатын болсын, шошқаны жаю ұйымдастырылсын.

Жылқы өсіру жөнінде

13. 1947 жылы жылқы 1.100.000 бас көбейтіліп, 1948 жылғы 1 январьға дейін 11,9 миллионға жеткізілсін, оның ішінде колхоздарда 1947 жылы жылқы 1946 жылғыдан 700.000 бас көбейтіліп, 7,3 миллионға жеткізілсін; 1949 жылғы 1 январьға дейін жылқы 12,9 миллионға, оның ішінде колхоздарда 8,2 миллионға жеткізілсін.

Мемлекеттік тұқым мал рассадниктерінің, колхоздардың тұқым мал фермаларының және мемлекеттік жылқы заводтарының жұмысын жақсарту, олардағы айғырларды толық пайдалану шаралары қолданылсын, колхоздардың тұқымдық жылқы өсіретін фермалары көбейтілсін, қырдағы аудандардың колхоздарында үйірлі жылқы өсіру кеңінен күшейтілсін.

14. Республикалардың министрлер советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне жергілікті өнеркәсіп және қолөнері кооперациясы кәсіп орындарына ат жегетін арба, шана, жегу әбзелдерін даярлау, жөндеу, таға, ат тағалайтын шеге, киіз, кара май,

дөңгелек майын және ағаш көмірін жасау өндірісін ұйымдастыру міндет етілсін.

ССР Одағының Жеңіл өнеркәсіп Министрлігіне 1947 жылдан бастап аттың жегу әбзелдерін, ер-тұрман, аттың күтіміне керекті саймандар жасау, киіз басу, қайыс илеу өндірісін күшейту міндет етілсін.

15. Күш көлігін көбейту үшін колхоздарда жұмысқа салатын өгіздерді өсіру ұйымдастырылып, колхоздарда жұмыс өгіздерінің саны 1948 жылғы 1 январьға дейін 3,5 миллионға, 1949 жылғы 1 январьға дейін 4,1 миллионға жеткізілсін.

16. СССР Одағының Ауыл шаруашылығы Министрлігіне, жергілікті партия және совет орындарына мал шаруашылығының мал дәрігерлік хажетін өтеуді жақсарту міндет етілсін. Малдың ауру-індеті, өлім-жітімі мейлінше азайтылсын. Аудандық мал дәрігерлік емханаларын, зоотехникалық-мал дәрігерлік учаскелерін, мал дәрігерлік-фельдшерлік пункттерін және мал дәрігерлік-бактериологиялық лабораторияларды салу, жөндеу жұмысы ұйымдастырылсын.

Қолхоздарды, совхоздарды және мал дәрігерлік-зоотехникалық орындарды дәрі-дәрмекпен, дәрілеу құралдарымен, аспаптармен, саймандармен жабдықтау ісі едәуір жақсартылсын. Мал дәрігерлік жабдықтарды, дәрі-дәрмекті, дәрілеу құралдарын жасау өндірісі қалпына келтіріліп, мал шаруашылығының хажетін толық қамтамасыз ететіндей дәрежеге жеткізілсін. Қолхоздар мен совхоздар үшін стандартты мал дәрігерлік аптечкаларын, мал дәрігерлік емханалары мен мал дәрігерлік-фельдшерлік пункттер үшін мал дәрігерлік аспаптарының барлық түрін жасап шығару ұйымдастырылсын.

Тұқымдық мал өсіру жөнінде

17. Жергілікті партия және совет орындарының тұқымдық мал өсіру ісінің маңызын жете бағаламай, асыл тұқымды малды көбейту мал шаруашылығының өнімділігін неғұрлым тез арттыруға мүмкіншілік беретінін ескермей отырғандығы дұрыс емес деп танылсын. Көп колхоздар мен совхоздарда тұқымдық өндіріс малдары (айғыр, бұқа және басқалары) өсіру жұмысы ұйымдастырылмаған. Бұдан мал тұқымынан, әсіресе жергілікті мал тұқымынан мол өнімді малдарды іріктеу және оларды өсіріп көбейту жұмысы жеткілікті ұйымдастырылмаған. Мал тұқымын аудандастыру жұмысы жүргізілмеген. Ал, жақсы тұқымды мал өнімді де көп береді.

Партия және совет орындарына, СССР Одағының Ауыл шаруашылығы Министрлігі мен Совхоздар Министрлігіне тұқым мал совхоздарын мемлекеттік тұқым мал расадниктерін және колхоздардың тұқым мал фермаларын қалпына келтіру және жаңадан ұйымдастыру міндет етілсін. Бесжылдықтың аяғына дейін барлық колхоз фермалары малдың қай түлігінен болса да тұқымы асыл, тұқымдық сапасы жақсы өндіріс малдарымен қамтамасыз етілсін.

ССР Одағының Ауыл шаруашылығы Министрлігіне үш ай мерзім ішінде тұқым мал өсіру ісін жақсарту, мал тұқымын аудандастыру жөнінде ұсыныстар белгілеп, СССР Одағының Министрлер Советінің қарауына тапсыру міндет етілсін.

18. СССР Одағының Ауыл шаруашылық Министрлігіне, Совхоздар Министрлігіне және олардың жергілікті орындарына малдың әр түлігінің тұқымын асылдандыру жұмысы жүргізілуін қамтамасыз ету міндеттелсін. Бұл жұмыс: жылқы өсіру жөнінде — аттардың жұмысқа мықтылығын, жарамдылығын және ірілігін арттыру бағытымен; сыйыр малы жөнінде — сүттілігін, еттілігін, сүтінің майлылығын, тез жетілгіштігін және тірдей салмағын оған әрі арттыру бағытымен, қой жөнінде — биязы жүнді, ұяң жүнді қой тұқымдарын қалпына келтіру

және онан әрі жақсарту, бұл қойлардың жүндестігін, еттілігін арттыру, сол сыяқты қатаң жүнді қой тұқымдарын онан әрі жақсарту бағытымен; шошқа жөнінде — өсімталдығын, жетілгіштігін арттыру, майды көп беретін жергілікті шошқа тұқымдарын жақсарту бағытымен жүргізілсін.

19. ССР Одағының Ауыл шаруашылығы Министрлігіне, партия және совет орындарына асыл тұқымды малдарды неғұрлым тез көбейту, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру және қолдан ұрықтандыру пункттерін тұқымдық сапасы жақсы өндіріс малдарымен жабдықтау үшін, қолдан ұрықтандыру әдісін кеңінен қолдану шараларын істеу міндет етілсін.

Қойды қолдан ұрықтандыру 1947 жылы 7,6 миллион басқа, сыйырды қолдан ұрықтандыру 640 мың басқа, 1948 жылы қойды қолдан ұрықтандыру 11 миллион басқа, сыйырды қолдан ұрықтандыру 820 мың басқа жеткізілсін. Одақтық және жергілікті өнеркәсіп орындарында қолдан ұрықтандыру пункттеріне керекті аспаптардың жасалуы қамтамасыз етілсін.

Малды қолдан ұрықтандыру жұмысының нұсқаушылары мен техниктерін даярлау жұмысы ұйымдастырылсын, қолдан ұрықтандыру пункттеріне керекті кадрлар даярлау, пункттерді тиісті құрал, саймандармен жабдықтау шығыны мемлекет бюджетінен төленсін.

Күс өсіру жөнінде

20. Дәнді егістер егетін әрбір колхозда күс фермаларын, ал, өзенкөлдері бар колхоздарда су құстарының фермаларын ұйымдастыру хажет деп танылсын.

1947 жылы колхоздарда құстың саны 1946 жылғыдан кемінде екі есе, ал, 1948 жылы кемінде үш есе көбейтілсін.

Қазіргі инкубатор-күс өсіру станцияларының жұмысы жақсартылсын, 1947—1948 жылдарда жаңадан 120 станция салынсын, жаңа инкубаторлар жасау өндірісі күшейтілсін.

Колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің жеке меншігіндегі күс шаруашылығы кеңінен күшейтілсін. Инкубатормен балапан шығару үшін, колхозшыларға, жұмысшылар мен қызметшілерге жеңілдік шарт бойынша инкубатор-күс өсіру станцияларынан балапандар сату үшін 1947—1948 жылдары жұмыртқа қабылдау ұйымдастырылсын.

Мал азығы жөнінде

21. 1947 жылы колхоздарда мал азығының жай түрін жыйнау 95 миллион тоннаға, оның ішінде қоғамдық мал шаруашылығына жыйналатын 76 миллион тоннаға, 1948 жылы 105 миллион тоннаға, оның ішінде қоғамдық мал шаруашылығына жыйналатын 84 миллион тоннаға жеткізілсін.

Колхоздарда мал азығы егісінің көлемі мынадай мөлшерге жеткізілсін: көп жылдық шөп егісі 1947 жылы 3.450.000 гектарға, 1948 жылы 5.200.000 гектарға, бір жылдық шөп егісі 1947 жылы 1.597.000 гектарға, 1948 жылы 1.952.000 гектарға, мал азығына пайдаланылатын жеміс тамырлы өсімдіктер мен бақша егістерінің көлемі (асқабақ, мал азығына пайдаланылатын қарбыз) 1947 жылы 547 мың гектарға, 1948 жылы 638 мың гектарға жеткізілсін.

Әсіресе, Барабин даласындағы аудандарда, Солтүстік Двина, Еділ, Ока, Кама тағы басқа өзендердің бойында құрғату, ағаш түптерін қа-

зып тастау, қосымша шөп егу жолдарымен тоғайларды, жайылымдарды жақсарту, олардың өнімін арттыру шаралары ұйымдастырылсын.

Шөп сүрлеу мөлшері 1947 жылы 23 миллион тоннаға, 1948 жылы 25 миллион тоннаға жеткізілсін. Осы мақсатта сүрленетін шөп егісі 1947 жылы 426 мың гектарға 1948 жылы 543 мың гектарға жеткізілсін.

Тоғайлық-жайылымдық шөптің тұқымын өсіруді жақсарту мақсатында тұқым өсіретін орындар кұрылсын, мал азығына жаратылатын жеміс тамырлы өсімдіктер мен бақша өсімдіктерінің тұқымын өсіру ұйымдастырылсын. Мұндай тұқымды өндіру таяудағы екі жыл ішінде колхоздар мен совхоздардың керегін және бұл тұқымнан мемлекеттік резерв қорын жасауды толық қамтамасыз ететін мөлшерге жеткізілсін.

Бірсыра облыстарда, өлкелер мен республикаларда жергілікті партия және совет орындары мал шаруашылығына мал азығы базасын жасау ісімен нашар шұғылданып келе жатқаны атап көрсетілсін. Кемерово, Новосибир, Омскі, Чкалов, Кострома облыстарының, Ставрополь және Краснояр өлкелерінің колхоздарында 1946 жылы шөп шабу жоспары орындалмады, тоғайлардың едәуір бөлегінің шөбі шабылмай қалды. Ал, колхоздардың малы қысқа керекті шөппен қамтамасыз етілмеді.

22. ССР Одағы Ауыл шаруашылығы Министрлігіне 1947 — 1948 жылдарда МТС-тар жанындағы машина-шөп шабу отрядтарын қалпына келтіру, бұл отрядтарды хажетті машиналармен жабдықтау, ал, Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігіне 1947 жылы кең алымды шөп машиналары мен тырнауыштарға запас бөлшектер шығаруды, 1948 жылы кең алымды шөп машиналары мен тырнауыштар шығаруды ұйымдастыру міндеттелсін.

23. Партия, совет және ауыл шаруашылық орындарына колхоздардағы малды қоралармен қамтамасыз етуді жақсарту шараларын қолдану, бұл үшін колхоздарда мал қораларын салу ісін кең өрістету, бұған керекті жергілікті кұрылыс материалдарын шығару (кірпіш, черепица, известь тағы басқалары) міндеттелсін. Қырдағы аудандардың колхоздарына ағаш дайындауда барынша көмек көрсетілсін. Орталық тұтынушылар одағына колхоздарда сату үшін кұрылыс материалдарын — шыны, шеге, цемент тағы басқаларын тасуды, сол сыяқты темірден істелген ұсақ бұйымдарды, кұрал-саймандарды тасу ісін күшейту міндеттелсін.

24. Мал шаруашылық фермаларында механизацияны қолдану, ең алдымен фермаларға су беруді, мал азығын әзірлеуді, ферманың өз ішіндегі тасымалды механизациялау, ал, электрленген колхоздарда мұның үстіне сыйырларды электрмен сауу, қойды электрмен қырку күшейтілсін. 1947 жылы Ауыл шаруашылық машиналарын жасау және Жергілікті өнеркәсіп Министрліктерінің кәсіп орындарында мал шаруашылығы фермаларын механизациялауға керекті машиналар шығару ұйымдастырылсын.

25. Латыш, Литван, Эстон, Молдаван ССРларының, Украина мен Белорус ССРның батыс облыстарының шаруаларына малдың тұқымын жақсарту, оның өнімділігін арттыру ісінде көмек көрсету мақсатында жергілікті партия, совет және ауыл шаруашылық орындарына сыйырларды, саулықтарды, мегежіндерді, биелерді шағылыстыратын мемлекеттік және кооперативтік қосымша пункттер, қолдан ұрықтандыратын пункттер ұйымдастыру, ал, сыйырсыз кедей шаруашылықтарға мал алу жөнінен кредит арқылы мемлекет көмегін көрсету міндеттелсін.

IV. АУЫСПАЛЫ ЕГІС ТӘРТІБІН ЕНГІЗУ, ШӨП ЕГУДІ УЛҒАЙТУ ЖӘНЕ АГРОТЕХНИКА МЕН ЖЕР СУЛАНДЫРУДЫ ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕ

Партия және совет ұйымдарына, ССР Одағының Ауыл шаруашылығы Министрлігіне, ССР Одағының Совхоздар Министрлігіне және олардың жергілікті орындарына мынадай міндеттер жүктелсін:

1. Шөп егуді қолдана отырып, бұршақты шөптер мен көп жылдық дәнді шөптерді кеңінен аралас пайдалана отырып дұрыс ауыспалы егіс тәртібін енгізу барлық колхоздар мен совхоздарда бесжылдық ішінде аяқталсын.

Ауыспалы егіс тәртібін енгізгенде:

а) колхоздар мен совхоздарда ауыспалы егіс тәртібі облыстар мен аудандардың ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің бесжылдық жоспары бойынша белгіленген міндеттерге, сол сыяқты әрбір колхоз бен совхоздың нақтылы шаруашылық және жаратылыс жағдайларына сәйкес белгіленуі қамтамасыз етілсін;

б) өнім беретін шабындықтар мен жайылымдардан басқа, егіске жарамды бос жерлері бар аудандарда жаңа жерлер ауыспалы егіс тәртібіне енгізіліп, бұл жерлер таяудағы жылдардың ішінде егін егуге, пар жыртуға пайдаланылуы қамтамасыз етілсін;

Суармалы аудандардың колхоздарында ауыл шаруашылық оборотынан шығып қалған суармалы жерлер қайтадан пайдаланылатын болсын, сол сыяқты суармалы жерді көбейту есебінен жаңа жерлерді пайдалану меңгерілсін;

в) ауыл шаруашылық өндірісінің әр өңірдегі өзгешеліктеріне сәйкес ССР Одағының далалық аудандарында шөп егуді және қарадай пар жыртуды қолдана отырып, ауыспалы егіс тәртібі енгізілсін. Жердің дымқылы жеткілікті аудандарда, әсіресе қара топырақсыз өңірде, егістік жерлердің арам шөптерден тазартылуына қарай жерді неғұрлым толық пайдалану мақсатымен егісті пар жырту қолданылсын. Суармалы егін егетін аудандарда таза парсыз шөп егуді қолданатын дұрыс ауыспалы егіс тәртібі енгізілсін.

Сібір, Орал аудандарында және Қазақ ССР солтүстік-шығыс облыстарының аудандарында тың жерлер мен тышайған жерлердің көктемгі бидай егуге пайдаланылуы, ал, далалық аудандарда, мұнымен бірге, тазалай қайтадан жыртылған пардың (соғысқа дейінгі) түгел пайдаланылуы қамтамасыз етілсін.

Бұл аудандардың колхоздары мен совхоздарында көп жылдық шөптердің тұқымы жеткіліксіз болса, бұл шөптерді егу орнына уақытша пар жықтылатын жердің көлемі көбейтілсін.

2. Енгізілген ауыспалы егіс тәртібінің бұлжытпай қолданылуына және қабылданған ауыспалы егіс тәртібіне көшу жоспарына сәйкес егіс көлемі жоспарларының жеткізілуіне жауаптылық облыстарда, өлкелер мен республикаларда, облыстық, өлкелік атқару комитеттерінің председателдеріне және республикалардың Министрлер советтерінің председателдеріне, ал, аудандарда — аудандық атқару комитеттерінің председателдеріне жүктелсін.

3. Белгіленген көлемде тұқым учаскелерінен өздерін хажетті мөлшерде жақсы тұқыммен қамтамасыз етуге колхоздардың толық мүмкіншілігі бар екені ескеріліп колхоздардың тұқым учаскелерінен алынған тұқымды күйодың қазіргі тәртібі сақталсын, мемлекетке астық тапсыру міндеттемелері орындалғаннан кейін жалпы егістен алынған астықты тұқым хажетіне жұмсауға жол берілмесін.

ССР Одағының ауыл шаруашылығы Министрлігіне, жергілікті партия және совет орындарына тұқым учаскелеріндегі егістің шығым-

дылығы артуын қамтамасыз ету, колхоздарда тұқым учаскелерінің ұқыптылықпен жақсы күтілуін, бұл учаскелердегі егістің мезгілінде жыйналуын, бастырылуын, тазартылуын, тұқым қорларының аман түгел сақталуын ұйымдастыру және келешекте мемлекеттен қарызға тұқым сұрамай тұқым хажетін колхоздардың тұқым учаскелері есебінен толық өтеп отыру міндет етілсін.

4. Бесжылдық жоспардың тапсырмаларына сәйкес көп жылдық екпе шөптердің орылатын жерінің көлемі 1948 жылы соғысқа дейінгі калпына келтіріліп, бесжылдықтың аяғында шаруашылықтың барлық түрлерінде 21,4 миллион гектарға, колхоздарда 15,3 миллион гектарға жеткізілетін болсын. Әрбір колхоз бен совхозда көп жылдық шөптердің тұқымын өсіру ұйымдастырылып, таяудағы екі-үш жылдың ішінде колхоздар мен совхоздар ауыспалы егістің шөп егілетін танаптарын өздерінің шөп тұқымымен толық қамтамасыз ететін болсын. Колхоздарда көп жылдық шөптердің тұқымдық егісінің көлемі 1947 жылы 1.267.000 гектарға, 1948 жылы 1.500.000 гектарға жеткізілсін.

ССР Одағының Ауыл шаруашылық Министрлігіне, ССР Одағының Совхоздар Министрлігіне және олардың жергілікті орындарына, жергілікті партия және совет орындарына колхоздар мен совхоздарда көп жылдық шөптердің шығымдылығын батыл арттыру және бұл шөптердің өнімін ұлғайту міндет етілсін, мұның үшін тұқымдық шөптер егісінің агротехникасы жақсартылсын, жеткілікті мөлшерде минерал тыңайтқыштар берілсін, екпе шөптерді жыйнау, бастыру және дәнін айыру жұмыстарының мезгілінде өткізілуі қамтамасыз етілсін.

Люцерна мен екі орылатын жоңыршқа тұқымының түсімін көбейту үшін таяудағы 2 — 3 жылдың ішінде, тұқымды егілетін жылы алу мақсатымен, жоңыршқа және люцерна кең қатармен егіліп, қатар аралығы бапталып отыратын болсын, Украина, Солтүстік Кавказ, Қырым және Молдаван ССРның аудандарында жақсы өңделген таза парларға жазды күні люцерна егу кеңінен қолданылсын.

Еділ бойы аудандарында бұршақты және дәнді шөптердің, әсіресе житняктің тұқымын өсіруді ұлғайту, тұқым өсіретін колхоздар мен совхоздар ұйымдастыру, шөптердің тұқымын өсіруге селекция, тәжірибе станцияларын, ғылыми-зерттеу институттарын және ауыл шаруашылық жоғары дәрежелі мектептерінің оқу-үйрену шаруашылықтарын қатыстыру шаралары қолданылсын.

5. Егістік жерлерді арам шөптерден неғұрлым тез тазарту үшін жерді 20 — 22 сантиметр тереңдікте жырту, ал айрылатын қыртысы жұқа учаскелерде табанына жеткізе жырту, бірте-бірте жыртылатын қыртысты тереңдете беру барлық жерде қолданылатын болсын. 1947 жылы қолда бар қосымша түрендер толық пайдаланылсын, 1948 жылы қосымша түрені бар соқалар жабдықталсын, сөйтіп, МТС-тардың трактормен жыртқан жерлерінің кемінде жартысы қосымша түрені бар соқалармен жыртылатын болсын, ал, 1949 жылы толығынан қосымша түрендері бар соқалармен жер жыртуға көшірілсін. Егістік жерді дискілі және түренді жеңіл соқалармен қопсыту кеңінен қолданылсын.

6. Жергілікті тыңайтқыштарды — көнді, шым тезекті, әртүрлі шөп-сыпырындыны, күлді және басқаларын жыйнауды, даярлауды және жерге төгуді едәуір ұлғайту егіннің шығымдылығын арттыру ісінде партия және совет орындарының аса маңызды міндеттерінің бірі деп есептелсін.

Күзгі егістер мен көктемдік егістерге төгілетін жергілікті тыңайтқыштардың жыл сайын көбейтіліп отыруы қамтамасыз етілсін, егістік жерге төгілетін жергілікті тыңайтқыштардың саны 1947 жылы 1946 жылғыдан екі есе көбейтілетін болсын.

Қара топырақсыз аудандарда, әсіресе құмайт жерлерде, көк шөпті тыңайтқыш ретінде люпин және басқа егістер егу ұлғайтылсын. Мұның үшін арнап белгіленген колхоздар мен совхоздарда люпин тұқымын өсіру ұйымдастырылсын, тәтті люпин егу қолданылсын.

Еліміздің далалы аудандарында ылғал жыйнау, ылғалды дұрыс пайдалану мақсатында қар тоқтату, бөгеттер жасау, көктем суын тоқтату жұмыстары жүргізілсін. Егінді қорғайтын ағаш егу жоспарының орындалуы, сол сыяқты, егілген ағаштарды дұрыс күту, ірі өзендердің суы бөлінетін және суы шығатын жерлердегі ағашты кесудің берік тәртібін орнату қамтамасыз етілсін. Далалы аудандарда, әсіресе, Сібірде, Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында ормандарды, егіс жеріндегі шөк ағаштарды, тоғайшаларды кесуге тыйым салынсын. Колхоздар мен совхоздарда әуіздер мен су қоймаларын салу кең өрістетілсін.

8. Орта Азия мен Закавказье республикаларында жаңадан жер суландыру құрылысын жүргізумен, суармалы жерлердегі егіс көлемін нығайтумен қатар, Ресейдің орталық аудандарында (Курскі, Воронеж, Орел, Тамбов облыстарында), Поволжьеде, Солтүстік Кавказда, Қырымда, Украинада, Батыс Сібірде және Қазақ ССР-нің жері суарылмайтын аудандарында дәнді, техникалық, тағы басқа ауыл шаруашылық егістерінен тұрақты өнім алатын учаскелер жасау мақсатында жер суландыруды едәуір молайту қамтамасыз етілсін.

Жер суландыру құрылысын және жер суландыру орындарын тазарту ісін механизациялауды кеңінен өрістету қамтамасыз етілсін, сөйтіп, бұл жұмыстарға адам күшін аз жұмсайтын болу, сонымен қатар, құрылыс және пайдалану жұмыстарының қарқынын күшейтіп, сапасын арттыру көзделсін.

Осы мақсатта топырақ тартатын және гидромонитор установка-лары, жер қазатын тіркемелі механизмдерді, экскаваторларды және жер копаруға керекті бұрғы жабдығын жеткілікті мөлшерде шығару ұйымдастырылсын.

Су шаруашылығына басшылықты жақсарту үшін ССР Одағы Ауыл шаруашылығы Министрлігіндегі су шаруашылығының Жоғарғы Басқармасы нығайтылсын, оған хажетті жоба жасау, құрылыс жүргізу және жабдықтау ұйымдары берілсін.

ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігінде министрдің жер суландыру және мелиорация жұмыстарын басқаратын орынбасары болсын.

9. Колхозда яровизация жұмысын жүргізетін кадрлар даярлау ұйымдастырылып, 1948 жылдан бастап соғыстан бұрын яровизация әдісі қолданылған аудандарда дәнді ақ егістер мен тары тұқымы яровизациялап себілетін болсын.

10. Күздік егістерді тырмалау, оларға жергілікті және минерал тыңайтқыштардан үстеме қорек беру кеңірек қолданылсын, сонымен қатар, оталмалы егістерде қатарды жекелеу және қатар аралығын мұқият баптау жұмыстары дер кезінде жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

11. ССР Одағының Шығыс аудандарында, сол сыяқты, қара топырақты емес аймақтағы аудандарда, Оралда дәнді егістер өнімінің бүлінуін жою мақсатында, колхоздарда, совхоздарда астық кептіргіштер, жабық қырман-дар, лапастар салынуы қамтамасыз етілсін.

12. В. И. Ленин атындағы Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылық ғылымдары Академиясының, ауыл шаруашылығы жөніндегі басқа да ғылыми мекемелердің алдына ауыл шаруашылығы жөнінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде мынадай негізгі міндеттер қойылсын:

а) ССР Одағының жеке ауыл шаруашылық аймақтарына қолайлы, дәнді, майлы, техникалық, овощ егістерінен, картоп пен көп жылдық

шөп егістерінен жоғары және тұрақты өнім алуды қамтамасыз ететін шаралар белгіленсін.

Жер қыртысының құнарлылығын қалпына келтіру, бұрынғыдан арттыру, ауыл шаруашылығы егістерінің қуаңшылыққа, суыққа, ауруларға, зиянды жәндіктерге төзімді, мол өнім беретін сорттарын шығару шаралары, егін жұмысының жалпы мәдениетін арттыру шаралары белгіленсін;

б) мал шаруашылығын өркендету, малдың тұқымын жақсарту, оның өнімділігін арттыру шаралары белгіленсін;

в) ауыл шаруашылығының экономикасы және оны ұйымдастыру жөнінде, әсіресе, колхоздардың қорамдық шаруашылығын мейлінше өркендету, совхоздар мен МТС-тардың экономикасын пығайту жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстары күшейтілсін.

Тәжірибе селекция станцияларында, таяныш пункттерінде, ауыл шаруашылығы жөнінен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін мекемелердің төменгі басқа да буындарында зерттеу жұмысының дәрежесін күшейту мақсатында ғылыми дәрежесі бар адамдардың алатын еңбек ақы мөлшері ғылыми-зерттеу институттарындағы осындай ғылыми қызметкерлердің жал ақысына теңгерілсін.

ССР Одағы ауыл шаруашылық Министрлігіне, ССР Одағы Совхоздар Министрлігіне, жергілікті партия және совет ұйымдарына ауыл шаруашылық ғылымының табыстарын өндіріске бұрынғыдан да кең қолдану шараларын іске асыру, бұл жұмысты ауыл шаруашылығын өркендетудің аса маңызды шарты деп қарау міндеттелсін.

13. 1947 жылдан бастап аудандық тұқым шаруашылықтарында тұқым өсіру жұмысымен қатар, ауыл шаруашылығы егістерінің агротехникасы, оларды өсіру жөнінен тәжірибе жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылсын. Сөйтіп, аудандық тұқым шаруашылықтары өзінің жұмысын алдыңғы қатарлы агрономия ғылымы және өндіріс тәжірибесі негізінде жүргізетін үлгілі шаруашылықтарға айналдырылсын.

14. Колхоздардың, совхоздардың, машина-трактор станцияларының, мал фермаларындағы колхозшылардың, ғылыми мекемелердің таңдаулы аудандардың, облыстардың, өлкелер мен республикалардың, сол сияқты алдыңғы қатарлылар мен социалистік ауыл шаруашылығын ұйымдастырушылардың табыстарын кеңінен көрсетіп, оны қолдану және ауыл шаруашылығын өркендете беру жолында социалистік жарысты мейлінше өрістету мақсатында 1950 жылдан бастап Бүкіл одақтық Ауыл шаруашылық көрмесінің жұмысын қайта бастау хажет деп танылсын. Онда 1947 жылдан бастап жұмыстың қортындылары көрсетілетін болсын.

Машина-трактор станцияларының жұмысын жақсарту жөнінде

1. Машина-трактор станцияларының негізгі міндеті қамтуындағы колхоздарда егін шығымдылығын арттыру, машина-трактор паркін пайдалануды бұдан былай да жақсарту, трактор жұмыстарының сапасын арттыру және трактор жұмыстарын агротехникалық мерзім ішінде орындап шығу, егінді дер кезінде жыйнап болу және МТС-тың жұмысы үшін заттай ақы тапсыру жоспарын орындау болып табылады деп белгіленсін.

2. Жұмыстың негізгі түрлері жөнінде: көктемде жер жырту, егіс алдында культивациялау, көктемгі егіс, пар жырту және парды күту, оталатын егістерді культивациялау, егін жыйнау, күздік егіс, зябь жырту жұмыстарын тағайындалған мерзімдерде орындау жөніндегі трактор жұмыстарының жоспарын орындағанда ғана МТС-тардың

және трактор бригадаларының өндірістік жоспары орындалды деп саналатын болсын.

МТС директорлары трактор бригадаларына берілетін өндірістік тапсырмаларда жұмыстың әрбір түрінің көлемін және сапа жөнінде міндетті түрде қойылатын агротехникалық талаптарды: жер жырту тереңдігін, жер өңдеу ізінің санын, тұқым себу нормасын, тұқымды сіңіру тереңдігін, жұмыс мерзімдерін белгілеп беруге міндеттендірілсін.

Аудандық ауыл шаруашылық бөлімдерінің бас агрономдарына, республикалық, өлкелік, облыстық ауыл шаруашылық басқармаларының бас агрономдары мен аға агрономдарына МТС-тардың трактор жұмыстарының сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар міндеті жүктелсін.

3. МТС-тардың басшы қызметкерлері мен мамандарына сыйлық берудің қазіргі тәртібі трактор жұмыстарының сапасын жақсарту, МТС-тың қамтуындағы колхоздарда егін шығымдылығын арттыру міндетіне сай келмейтін болғандықтан 1947 жылдан бастап өзгертілсін. Сыйлық берілгенде өте маңызды трактор жұмыстарын — пар жырту және парды күту, егінді комбайнмен жыйнау, зябь жырту жұмыстарын уақытында орындағаны үшін, заттай ақы тапсыру жоспарын толық және асыра орындағандығы үшін берілуге тиіс деп белгіленсін. Трактор жұмыстарының түсер бағасы жоспарын орындамаған күнде заттай ақы тапсыру жоспарын толық және асыра орындағандық үшін берілетін сыйлық 15 — 20 процент кемітілетін болсын. ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі ССР Одағы Министрлер Советіне МТС-тардың басшы қызметкерлері мен мамандарына сыйлық беру туралы ұсыныстар тапсыруға міндеттендірілсін.

4. Трактор жұмыстарының сапасын жақсартуда және МТС-тың қамтуындағы колхоздарда егін шығымдылығын арттыруда тракторшылардың жауаптылығын арттыру және оларды ынталандыру мақсатында 1947 жылдан бастап тракторшылардың және трактор бригадаларының басқа да қызметкерлерінің тапқан еңбек күніне ақы төлеудің мынадай тәртібі тағайындалсын:

а) нақтылы бір трактор бригадасы өңдеген колхоз учаскелерінде егін шығымдылығының тағайындалған жоспары орындалған жағдайда тракторшының, бригадирдің, бригадир жәрдемшісінің, есепші-май күйюшының еңбек күніне кем дегенде үш килограмм мөлшерінде астық берілетін болсын; егін шығымдылығының тағайындалған жоспары орындалмаған күнде кем дегенде берілетін астық мөлшері екі килограмм болсын;

б) жоспардан артық алынған егін шығымдылығы үшін тракторшыларға, трактор бригадаларының бригадирлеріне, олардың жәрдемшілеріне, есепші-май күйюшыларға және тіркеушілерге өздері өңдейтін учаскелерде тапқан еңбек күндерінің санына лайық егінші бригаданың немесе звеноның колхозшыларымен қатар ақы төлеу қолхоздарға ұсынылсын.

Егерде колхозда егін шығымдылығы жоспардағыдан төмен болса, ал, трактор бригадасы трактор жұмыстарының жоспарын орындамаған болса және жоспарда белгіленген мөлшерде заттай ақы ала алмаған болса жанар май үнемдегені үшін тракторшыларға сыйлық бермеуге МТС директорлары міндеттендірілсін.

5. МТС-тарда тіркеу машиналарында жұмыс істейтін колхозшылардың жауаптылығын арттыру, трактор жұмыстарының сапасын жақсарту және МТС машиналарын күтуде оларды ынталандыру мақсатында, колхоз бөлетін тіркеуші егін жұмыстары кезінде трактор бригадасының составына кіргізілуі қолайлы деп саналсын.

6. МТС-тар мен олардың қамтуындағы колхоздардың арасында

жасалатын, МТСтар мен колхоздардың өзара міндеттемелерін белгілейтін шарттардың маңызы толығымен қалпына келтірілсін және шарттарды орындауға немқұрайды қарау тәжірибесі теріс деп табылсын.

Жұмыс орындалуының мерзіміне қарамай колхоздардан заттай ақыны бірдей мөлшерде өндірудің қазір қолданылып жүрген тәжірибесі трактор жұмыстарын уақытында жүргізу үшін МТСтардың жауаптылығын кемітетіндігі және мерзімінде орындалған жұмысқа да, мерзімінен кеш орындалған жұмысқа да заттай ақы бірдей мөлшерде есептелуіне әкеліп соғатындығы атап көрсетілсін.

ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі мен Дайындау Министрлігі егін шығымдылығын және машина-трактор станциясының жұмыс жүргізу мерзімдерін есепке ала отырып, трактор жұмыстарының негізгі түрлері бойынша (көктемде жер жырту, егіс алдында культивациялау, көктемгі егіс, пар жырту, егін жыйнау, күздік егіс және зябь жырту) заттай ақы мөлшері туралы екі ай мерзім ішінде ССР Одағы Министрлер Советіне ұсыныс тапсыруға міндеттендірілсін.

7. Техника жағынан қамту ісін жақсарту үшін және тракторларды, комбайндарды, ауыл шаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын жүргізу үшін жөндеу кәсіп орындарының мынадай түрлері белгіленсін:

а) коленчатый валдарды майдалау, бөлу валдарын жөндеу, блоктарды жону, май құю аппараттарын, электр құрал-жабдығын жөндеу сыяқты күрделі жөндеу жұмыстарынан басқа, көбінесе, комбайндарды, тракторларды және әртүрлі ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын ұсақ жөндеу үшін МТСтардың жанында мастерскойлар болсын.

Егін жұмыстары кезінде тракторларды, комбайндарды, ауыл шаруашылық машиналарын техникалық жағынан күтуде және кемшіліктерін жоюда трактор бригадаларына көмек көрсету үшін МТСтың жанындағы мастерской составында көшпелі автомобиль мастерскойлары болсын, бұлардың слесарь-құрау аспаптары толық болсын, верстагі, көшпелі ұста көрігі және съемниктер комплекті болсын. ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі 1947 — 1948 жылдары МТСтарға автомобиль жөндейтін көшпелі 10.000 мастерской жеткізетін болсын, оның ішінде: 1947 жылы 3 мыңы, 1948 жылы 7 мыңы жеткізілсін.

б) трактор және комбайн двигательдерін толық күрделі жөндеу үшін, сол сыяқты жеке узелдер мен агрегаттарды, яғни магнетоны, динамоны жөндеу үшін, коленчатый валдарды, бөлу валдарын майдалау үшін, блоктарды жону үшін, май құю аппараттарын, тіркестіру муфтааларын жөндеу үшін ауданаралық күрделі ремонт мастерскойлары (15 — 20 МТСқа) болсын.

в) автомашиналарды күрделі және ұсақ жөндеу үшін, МТСтарға станоктар мен тұрақты двигательдерді жөндеу үшін МТСтардың мастерскойлары мен трактор бригадаларына жөндеу құрал-жабдықтарын, съемниктерді, аспаптарды жасап шығару үшін ремонт заводтары (1 — 2 облысқа) болсын.

8. МТСтардың жанындағы жөндеу мастерскойларын, ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойларын және жөндеу заводтарын құрал-жабдықпен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығына (МТСтар мен совхоздарға) металл кесетін 25 мың станок бөлу керек деп саналсын.

Осыған сәйкес ССР Одағы Министрлер Советіне екі ай мерзімнің ішінде мына мәселелерді қарап, қаулы шығару ұсынылсын, атап айтқанда:

а) МТС жанындағы мастерскойлардың ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойларының және жөндеу заводтарының құрал жабдықтарының түрін белгілеу туралы;

б) пайдаланылмай жатқан, металл кесетін 20 мың станокты халық шаруашылығынан, көбінесе жай машиналар жасау және соғыс машиналарын жасау кәсіп орындарынан 1947 жылы алу туралы;

в) 1947 — 1948 жылдары ауыл шаруашылығы үшін өндірістің есебінен 5 мың станок бөлу туралы;

г) жөндеу мастерскойлары мен заводтарын станоктардың негізгі топтары жөнінде облыс, өлке, республикалар бойынша металл кесетін станоктармен жабдықтау мерзімі туралы;

д) осы қаулыға сәйкес құрылатын жөндеу заводтарына керекті мөлшерде ұсталық-пресс, электр құрал-жабдықтарын, электросварка құрал-жабдығын және басқаларын бөлу туралы.

9. 1947 — 1949 жылдары мастерской жоқ МТС-тардың жанында 631 жөндеу мастерскойының, 194 ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойының, 32 жөндеу заводының салынуы қамтамасыз етілсін, бұлардың пайдалануға берілу мерзімі мынадай болып белгіленсін: МТС мастерскойлары 1947 жылы — 150, 1948 жылы — 200, ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойлары 1947 жылы — 50, 1948 жылы 60, жөндеу заводтары 1947 жылы — 5, 1948 жылы — 8.

10. Көп МТС-тарда ауыл шаруашылық машиналарын сақтауда иесіздік бар екендігі, ал ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі орындарының және жергілікті партия, совет орындарының бұған назар аудармай отырғандығы төзбейтін жағдай деп саналсын.

ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі және оның жергілікті орындары МТС-тар мен трактор бригадаларында машина-трактор паркінің сенімді сақталуын және күтілуін ұйымдастыруды үздіксіз бақылап отырудың шараларын істеуге және бақылауды қамтамасыз етуге міндеттендірілсін.

Тракторларды, комбайндарды және басқа ауыл шаруашылық машиналарын сақтау үшін 1947 — 1949 жылдары керекті мөлшерде жаппалар мен сарайлар салынсын. Жергілікті партия және совет орындары егін жұмыстарына зыян келтірмей, тек қана шарт жасасу негізінде жұмысшы күші мен транспорт беру жолымен колхоздардың машина-трактор станциялары құрылыс жұмысына көмектесу ісін ұйымдастыруға міндеттендірілсін.

11. Өнеркәсіп заводтарында көшпелі және тұрақты мұнай ыдыстарын, насостарды, шлангілерді, трубаларды, таразыларды және басқа мұнай сақтау құралдары мен жабдықтарын жасап шығару ұйымдастырылсын.

12. Машина-трактор станцияларының директоры қызметіне тапсырылған істі атқара алмайтын, тәжірибесіз, білімсіз адамдардың жиі жоғарылатылатыны теріс деп табылсын.

Машина-трактор станцияларын өз ісін білетін, әзірлігі бар қызметкерлермен нығайту, сөйтіп МТС директорлығы жұмысына керекті білімі, ұйымдастырушылық дағдысы бар адамдарды жоғарылату ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігінің, жергілікті партия, совет және ауыл шаруашылық орындарының жедел міндеті деп саналсын.

МТС директорларын жиі ауыстырудың іске зыянды әдісі тоқтатылсын және МТС директорларын ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрі ғана тағайындау және ауыстыру тәртібі қатаң сақталатын болсын.

13. ССР Одағы Жоғарғы білім Министрлігі ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінің 1945 жылғы 6 октябрьдегі қаулысы бойынша ауыл шаруашылық институттарының жанында ашылған МТС директорлары мен механиктерінің білімін арттыратын бір жылдық тұрақты курстардың жұмысын жақсарту беруге міндеттендірілсін. ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігінің бұл курстарға жіберетін оқушыла-

рының саны 1947 жылы 2.500 адамға жеткізілсін, оның ішінде 1.200 МТС директоры және 1.300 МТС механигі болсын.

14. ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігі 1947 — 1948 жылдары қазіргі техникумдардың үстіне қосымша 25 ауыл шаруашылық механизация техникумдарын ашуға және қазіргі ауыл шаруашылық техникумдарының жанынан 13 механизация бөлімін ашуға міндеттендірілсін.

15. ССР Одағы Жоғарғы білім Министрлігі 1947 жылы МТС агрономдарының білімін көтеру курстарын ашуға міндеттендірілсін, ол курстарда жыл сайын оқытын адамның жалпы саны 1.500 болсын курстар: Москваңың К. А. Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясының, Омскі, Воронеж, Саратов, Ленинград, Харьков, Киев, Новосібір, Иркутскі, Ташкент, Тбилиси ауыл шаруашылық институттарының жанынан ашылсын.

16. 1947 жылдан бастап ауыл шаруашылық механизация мектептерінде оқудың соғысқа дейінгі мерзімі қайтадан тағайындалсын: механиктер үшін — 18 ай, трактор бригадаларының бригадирлері үшін — 10 ай, комбайншылар үшін — 6 ай, тракторшылар үшін — 5 ай болсын.

17. МТС қызметкерлерінің мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту және заттай ақы тапсыру жоспарын орындау ісінде, трактор жұмыстарының түсер бағасын арзандатуда оларды ынталандыру мақсатымен 1947 жылдан бастап машина-трактор станцияларында ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Машина-трактор станцияларының жұмысы туралы» 1939 жылғы 13 январьдағы қаулысында көрсетілген үлестерден МТС директорының қоры құралсын.

18. Машина-трактор станциялары шаруашылығының барлық мәселелеріне басшылық етуді біріктіру мақсатында ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігінің составында машина-трактор станцияларының жоғарғы Басқармасын құру мақұл деп табылсын.

VI. СОВХОЗДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕ

1. Совхоздардың шаруашылығы тым бір ыңғай болуы, олардың шаруашылығының біржақты бағыт алуы, астық совхоздары мен техникалық егістер совхоздарында мал шаруашылығының нашар өркендетілуі, ал, мал совхоздарында егін шаруашылығы салаларының жеткіліксіз өркендетілуі совхоздардың жұмысындағы үлкен кемшілік деп танылсын.

Шаруашылықтың біржақты дамытылуы экономика жағынан тиімсіз екенін, егіс жұмыстары кезінде еңбек және күш-көлік қорының маусымды жұмысқа шамадан тыс қауырт пайдаланылуына және жылдың басқа уақытында едәуір дәрежеде кем пайдаланылуына әкеліп соғатынын совхоздардың жұмыс тәжірибесі айқын көрсетті. Совхоздардың шаруашылығын біржақты дамыту олардың табысын кемітіп, финанс жайып нашарлатады. Астық совхоздары мен техникалық егістер совхоздарында мал шаруашылығының нашар дамытылуынан орасан көп салом, мекен және егін шаруашылығының басқа сондай қосымша өнімі пайдаланылмайды, сол сыяқты жайылым жерлердің едәуірі пайдаланылмайды, мұның өзі совхоздардың шаруашылығының өркендетілуіне бөгет жасайды, қосымша өнім алу мүмкіншілігіне шек қояды. Мал совхоздарында егін шаруашылығының жеткіліксіз дамытылуынан көп тыңайтқыштың едәуірі пайдаланылмайды.

Совхоздарды ойдағыдай өркендету, оларды экономика және финанс жағынан нығайту ісін шаруашылықтың әртүрлі салаларын дұрыс ұштастырып отыратын сан алуан салалы шаруашылық құру негізінде

жүзеге асыруға болатыны ескеріліп, ССР Одағының Совхоздар Министрлігіне, партия және совет ұйымдарына совхоздарда шаруашылықтың негізгі саласымен қатар, жеке совхоздардың жаратылыс және экономикалық жағдайларын неғұрлым толық пайдалануға, ауыл шаруашылық өндірісінің тым маусымдылығын жоюға және еңбек өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіншілік беретін басқа салаларын да өркендету міндет етілсін. Бұл мақсатпен астық совхоздарында мал шаруашылығы, көбінесе еттік мал өсіру, шошқа өсіру, құс өсіру шаруашылығы, ал, қалалардың, өнеркәсіп орталықтарының, сүт заводтарының маңындағы астық совхоздарында сүттік мал өсіру шаруашылығы өркендетілсін. Техникалық егістер совхоздарында мүмкіндігіне қарай сүттік мал және құс өсіру шаруашылығы өркендетілсін. Мал совхоздарында малдың негізгі түлігінен басқа түліктері де өсірілсін, сол сыяқты, дәнді егістер, оның ішінде малға азық болатын егістер және басқа егістер егу күшейтілсін.

2. Жұмысшылар мен мамандардың тұрақтамауының зор болуы да совхоздардың жұмысындағы елеулі кемшілік. Жұмысшылардың, мамандар мен қызметшілердің тұрақты кадрларын топтастыру совхоздардың жұмысын жақсарту ісіндегі аса маңызды міндет деп танылсын. Бұл мақсатпен астықты және малды аудандарда совхоздардың тұрақты қызметкерлеріне — өздеріне үйлер және басқа қора-қолсы салу, жеміс ағаштарын отырғызу, овощ және басқа ауыл шаруашылық егістерін егу үшін 0,5 гектарға дейін жер учаскелерін беру хажет деп танылсын. Өздеріне үйлер салатын совхоз жұмысшыларына, мамандары мен қызметшілеріне бір семьяға 5 мың сомнан 15 мың сомға дейін екі процент өсімімен ұзақ мерзімді қарыз беріп, мемлекет тарапынан жәрдем көрсетілсін, бұл қарызды олар он жыл ішінде тең бөліп төлейтін болсын. Үй салушылардың жеке үй салуларына жергілікті құрылыс материалдары, көлік беріліп, жәрдем көрсетілсін, совхозға қараған жерде жұмысшылар, мамандар және қызметшілер салған үйлер мемлекет қарызын толық төлегеннен кейін олардың меншігіне көшетін болсын.

3. 1947 жылдың мемлекеттік жоспарына және бесжылдық жоспардың тапсырмаларына сәйкес:

а) ССР Одағының Совхоздар Министрлігінің совхоздарында егіс көлемі 1947 жылы 600 мың гектар көбейтіліп, 6 миллион гектарға жеткізілсін, оның ішінде, дәнді егістердің көлемі 400 мың гектар арттырылып, 4,1 миллион гектарға жеткізілсін. 1948 жылы егіс көлемі 1 миллион гектар арттырылып, 7 миллион гектарға дейін жеткізілсін, оның ішінде дәнді егістердің көлемі 600 мың гектар арттырылып, 4,7 миллион гектарға жеткізілсін.

ССР Одағының Совхоздар Министрлігінің совхоздарында азық-түлікке жаратылатын негізгі егіс — бидай егісінің көлемі мынадай мөлшерде арттырылсын:

Күздік бидай жөнінде — Украин ССРіда, Краснодар, Ставрополь өлкелерінде, Ростов, Қырым, Воронеж, Курскі облыстарында және Молдаван ССРіда 1949 жылы күздік бидай өндірісі соғысқа дейінгі дәрежесіне жеткізіліп, шығымдылығы едәуір арттырылсын, бұл аудандардың совхоздарында күздік бидай егісі 1947 жылдың күзінде 1946 жылғы егін жыйналған көлемінен 321 мың гектар көбейтіліп, 857 мың гектарға жеткізілсін, оның ішінде Украин ССРіда 400 мың гектарға жеткізілсін, 1948 жылы 930 мың гектарға, оның ішінде Украин ССРіда 445 мың гектарға жеткізілсін;

Көктемгі бидай жөнінде — шығыс аудандардың (Сібір, Орал және Қазақ ССРінің солтүстік-шығыс облыстары) совхоздарында ССР Одағы Министрлер Советінің қарарына сәйкес, егіс көлемі 68 мың гектар

көбейтіліп, 1947 жылы 534 мың гектарға жеткізілсін, ал, 1948 жылы 805 мың гектарға, 1949 жылы 1.290 мың гектарға жеткізіліп, шығымдылығының артуы камтамасыз етілсін.

Еділ бойында (Куйбышев, Саратов, Сталинград және Ульянов облыстарында) көктемгі бидай егісінің, әсіресе, қатаң бидай сорттары егісінің көлемін едәуір арттыру шаралары қолданылсын, бұл облыстардың совхоздарында көктемгі бидай егісінің көлемі көбейтіліп, 1947 жылы 195 мың гектарға, 1948 жылы 230 мың гектарға жеткізілсін.

Украин ССРның совхоздарында көктемгі бидай егісі көбейтілсін.

б) 1947 жылы ССР Одағының Совхоздар Министрлігінің совхоздарында сыйыр малы 121 мың бас көбейтіліп, 1948 жылғы 1 январьға дейін 1.458 мыңға жеткізілсін, шошқа 122 мың бас көбейтіліп, 550 мыңға жеткізілсін, қой мен ешкі 441 мың бас көбейтіліп, 3.167 мыңға жеткізілсін, жылқы 23 мың бас көбейтіліп, 339 мыңға жеткізілсін. 1948 жылы сыйыр малы 141 мың бас көбейтіліп, 1949 жылғы 1 январьға дейін 1.599 мыңға жеткізілсін, шошқа 151 мың бас көбейтіліп, 701 мыңға жеткізілсін, қой мен ешкі 427 мың бас көбейтіліп, 3.594 мыңға жеткізілсін, жылқы 31 мың бас көбейтіліп, 370 мыңға жеткізілсін, сөйтіп, 1949 жылы мал басы сыйыр малы, шошқа, қой, ешкі жөнінде соғысқа дейінгі мөлшеріне жеткізілсін.

4. Совхоздарда жерге орналастыру, шөп егуді, таза пар жыртуды қолданатын дұрыс ауыспалы егіс тәртібін енгізу 1947 — 1949 жылдарда толық аяқталсын. 1949 жылы дәнді егістердің бәрінің неғұрлым мол өнімді сортты тұқыммен егілуі камтамасыз етілсін. Әрбір совхоздың төменде аталған тұқымдар жөніндегі хажетін толық өтеу және екпе шөп тұқымының товарлы запасын жасау үшін жоңышқаның, тимофеевканың, люцернаның, житняктің және басқа көп жылдық, бір жылдық екпе шөптердің тұқымын өсіру ұйымдастырылсын.

5. Совхоздарда сүт шаруашылығын мейлінше өркендету үшін қазіргі май заводтарын машина-күралдармен жабдықтау хажет, үлкен сүт совхоздарында жаңа заводтар салу хажет, 1947 жылдан бастап жақсы сапалы май мен сыр өндірісін кең көлемде ұйымдастыру хажет деп танылсын. Шаруашылығының негізгі саласы сүт өндірісі болып отырған совхоздарда өздерінің май заводтары болу керек деп танылсын.

6. Совхоздарға керекті маман жұмысшы кадрларын қол өнері мектептері мен фабрика-завод оқуы мектептерінің үлгісі бойынша ұйымдастырылған мектептерде даярлау хажет деп танылсын.

7. Совхоздарда шаруашылық есепті нығайту үшін, жоспардан тыс тапсырылатын өнімге көтерме баға белгілеу хажет, қор жыйнауға керекті қаражатты өнімнің жоспарлы түсер бағасына қосу хажет, сол сыяқты совхоздарда директор қорын қалпына келтіру хажет деп танылсын.

8. Таяудағы жылдардың ішінде совхоздарда өндірісті механикаландыру дәрежесін батыл арттыру, машиналардың пайдаланылуын жақсарту, өңдеу-көркейту жұмысын жүргізу аса маңызды міндет деп танылсын. Үлкен совхоздар жергілікті құрылыс материалдарын өздері жасап, өздері дайындайтын болсын, сол сыяқты мұндай совхоздарда өздерінің хажетін камтамасыз ететін мөлшерде транспорт құралдарын, әбзелдер, ыдыс және ұсақ құрал-саймандар жасау ұйымдастырылсын.

9. Совхоздар мен трестердің басшы қызметкерлері мен мамандарына сыйлық берудің қазіргі тәртібі қайта қаралсын, сыйлық беру тәртібі өнімнің көлеміне және мемлекетке тапсырылған өнімнің мөлшеріне байланысты етілсін, сөйтіп, совхоздар мен трестердің қызметкерлері жоспардан тыс өнім алуға тікелей ынталандырылсын. Астықтың, сүттің, еттің және жүннің түсер бағасының жоспары тұтасынан орындалмаған реттерде сыйлық беру 25 процент кемітілетін болсын.

10. Жергілікті партия және совет ұйымдарына, совхоздарды негүрлым тез үлгілі және негүрлым өнімді шаруашылыққа айналдыру үшін оларға тиісінше көмек көрсетіп отыру міндет етілсін.

VII. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТЕХНИКАМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӨНІНДЕ

1. Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігі жалпы өндіріс жоспарынан 1947 жылы ауыл шаруашылығына мынадай машиналар жеткізілуін қамтамасыз ететін болсын: трактор — 30,3 мың, оның ішінде СТЗ — НАТИ — 23,5 мың, «Кировец Д — 35» — 2 мың, «1 және 2 Универсал» 4,8 мың және 510 миллион сомның ауыл шаруашылық машиналары, оның ішінде: трактор плугтары — 32 мың, ат плугтары — 80 мың, трактор культиваторлары — 37 мың, ат культиваторлары — 78 мың, трактор сеялкалары — 30 мың, ат сеялкалары — 38,8 мың, трактор луцильниктері — 10 мың, комбайн — 7 мың, оның ішінде өзі жүретін комбайн 700, егін оратын машиналар — 50 мың, атпен жүргізілетін шөп машинасы — 55 мың, ат тырмалары — 45 мың, күрделі молотилка 9 мың, ат молотилкасы — 22,4 мың, зығыр талқылайтын машина — 2 мың, қант қызылшасын қазатын машина — 4 мың, триер 6 мың, дән кептіргіш — 1.060, картоп қазатын ат машиналары 11 мың.

2. Транспорт машиналарын жасау Министрлігі жалпы өндіріс жоспарының 1947 жылы ауыл шаруашылығына «С — 80» маркалы жыланбауыр трактордан 3,8 мың трактор беруге міндеттендірілсін.

3. Авиация өнеркәсібі Министрлігі, Құрылыс және жол машиналарын жасау Министрлігі, Машина жасау және аспап жасау Министрлігі, одақтас республикалардың Жергілікті өнеркәсіп министрліктері және РСҚСР Министрлер Советінің жанындағы Қолөнершілер кооперациясының басқармасы 1947 жылы ауыл шаруашылығы үшін 36,75 миллион сомның ауыл шаруашылық машиналары шығарылуын қамтамасыз етуге, оның ішінде Авиация өнеркәсібі Министрлігінің заводтарында өзі жүретін 600 комбайн, Құрылыс және жол машиналарын жасау Министрлігінің кәсіп орындарында 8 мың трактор плугтарын жасау міндеттендірілсін.

4. 1948 жылы трактор өндірудің жалпы мемлекеттік жоспары 75,5 мың болып белгіленген болса (Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігі бойынша — 57,5 мың, Транспорт машиналарын жасау Министрлігі бойынша — 18 мың) ауыл шаруашылығы үшін 67 мың трактор бөлінсін, 80 мың трактор плугі, 140,2 мың ат плугі, 55 мың трактор культиваторы, 85 мың ат культиваторы, 67 мың трактор сеялкасы, 49,55 мың ат сеялкасы, 2 мың түренді картоп егетін машиналар, 32 мың трактор луцильнигі, 25 мың комбайн, 62 мың атпен жүретін егін машиналар, 114 мың атпен жүретін шөп машиналары, 90 мың ат тырмасы, 16,5 мың күрделі молотилка, 34,95 мың ат молотилкасы, 2 мың трактор шөп машиналары, 2 мың трактор тырмасы, 2 мың картоп жыйнау машиналары, 4 мың трактормен жүретін қызылша қазу машиналары, 21 мың триер, 22 мың шөп кесу, салом кесу машиналары, 20 мың түйгіш машина, 25 мың күнжара түйгіш, 35 мың тамыр кесу машиналары бөлінсін.

5. Транспорт машиналарын жасау Министрлігі трактор өндірудің жалпы мемлекеттік жоспарынан 1948 жылы ауыл шаруашылығына «С — 80» маркалы жыланбауыр трактордан 10,4 мың трактор беруге міндеттендірілсін.

6. Тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарына керекті запас бөлшектерді, әсіресе өте тапшы бөлшектерді жасап шығару — ұлғайту қамтамасыз етілсін, мұның үшін запас бөлшектерді жасап шығаратын

заводтардың саны көбейтілсін, сонымен бірге Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігінің және автомобиль авиация өнеркәсібі, транспорт машиналарын жасау, Қару-жарак министрліктерінің және басқаларының қазір жұмыс істейтін заводтарында запас бөлшектер өндіру қуаты күшейтілсін, сонымен тракторларды және ауыл шаруашылық машиналарын жөндеуді жүзеге асырып қана қоймай, МТС-тарда запас бөлшектердің біраз қорының болуы толық қамтамасыз етілсін.

7. Жаңадан шығарылатын тракторлар мен комбайндарды запас бөлшектермен қамтамасыз етудің мынадай тәртібі белгіленсін:

а) жасап шығарылатын әрбір трактор мен комбайнды жасаушы тиісті завод запас бөлшектердің, аспаптың және техника жағынан күту үшін керекті құралдардың комплектісімен жабдықтауға тиіс;

б) жасаушы завод әрбір 10 трактор мен комбайнға ұсақ жөндеу жүргізу үшін запас бөлшектер комплектісін береді;

в) жасаушы завод әрбір 50 трактор мен комбайнға күрделі жөндеу жүргізу үшін запас бөлшектер комплектісін береді.

ССР Одағы Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігі мен Ауыл шаруашылық Министрлігі ұсақ және күрделі жөндеу үшін берілетін комплектілердегі запас бөлшектердің тізімін белгілеуге міндеттендірілсін.

8 Ауыл шаруашылық машиналарын жасау, Транспорт машиналарын жасау министрліктері және басқа өнеркәсіп министрліктері жасап шығарылатын тракторлардың, ауыл шаруашылық машиналарының, оларға керекті запас бөлшектердің сапасын жақсартуға міндеттендірілсін, өндіріс технологиясында техниканың ең жаңа табыстарын қолданып отыратын болсын. Тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жасайтын негізгі заводтарда ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігінің қабылдаушы өкілдері болуы керек деп саналсын.

9. Ауыл шаруашылығына керекті тракторларды тез жасап шығаруды қамтамасыз ету үшін:

а) ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігінің Алтай, Сталинград, Харьков, Владимир, Липецкі заводтарында және жер өңдейтін, егін жыйнайтын ауыл шаруашылық машиналары заводтарында құрылыс жұмыстарының бәрі 1948 жылдың алғашқы жартысында аяқталсын;

б) Минскідегі трактор заводын салу 1948 жылдың алғашқы жартысында аяқталып, 1948 жылдың екінші жартысында «Кировец Д—35» тракторларын жасауға керекті жабдықтармен, құралдармен қамтамасыз етілсін.

10. Тракторлар және ауыл шаруашылық машиналарын жасайтын заводтарды салу бірінші кезектегі екінші құрылыс жұмыстары деп есептелсін.

Одақтас республикалардың коммунист партияларының Орталық Комитеттеріне, БК(б)П өлкелік комитеттері мен облыстық комитеттеріне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік атқару комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне өндіріс қуаттарын неғұрлым тез қалпына келтіру және іске қосу, оларға кадрлар жеткізіру, кадрлардың пәтер-үй тұрмыс жағдайын жақсарту, сөйтіп, белгіленген мемлекеттік жоспардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде трактор және ауыл шаруашылық машиналарын жасайтын заводтарға, сол сияқты бұл заводтарды салу жұмыстарын жүргізетін құрылыс ұйымдарына үнемі көмектесіп отыру міндет етілсін.

Ауыл шаруашылығын тракторлармен және ауыл шаруашылық машиналарымен қамтамасыз ету ең бірінші кезектегі және аса маңызды мемлекеттік міндет деп есептелсін.

11. Ауыл шаруашылығында тракторлар мен ауыл шаруашылық

машиналарының жаңа түрлерін неғұрлым тез қолдануға ерекше маңыз беріп, ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігіне неғұрлым жақсартылған тракторлардың, өзі жүретін комбайндардың және басқа егін жыйнайтын машиналардың, жаппалы трактор машиналарының, техникалық егістерді, әсіресе, мақтаны, қант қызылшасын, салалы зығырды, көксағызды жыйнауға, картоп, жүгері отырғызуға, бұл егістерді жыйнауға арналған машиналардың, шөп жыйнауға және шөпті бууға арналған машиналардың, мал фермаларындағы жұмысты механикаландыруға арналған машиналардың, қысқы жайылым учаскелерінде мұз қабыршағын ұсатуға, бұл учаскелерді қардан тазартуға арналған машиналардың үлгілері жасалуын және бұл машиналардың қолданылуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Жоғарыда көрсетілген машиналардың үлгілерінің неғұрлым тез жасалуын және ол машиналардың өндірісте қолданылуын қамтамасыз етумен бірге ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігіне оwoңь, бау-бақша шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыруға, техникалық егістер егуге керекті моторлы қол саймандарының үлгілері даярлануын және бұл саймандардың жасалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігіне, авиация өнеркәсібі және электр өнеркәсібі Министрліктеріне жел двигательдерін, электроустановкааларын және оларға керекті запас бөлшектерді жасау өндірісін едәуір ұлғайту шараларын қолдану міндет етілсін.

12. МТСтар, совхоздар, колхоздар және Дайындау Министрлігінің дайындау ұйымдары үшін, 1947 жылы 40 мың, 1948 жылы 60 мың жүк автомобильдері бөлінсін; МТСтар мен совхоздарды «ГАЗ — 67» жеңіл автомобильдермен жабдықтау ұлғайтылсын.

13. Химия өнеркәсібі Министрлігіне, Қараметаллургия Министрлігіне, Литван және Латыш ССРларының жергілікті өнеркәсіп Министрліктеріне минералдық тыңайтқыштар және ауыл шаруашылық егістерінде болатын зиянды жәндіктерді қыруға, кеселдерді жоюға керекті химиялық заттарды өндірудің 1947 жылғы жоспарын сөзсіз орындау міндет етілсін. 1948 жылы ауыл шаруашылығы үшін, стандартты тұзға шаққанда кемінде 3.130 мың тонна суперфосфат, азотты тыңайтқыш, калилі тыңайтқыш, фосфорит ұнын өндіру қамтамасыз етілсін 1947 жылдың аяғына дейін жоспарда көрсетілген мөлшерде химиялық улар жасау өндірісі құрылсын.

Қатынас жолдары Министрлігіне және темір жолдардың бастықтарына, тыңайтқыш заттар жеткізу жоспарына сәйкес, тыңайтқыштарды толық жөнелтуге жеткілікті вагондар белгілеу, аса маңызды жүктер қатарында тыңайтқыш тиеуге керекті вагондардың ең алдымен берілуін қамтамасыз ету міндеттелсін.

Тыңайтқыштар мен химикаттар өндіретін Лисичанскі химия комбинатын салуға және неғұрлым тез іске қосуға зор маңыз беріп, ССР Одағының Министрлер Советіне бұл химия комбинаты құрылысының мерзімдерін және көлемін белгілеу, сол сыяқты Лисичанскі химия комбинатының 1947 жылы тездетіп салынуын қамтамасыз ету шараларын қолдану ұсынылсын.

14. ССР Одағының Министрлер Советі жаңындағы Главнефтснабқа және Қатынас жолдары Министрлігіне, егін жұмыстары маусымында МТСтар мен совхоздардың жұмыстағы тракторларын үздіксіз жабдықтап отыруға керекті мөлшерде ауыспалы запас жасау мақсатымен, мұнай базаларына мұнай майлары жеткізілуін қамтамасыз ету міндеттелсін.

VIII. КОЛХОЗДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҒЫНАН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ КОЛХОЗДАРДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ АРТЕЛІНІҢ УСТАВЫН БҰЗУДЫ ЖОЮ ЖӨНІНДЕ

1. Соңғы жылдардың ішінде көп облыстарда, өлкелерде, республикаларда колхоздарда Ауыл шаруашылық артелінің Уставын бұрмалауға және бұзуға жол берілгендігі, яғни, колхоздардың қоғамдық жері үлеске салынғандығы, колхоз мүлкінің — құрал-сайманының, малының, басқа да мүлкі мен ақша қаражатының талан-таражға салынғандығы, еңбек күнінің дұрыс жұмсалмағандығы, ауыл шаруашылық артелі істерін басқарудың демократиялық негіздерінің бұзылғандығы атап көрсетіліп, жергілікті партия және совет ұйымдары бұл бұзушылықтар мен бұрмалаушылықтарды ақырына дейін жоюға, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын барынша нығайтуға және колхоздарға басшылық ету ісін мықтап жақсартуға міндеттендірілсін.

2. Партияның колхоз құрылыстарындағы басты міндеті — ауыл шаруашылық артелін ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту, колхоздардың қоғамдық меншігін молайту болып табылады деп белгіленсін. Бұл өндірістің қоғамдық құралдарын — жұмыс көлігі мен өнім малын, тұқым қорын, мал азығы және сақтық қорларын, ауыл шаруашылық саймандарын сақтау және молайту үшін, ауыл шаруашылық өндірісінің көмекші салаларын өркендету, шаруашылық үй-қораларын салуды, артельдің бөлінбейтін қорларын молайту үшін партия және совет орындарының күнбе-күн қажырлы жұмыс істеуін, жауаптылықты арттыруын керек етеді.

3. Колхоздарда жерді пайдалануда иесіздік бары, яғни, егінші бригадаларға ауыспалы егіс танаптарында тұрақты учаскелердің кейде бекітіліп берілуі, кейде берілмеуі, оның егін шығымдылығын арттыруға кедергі болып отырғандығы үлкен кемшілік деп саналып, колхоздар бұл үлкен кемшілікті ең қысқа мерзім ішінде жоюлары керек және егінші бригадаларға ауыспалы егіс танаптарында тұрақты учаскелер, құрал-сайман, мал бекітіп берулері керек және егінші бригадалардың составы тұрақтамауына жол бермеулері керек деп танылсын. Оғалмалы, техникалық егістерді, овощь егістерін және тұқымдық учаскелерді, ал, мүмкін болған жерде дәнді егістерді де бекітіп беру үшін бригадалардың ішінде звенолар құрылсын.

4. Еңбек өнімділігін бұдан былай да көтеруде, егін шығымдылығын және мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда үлкен кедергі — колхоздарда орын тепкен еңбекке ақы төлеудегі, колхозшылар арасында еңбек күнді және колхоз табысын бөлудегі теңгермешілік болып отырғандығы, егін жұмыстарында және басқа жұмыстарда жеке сдельный мен ұсақ топтар сдельныйының жеткілікті қолданылмауы, ескі, төмен жұмыс нормаларының қолданылуы, содан келіп еңбек күнінің босқа жұмсалуды екендігі атап көрсетіліп, осы кемшіліктерді жою мақсатында ең таяу уақыттың ішінде жұмыс нормаларын және жұмысқа еңбек күн мен төленетін ақы мөлшерін қайта қарау керек, сөйтіп, өте маңызды жұмыстарда еңбекке ақының неғұрлым көп төленуін, екінші дәрежелі жұмыстарда ақының төмендетілуін қамтамасыз ету керек деп саналсын.

Еңбек күнді неғұрлым ұқыпты, дұрыс жұмсау үшін колхоздарға жұмыс үшін берілетін еңбек күн шығынын жылдың басынан-ақ жұмыстың жеке салалары және ауыл шаруашылық егістері бойынша жоспарлау ұсынылсын, орындалған жұмысқа лайық және бригадалар мен звенолар үшін еңбек күн жұмсау жоспарына сәйкес еңбек күннің дұрыс есептелуі қатаң бақыланатын болсын.

Колхоздарда табыс бөлгенде бригаданың жыйнаған егіні, ал бри-

гадаларда -- звенолардың жыйнаған егін есепке алынып, соған қарай бөлінетін болсын, сойтіп, егіннен өнімді мол алған бригадалар мен звенолардың колхозшылары тиісінше ақыны да көп алатын болсын, ал, егіннен өнімді аз алған бригадалар мен звенолардың колхозшылары еңбегіне ақыны да аз алатын болсын.

Осы негізгі қағидаларға сәйкес және жеке республикалардың, өлкелер мен облыстардың колхоздарының тәжірибесін еске алып, Үкмет жағындағы Колхоз істерін басқаратын Советке және ССР Одағы Ауыл шаруашылық Министрлігіне колхоздарда еңбек ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу істерін жақсарту, жұмыс нормаларын көтеру және еңбек күн жазуда тәртіп орнату жөнінде ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетіне ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

Жұмысқа жарайтын колхозшылардың еңбек күн табуының 1942 жылы көтеріңкі түрде белгіленген кем дегендегі міндетті мөлшерін сақтау керек деп саналсын.

Қосымша ақы төлеу туралы заңның қолданылуы барлық колхоздарда тегіс емес екені, сол сияқты, көп реттерде егін шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарды асыра орындағандық үшін тиісті қосымша ақының колхозшыларға уақытында берілмейтіндігі кешіргісіз деп саналып, колхозшыларға тиісті қосымша ақының уақытында берілуі қатаң бақыланатын болсын.

5. Жұмыс уақытын неғұрлым өнімді пайдалану және егінші, тракторшы, мал өсіруші бригадалардың колхозшыларына ауыл шаруашылық жұмыстары кезінде тиісті тұрмыс жағдайларын жасау мақсатында колхоздарға село мен деревнядан 8 километрден ары жердегі учаскелерде тұрақты егін қостарын құру ұсынылсын. Егін қостарында тұрақты және жазғы жатақханалар, кухня-асханалар салынсын; мал күту үшін керекті мал қоралары салынатын болсын; ауыл шаруашылық машиналары мен саймандарын сақтау үшін жаппалар мен сарайлар салынатын болсын.

6. Ауыл шаруашылығын өркендету міндеті колхоздарға агрономиялық және мал дәрігерлік жәрдемінің күшейтілуін керек ететіндігі ескеріліп, МТСтар мен аудандық ауыл шаруашылық бөлімдерінің агрономиялық учаскелерін нығайту үшін МТСтардың, аудандық ауыл шаруашылық бөлімдерінің агрономиялық учаскелеріне, сол сияқты, ірі колхоздарға 1947 жылы колхоздарға агрономиялық жәрдем көрсету үшін мекемелерден, басқармалардан, оқу орындарынан көптеген агрономдар жіберілуі керек деп табылсын.

Агрономиялық жағынан қамтуды тәртіптеу мақсатында, МТСтардың агрономиялық учаскелері МТСпен шарты бар колхоздарды қамтытын болсын, ал, МТСтың қамтуына кірмейтін колхоздарды аудандық ауыл шаруашылық бөлімдерінің агрономиялық учаскелері қамтытын болсын. МТС агрономдарының агрономиялық жұмысына аудандық ауыл шаруашылық бөлімі басшылық етіп бақылап отыратын болсын.

7. Агрономиялық, зоотехникалық және мал дәрігерлік жоғары дәрежелі оқу орындарын бітіріп шығатын адамдар МТСтарға, совхоздарға, колхоздарға, агрономиялық және мал дәрігерлік учаскелеріне жіберілетін болсын және керекті практикалық тәжірибе алу үшін бір жыл бойы стажировкадан өтетін болсын. Жоғары дәрежелі оқу орындарын бітіріп шыққан адамдар кіші агроном, кіші зоотехник және кіші мал дәрігерлік қызметтерінде стажировкадан өтеді.

8. Колхоздарда, совхоздарда, МТСтарда, агрономиялық учаскелерде, мал дәрігерлік учаскелерінде жұмыс істемейтін, қайта аппаратта жұмыс істейтін агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлері, инженерлер, механиктер және басқа ауыл шаруашылық мамандары колхоздар-

да, совхоздарда және МТС-тарда жұмыс істейтін тиісті қызметкерлерден жал ақыны 25 процент кем алатын болсын.

9. Қолхоз кадрларын — колхоз председателдерін, бригадирлерді, ферма бастықтарын, есепшілерді даярлау және білімін көтеру ісін жақсарту мақсатында 1947 жылы облыстарда, өлкелерде, республикаларда үлгілі оқу-тәжірибе шаруашылықтары бар бір жылдық және екі жылдық мемлекеттік мектептер ашу керек деп саналсын, ол мектептерден толық даярлығы бар басшы қызметкерлер шығарылатын болсын. Қолхоз председателдерінің қысқа мерзім ішінде білімін көтеру үшін әрбір облыста, өлкеде, республикада 1947 жылы алты айлық тұрақты курстар ашылсын.

Қолхоз өндірісінің мастерлерін — егіншілерді, мал өсірушілерді, бақшашыларды, овощшыларды, бал арасын өсірушілерді даярлауға зор маңыз беріліп, бір жылдық мемлекеттік ауыл шаруашылық мектептері көбейтілсін, сөйтіп, әрбір облыс, өлке және республика бұл кадрларды колхоздардың мұхтажын толық өтейтін мөлшерде даярлайтын болсын.

10. Агрономдарды тез даярлау керектігіне сүйеніп, оқу мерзімі үш жылдық облыстық агрономия мектептерін ашу қолайлы деп табылсын. Облыстық агрономиялық мектептерді бітіріп шығатын адамдарға кіші агроном атағы берілетін болсын.

IX. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕ

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жөніндегі 1940 жылы қабылданған саясат өзін түгелінен және толық ақтады деп біледі. Онда колхоздардың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімінен беретін міндетті тапсырмасы егіндік жердің немесе колхоз жерінің көлемінің әрбір гектарына есептелетін болып белгіленген болатын.

Міндетті тапсырманы есептеудің 1940 жылға дейінгі қолданылып келген тәртібі: оны егіс көлеміне қарай немесе малдың санына қарай есептеу колхоздардың қоғамдық колхоз шаруашылығын өркендетуге ынтасын жойды, колхоздарды егіс пен мал өсіру жоспары кем жасалуын көздеуге ұмтылдырды, егіс көлемін азайтуға жол ашты, жаңа жерлерді меңгеруге ынталандырмады.

Міндетті тапсырманы есептеудің жаңа принципі мемлекеттің колхоздарға мәңгі пайдалануға актмен жер бекітіп беруі сыяқты берік негізге сүйенеді. Бұл тәртіп колхоздардың қоғамдық егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендетуге ынтасын арттырды, дайындау жүйесіндегі кемшілікті — егіс көлемін арттырмайтын, фермалары немесе қоғамдық мал шаруашылығы жоқ артта қалған колхоздарға қарағанда, егіс көлемін арттырып, фермаларда малдың санын көбейткен алдыңғы қатарлы колхоздарды қолайсыз жағдайда қалдырып отыратын кемшілікті жойды.

Міндетті тапсырманы колхоздарға бекітілген егістік жердің әрбір гектарына есептеу жөніндегі заңның ауыл шаруашылығы үшін игілікті маңызы бар екенін түсінбейтін, колхоздардың қоғамдық шаруашылығына соғыс келтірген зыяның соншалықты елеулі болғанын естен шығаратын колхоз құрылысына қарсылар ғана ауыл шаруашылығын өркендету мүдделеріне сай келмегендіктен өзгертілген өнім дайындауды егіс көлеміне қарай жүргізу саясатына партияны кері сүйрейді.

Осы айтылғандарға сүйеніп, БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ауыл шаруашылығының өнімдерін дайындау жөнінде міндетті тапсырма егін шаруашылығы өнімінен алынатын болса, колхоздарға бекі-

тіліп берілген егістік жердің әрбір гектарынан, мал шаруашылығы өнімі алынатын болса, колхоздарға бекітіліп берілген жердің әрбір гектарынан есептеу саясатын мүлтіксіз қолдану тәртібі сөзсіз іске асырылуға тиіс деп біледі.

Сонымен қатар, қазіргі жағдайда бір әкімшілік ауданының барлық колхоздары үшін мемлекетке міндетті түрде астық тапсырудың бірыңғай нормасының орнына ауданда колхоздардың әртүрлі тобына қарай бірнеше норма қолдану хажеттігі туып отыр. Өйткені, мұндай тәртіп хажет болған жағдайларда бекітіліп берген жерді қаншалықты меңгергенін ескере отырып, міндетті түрде тапсырылатын астықтың мөлшерін тәртіптеуге колхоздарға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, колхоздарының жері көп, бірақ жұмысшы күші жеткіліксіз болғандықтан ол жерді меңгере алмай отырған аудандардағы колхоздардың мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру нормасын кеміту керек, ал, колхоздары жерін меңгерген, адам күші жеткілікті аудандардағы колхоздардың мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру нормасын арттыру керек.

1. ССР Одағы Министрлер Советіне 1947 жылғы 1 майдан кешіктірмей колхоздар мемлекетке міндетті түрде астық тапсыруының түпкілікті дербес нормаларын белгілеу, бір әкімшілік ауданда бірнеше норма қолданылуына жол беру тапсырылсын.

2. Мемлекетке міндетті түрде астық және күріш тапсырудың нормасы МТС қамтуынан тыс колхоздарда сол аудандағы МТС-тың қамтуындағы колхоздар үшін белгіленген нормадан 25 процент артық болуға тиіс.

3. Бидай мен қара бидай орнына сұлы, арпа және тары өткізу жөніндегі мөлшер теріс және кем белгіленген деп танылсын.

Не гүрлым бағалы азық-түлік егісі — бидай мен қарабидайды өндіруге, мемлекетке тапсыруға ынталандыру мақсатымен бидай мен қара бидай тапсыру жөніндегі міндеттемені орындау есебіне сұлы, арпа, тары алу мөлшерін артық белгілеу хажет деп табылсын. Бұл ССР Одағы Үкметі ерекше жағдай ретінде колхоздардан, шаруалар шаруашылықтарынан мемлекетке бидай мен қара бидай тапсыру жөніндегі міндеттемені орындау есебіне сұлы, арпа және тары қабылдауға рұхсат еткен реттерде ғана істелсін. 1947 жылғы өнімнен бастап бидай мен қара бидайдың орнына дайындалатын және ауыстырылатын өнім мөлшері мындай болып белгіленсін: 1 пұт бидай — 2 пұт сұлаға, 1 пұт 30 қадақ арпаға, 1 пұт 20 қадақ тарыға тең; 1 пұт қара бидай — 1 пұт 30 қадақ сұлыға, 1 пұт 20 қадақ арпаға, 1 пұт 10 қадақ тарыға тең болсын.

ССР Одағы Министрлер Советіне колхоздар мен шаруалар шаруашылықтарының жем егістерін тапсыру мөлшерін тиісінше кеміте отырып, осының есебінен 1947 жылғы өнімнен тапсырылатын бидай мен қара бидайды көбейту тапсырылсын.

4. Дәнді, майлы және техникалық егістердің, екпе шөп пен картоп тұқымдылығының өнімділігі және егіс көлемі жөніндегі мәліметтердің саяси және халық шаруашылық маңызы еске алынып, ССР Одағы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жанынан егін өнімін ашықтайтын Мемлекеттік инспекция құру хажет деп танылсын.

5. Міндетті тапсырма жөніндегі заңның мүлтіксіз орындалуын және 1947 жылы астық дайындаудың мемлекеттік жоспары әрбір ауданда, әрбір колхозда және совхозда заң бойынша тағайындалған мерзімінде сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия және совет ұйымдарының аса маңызды міндеті деп табылсын.

Партия және совет ұйымдарына астық дайындауды егін жый-

наудың алғашқы күндерінен өрістетуге, өткен жылғы қателерге жол бермеу міндеттелсін. Өткен жылы астық тапсыру қарқыны астық бастыру қарқынынан кейін қалып отырды немесе астық бастыру ұзаққа созылды. Осының салдарынан бірсыпыра аудандар, мен колхоздарда астық дайындау жоспары орындалмай қалып отырды.

Астық бастырудың алғашқы күндерінен бастап әрбір колхоз, әрбір совхоз мемлекетке астық тапсыруға күн сайын қатысып отыратын болуы көзделсін, оларға астық дайындау жоспары толық орындалғанға дейін партия және совет орындары басшылық ықпалын жүргізіп отырсын. Мұнда әсіресе, артта қалған колхоздарға, совхоздар мен аудандарға ерекше көңіл бөлінетін болсын.

6. Елімізді мал шаруашылығы өнімімен қамтамасыз етудің және бұл өнімдерден мемлекет қорын жасау хажеттігінің ерекше маңызы ескеріліп, облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия және совет ұйымдарына мал шаруашылығының өнімін дайындауға басшылықты мықтап күшейту, мал шаруашылығының өнімін дайындаудың мемлекеттік жоспарларын колхоздар, совхоздар және шаруалар шаруашылықтары дер кезінде орындауын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Х. ДЕРЕВНЯДА ПАРТИЯ-САЯСАТ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕ

1. БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде партия алдында тұрған міндеттер партия ұйымдарын деревняда саяси жұмысты кең өрістетуді, ол міндеттерді еңбекшілерге түсіндіруді, оларды ұйымдастырып, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, бұрынғыдан да өркендету күресіне жұмылдыруды, бұкарамен байланысты бұрынғыдан да нығайта беруді міндеттейді деп біледі. Деревнядағы жұмыста кездесіп отырған ірі кемшіліктерді, ең алдымен басшы кадрлардың кейбір бөлегі әлі де болса колхоздарға бейқам қараушылығын, колхоз құрылысында партия жолының бұрмалануына жол беруін, деревняда хажетті дәрежеде ұйымдастыру және саясат жұмыстарын жүргізбеуін жою хажет. Аудандардың, облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия және совет орындарының басшы қызметкерлері колхоздарға үнемі барып тұратын болуы, саяси және ұйымдастыру-партия жұмысын жүргізуге тікелей қатысуы, колхозшылармен әңгіме және жыйылыс өткізіліп тұруы, бастауыш партия ұйымдарында партия және саясат жұмысын жолға қоюмен шұғылданып отыратын болуы хажет.

2. Облыстық, өлкелік комитеттерге және одақтас республикалардың компартияларының Орталық Комитеттеріне селодағы аудандық партия комитеттеріне басшылықты жақсарту, аудандық партия комитеттері колхоздардың жайына және өркендеуіне жауаптылығын толық түсінетін ету, колхоз өмірінің екжей-текжейін терең біліп, әрбір колхозды нығайту шараларын қолданып отыратын ету міндеттелсін.

3. МТСтарда директордың саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болуы хажет деп танылсын.

МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары МТС-тың жұмысын жақсартуды, МТСтар мен колхоздардың арасында өзара қарым-қатынас дұрыс болуын қамтамасыз етуді көздеуге, колхоздар мен МТСтар жасасқан шарттарын мүлтіксіз орындауын қадағалауға, бұл қарым-қатынаста МТСтың немесе колхоздардың жұмысындағы кемшілікті өзара бұркеушілік болмауын қадағалауға тиіс. МТС директорларының саяси жұмыс жөніндегі орынбасарлары МТСтың партия ұйымдарының жұмысын жақсартуды, МТСтың тракторшылары, комбайншылары тағы басқа қызметкерлері арасында саяси, тәрбие жұмысын кең өрістетуді қамтамасыз етуге тиіс.

* * *

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы ауыл шаруашылығын тезірек қалпына келтіру және өркендету ісіне бірінші дәрежелі маңыз береді, бұл ССР Одағының бүкіл халық шаруашылығын ойдағыдай өркендетудің және халықтың әл-ауқат дәрежесін жақсарту беруді қамтамасыз етудің хажетті шарты болып табылады деп есептейді. Біздің бүкіл мемлекетіміз үшін аса зор маңызы бар осы міндетті шешуге партия, совет ұйымдары, колхозшылар, совхоздар мен МТС жұмысшылары, ауыл шаруашылығының мамандары, ауыл шаруашылығының заказын орындап жатқан өнеркәсіптің жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері баса көңіл бөлуі тиіс.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы партия және совет орындарына өндірісті ұйымдастыруда МТСтарға, колхоздар мен совхоздарға көмекті күшейтуді, егіс жұмыстарының сапасын мықтап жақсарту, колхоздар мен совхоздардың егіс даласында алдыңғы қатарлы агротехниканы қолдану, колхозды деревняның адам және заттық-техникалық қорын толық пайдалану негізінде ауыл шаруашылық егістерінің өнімін мейлінше арттыра беру жолындағы күреске колхозшыларды, совхоздардың, МТСтардың жұмысшыларын ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандарын жұмылдыруды, осы күреске күнделікті бас болып отыруды міндеттейді.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы барлық колхоздарда, МТСта, совхоздарда және барлық шаруалар шаруашылықтарында 1947 жылы көктемгі егіске әзірлікті дер кезінде аяқтау, көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай өткізу аса маңызды шаруашылық-саяси міндет болып табылады деп санайды.

Халықаралық әйелдер күні—8 март туралы БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы

Быйылғы жылы Халықаралық әйелдер күні — 8 март Ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдығына әзірлікпен тұстас келіп отыр. Октябрь революциясы тудырған социалистік құрылыс біздің отанымызды қуатты социалистік мемлекетке айналдырды, совет халқына жеңілмес ұлы күш берді. Біздің еліміздің жұмысшылары, шаруалары, интеллигенциясы жаңа бесжылдықтың бірінші жылының жоспарын ойдағыдай орындап, бесжылдықтың екінші жылының жоспарын 7 ноябрьге дейін орындау жолында социалистік жарысты өрістетті, халық шаруашылығының барлық салаларын өркендету қарқынды күшейте беру жолында, соғыстан кейінгі қиыншылықтарды мейлінше тез жою жолында жан аямай күресуде.

Жаңа бесжылдық жоспардың тарихи міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі аса зор құрылыс жұмысында совет әйелдерінің ролі үлкен және жауапты. Совет құрылысы және халық шаруашылығының социалистік системасы еліміздің бүкіл саяси және шаруашылық тіршілігіне әйелдердің белсене қатысуын қамтамасыз етеді. Әйелдерге еркектермен тең саяси праволар берілуі, еңбекші әйелдердің мемлекет және мәдениет құрылысына қатыстырылуы, олардың жаңа коммунистік қоғамның белсенді құрылысшыларына айналдырылуы — совет құрылысының аса зор жеңісі болып табылады. Ленин — Сталин партиясының басшылығы арқасында әйелдер совет өкметінің революциялық жеңісіне, бейбіт құрылыс жылдарындағы жанқиярлық еңбекке, Ұлы Отан соғысында Отанымызды қаһармандықпен қорғауға белсене қатысты және қазір, өздерінің әкелерімен, ерлерімен, аға-інілерімен, ұлдарымен бірге, біздің елімізде коммунизм орнату жолында ойдағыдай күресуде.

Совет әйелдерінің Ленин — Сталин партиясына өлшеусіз сенетіндігі, социализм идеяларына олардың берілгендігі ССР Одағы Жоғарғы Советінің, одақтас және автономиялық республикалардың Жоғарғы Советтерінің сайлауы кезінде өте айқын көрінді. Отаншыл совет әйелдері коммунистер мен партияда жоқтар одағы ұсынған кандидаттарды жақтап бірауыздан дауыс берді. Советтер Одағының таңдаулы қыздары халықтың зор сеніміне ие болып, өкмет билігінің жоғарғы орындарына сайланды. ССР Одағы Жоғарғы Советіне 277 әйел, одақтас және автономиялық республикалардың Жоғарғы Советтеріне 1.700-ден аса әйел сайланды.

Сталиндік жаңа бесжылдықта Советтер Одағының еңбекшілері алдына шаруашылық және мәдениет құрылысы жөнінде зор міндеттер қойылып отыр. Совет әйелдері соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықтың жоспарын ойдағыдай толық және асыра орындау мүддесін, соғыстың ауыр зардабын мейлінше тез жою мүддесін көздеп отыр.

Миллиондаған совет әйелдері өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын бұдан былай да өркендете беру жолында, совет ғылымы мен техникасын тез өркендету жолында жан аямай күресуде. Жұмысшы әйелдердің арасында еңбек өнімділігі артуын, өнімнің түсер бағасы арзандауын, шығарылатын өнімнің сапасы жақсы болуын қамтамасыз еткен

көрнекті өндіріс ұйымдастырушылары, өндіріс жаңашылдары аз емес. Көп мыңдаған әйелдер өнеркәсіптің шешуші учаскелерінде инженер және техник болып, кәсіп орындарында цех бастығы, смена мастері, бригадир болып жұмыс істеп жүр.

Совет әйелдерінің, әсіресе, ауыл шаруашылығында, колхоз құрылысын өркендетуде және нығайтуда алатын орны үлкен. Колхоз құрылысы шаруа әйелге еркекпен тең право беріп қана қойған жоқ, оның мәдениет жағынан өсуіне мол мүмкіндіктер берді, оны совет мемлекетінің қоғамдық жұмысына белсене қатыстырды. Колхоз қозғалысы сан мыңдаған тамаша, қаблетті колхозшы әйелдерді басшы орындарға көтерді. Ұлы Отан соғысы жылдарында колхозшы әйелдер ауыл шаруашылығындағы еңбектің ауыр салмағын өзі көтеріп шықты. Совет Армиясын және елімізді астықпен тағы басқа ауыл шаруашылық азықтарымен қамтамасыз етіп отырды. Шаруа әйелдер соғыстың ауыр зардабын және 1946 жылдың қуаңшылығының зардабын жою жолында, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайта беру және кенейте беру жолында, советтің егін даласында тұрақты мол өнім алуды қамтамасыз ету жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Совет әйелдерінің ғылым мен мәдениет жөнінде сіңірген еңбегі зор. Көп әйелдерге ғылым мен техника, әдебиет пен көркем өнер жөніндегі көрнекті еңбектері үшін Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген хұрметті атақ берілді. ССР Одағы Конституциясында заң жүзінде баянды етілген білім алу правосын толық пайдалана отырып, әйелдер ысылған маман болуда, совет қоғамының өскелең, мәдени күшіне айналуда. Көп мыңдаған совет әйелдері, мәдениет және ағарту қызметкерлері дүниеге советтік көзқарас рухында жас ұрпаққа тәрбие беру жөнінде үлкен және хұрметті жұмыс жүргізуде. Советтер елінің мектептерінде 760 мыңнан астам әйел педагог болып жұмыс істейді.

Отанымыздың болашағы болып табылатын жас өспірімдерге тәрбие беруші ана-әйелдердің еңбегі айрықша зор. Отаншыл совет әйелдері даңқты совет жастарын тәрбиелеп өсірді. Бұл совет жастары Ұлы Отан соғысында Ленин—Сталин партиясына өлшеусіз берілгендігін және Отанға сүйіспеншілігін ыспаттады, қазір соғыстан кейінгі уақыттың қыйыншылықтарын қаһармандықпен жеңуде және еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтіру, бұрынғыдан әрі өркендету жолында белсене күресуде. Совет мемлекеті ана әйелдерге зор қамқорлық істеп отырады, бала тәрбиелеуге едәуір қаражат бөліп отырады. Мемлекет көп балалы және жалғыз басты аналарға жәрдем көрсетуге 1947 жылы 5,9 миллиард сом қаражат бөлді. 1.700 мыңдай әйел «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалі» медалімен наградталды.

18 мыңнан астам әйел «Ардақты ана» деген хұрметті атақ алды. Совет әйелдері өздерінің болашағына толық сенеді. Біздің еліміздің барлық еңбекшілері сыяқты, оларға капиталистік қоғамда миллиондаған әйелдер душар болып отырған жұмыссыздыққа және басқа әлеуметтік апаттарға ұшырау хауіпі жоқ. Алдыңғы қатарлы советтік қоғам құрылысы әйелдің және оның балаларының барлық жағынан бірдей өсуіне кеңінен жол ашты. Совет әйелдері өз елін шын жүректен жақсы көреді, туысқан коммунистік партияға шексіз берілген және халық шаруашылығын қалпына келтірудің және бұрынғыдан әрі өркендетудің, Советтер Одағының күш-қуатын арттырудың айбынды программасын барынша тез орындау жолындағы қыйыншылықтардың бәрін жоюға әзір.

БК(б)П Орталық Комитеті барлық партия ұйымдарына Халықаралық әйелдер күні — 8 мартты еңбекші әйелдердің барлық күшін жаңа бесжылдық жоспардың екінші жылының тапсырмаларын ойда-

ғыдай толық және асыра орындауға жұмылдыру уранымен өткізуді тапсырады. Партия ұйымдары совет әйелдерінің белсенділігін халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендете беру қарқынын барынша шапшаңдатуға, өндіріс техникасын меңгеруге және еңбек өнімділігін барынша арттыруға жұмсаулары тиіс. Большевиктер партиясы Орталық Комитетінің февраль пленумы «Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы» тарихи қаулысында таяу уақыттың ішінде халқымыз үшін азық-түлік молшылығын, жеңіл өнеркәсіп үшін шикі зат молшылығын туғызатындай етіп ауыл шаруашылығын өркендету — жедел орындайтын міндет болып табылады деп алға қойды. Советтің шаруа әйелдері осы міндетті орындауға бар күштерін жұмсауға тиіс, советтің егін даласында егіс көлемінің кеңеюін, егін шығымдылығының артуын, мал санының бұдан былай да көбейе беруін, мал шаруашылығының өнімділігі артуын қамтамасыз етіп отыруға тиіс.

БК(б)П Орталық Комитеті партия ұйымдарынан соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі уақытта Ленин — Сталин ісіне берілгендігін көрсеткен алдыңғы қатарлы әйелдерді социалистік құрылыстың барлық учаскелерінде жетекші қызметтерге неғұрлым батыл жоғарылатуды талап етеді.

Партия, совет, кәсіпшілер одағы және жұртшылық ұйымдары ана-әйелдерге қамқорлықты күштейтүлері тиіс, жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісінде ана-әйелдерге үздіксіз көмек көрсетіп отырулары тиіс. Екі қабат әйелдерге, босанған әйелдерге, көп балалы және жалғыз басты аналарға жәрдем көрсету туралы, әйел босанатын үйлер мен балалар үйлерін көбейту туралы, совет әйелдерінің еңбек және тұрмыс жағдайларын барынша жақсарту туралы совет мемлекетінің қаулыларының орындалуын үздіксіз бақылап отыру керек.

Партия ұйымдары бұдан былайғы жерде де әйелдердің арасында совет отаншылдығын және өздерінің ұлы Отаны үшін мақтаныш сезімін күшейтіп, нығайта беруге тиіс, әйелдердің саяси саналылығын арттыра беруге тиіс.

Совет әйелдері! Ленин — Сталин партиясының төңрегінә берік топтала түсіндер! Совет мемлекетін нығайта беру жолында, біздің социалистік Отанымызды көркейте беру жолында күресіндер!

Әйел жұмысшылар, инженерлер мен техниктер! Халық шаруашылығының барлық салаларында қалпына келтіру және құрылыс қарқынын қажымай күшейте беріндер, еңбек өнімділігін арттыра беріндер! Соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықтың екінші жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында Бүкіл Одақтық социалистік жарысқа қосылыңдар!

Шаруа әйелдер, МТСтар мен совхоздардың әйел жұмысшылары, агрономдар және ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлері! 1947 жылы көктемгі егісті үлгілі өткізейік! Социалистік ауыл шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету қарқынының мықтап арттырылуын қамтамасыз етейік, халықты азық-түлікпен, ал, өнеркәсіпті шикі затпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етейік!

Колхозшы әйелдер! Колхоздардың қоғамдық шаруашылығын барынша нығайтыңдар! Колхоз тұрмысының негізгі заңы — ауыл шаруашылық артелі Уставын қатаң қолданыңдар, колхоз табысын молайтыңдар, еңбек күннің ақысы мол болуын қамтамасыз етіп отырыңдар!

Ғылым мен техника қызметкері — әйелдер! Ғылым мен техниканы жаңа зерттеулермен, өнер табумен, жаналықтармен байытыңдар! Еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларында техниканы бұдан былай да алға басуын қамтамасыз етейік!

Әйел оқытушылар, халық ағарту және мәдениет қызметкерлері!

Біздің Отанымызға шексіз берілген білімді және мәдениетті адамдарды тәрбиелеңдер! Біздің елімізде халық ағарту ісі мен мәдениеттің көркейе беруі жолында күресіндер!

Медицина қызметкері — әйелдер! Қала мен деревняда емдеу және санитария орындарының жұмысын жақсартыңдар! Халыққа медицина жәрдемін көрсету сапасын арттырыңдар!

Совет мекемелерінің қызметші әйелдері! Совет мекемесінің жұмысын жақсартыңдар! Совет заңдарының мүлтіксіз орындалуы үшін күресіндер, еңбекшілердің тілектері мен мұхтаждарына құлақ қойып отырыңдар!

Советтер Одағының әйелдері! Отап соғысының мүгедектеріне, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында өмірін қыйған қаһарман совет жауынгерлерінің семьяларына қамқорлықты күшейтейік! Жетім балаларды аналық қамқорлыққа бөлеп, мәпелейік!

Барлық елдердің еңбекші әйелдері! Фашизмнің түп-тамырын толық жою үшін күресіндер! Жана соғыс өртін тұтатушыларды әшкерелеп, ауыздықтаңдар, халықтар арасында тыянақты және ұзақ бейбітшілік орнату жолында, бостандық пен демократия жолында күресіндер!

Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті Советтер Одағының барлық еңбекші әйелдерін құттықтайды және социалистік шаруашылықты өркендету қарқынын күшейту жолында, соғыстан кейінгі қыйыншылықтарды тез жою жолында, жана бесжылдық жоспарды толық және асыра орындау жолында, совет халқының әл-ауқат күйін жақсарту беру, мәдениетін арттыру жолында совет әйелдері бұдан былайғы жерде де алдыңғы қатардағы күресуші болады және советтік Отанды гүлдендіре беру ісіне өздерінің барлық жігері мен творчестволық күштерін жұмсайды деп берік сенім білдіреді.

**БҮКІЛ ОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ (большевиктер)
ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ!**

462114

М А З М Ұ Н Ы

	Беті.
Басмақала — Ауыл шаруашылығын соғыстан кейін өркендетудің жауынгерлік программасы	1
Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы, БК(б)П Орталық Комитеті Пленумының Андреев жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысы.	13
Халықаралық әйелдер күні — 8 март туралы БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы.	53

«БОЛЬШЕВИК ҚАЗАХСТАНА» № 3 (на казахском языке).

УГ01198
Изд. № 225
Тираж 7000 экз.

ШЫҒАРУШЫЛАР АЛҚАСЫ:
М. Әбдіхалыков (редактор), М. Жуланов,
Н. Заленский, Б. Степанов, Ф. Сафонов,
Н. Сауранбаев, Н. Тимофеев.

Подписано к печати 24-IV-1947 г. Цена 50 коп. 3,5 п. л. Уч.-авт. л. 5. Зак. 296

г. Алма-Ата, типография ЦК КП(б) Казахстана.